
**ГУМАНИТАРЛЫҚ ҒЫЛЫМДАР
ГУМАНИТАРНЫЕ НАУКИ**

УДК 801.313.1

УПОТРЕБЛЕНИЕ ИМЕН СОБСТВЕННЫХ В ХУДОЖЕСТВЕННЫХ ТЕКСТАХД.М.Ахметова
ЮКГИ им.М.Сапарбаева, г.Шымкент

Имена собственные живут в языке своей особой жизнью, независимо от экономического развития страны или от смены исторических формаций. Они очень легко вбирают в себя слова, актуальные для отдельных эпох, но развиваются по законам языка и с общественной жизнью связаны опосредственно, через язык. Имена собственные присваиваются в индивидуальном порядке каждому предмету, имеющему свое имя нарицательное: человеку, городу, реке, животному, птице, игрушкам, а иной раз и отдельно стоящему дереву или особо любимому цветку, камню и т.п. В комедии Н.В.Гоголя «Игроки» даже колода карт имеет персональное имя – Аделаида Ивановна.

Антропонимика, как наука о собственных именах, закономерностях их образования развития и функционирования давно привлекает к себе большой интерес. В ономастике отражается культура во всех проявлениях, в широком и узком смысле этого слова. С одной стороны, имена создаются в языке, и в этом отношении первое и главное для них – духовная культура. С другой стороны, имена собственные как слово, живо реагируют на любые факты не только духовной, но и материальной культуры. Каждая культура порождает определенные типы собственных имен, в каждом имени отражаются крупницы данной культуры.

Собственные имена считаются самыми общими и самыми индивидуальными, самыми международными и самыми национальными словами.

Национальные имена отражают особенности национальной культуры, при этом в одних именах культурно-исторический потенциал проявляется ярче, в других – менее интенсивно, но едва ли можно найти хотя бы одно имя, так или иначе не связанное с культурой народа, его создавшего или употребляющего.

С древних времен собственные имена требовали особого внимания. В них таилась магическая сила, власть, страх. Первыми исследователями имен собственных и были философы, логики, которые пытались раскрыть величие имен собственных. Исследователи характеризуют личные имена как кладезь мудрости, сокровищницу тайн. Это означает, что в них происходит скрещивание сил добра и зла, находит отражение способность слова возвышать, возвеличивать человека.

О личных именах написано немало. Тем не менее, мы снова и снова возвращаемся к этой теме, потому что личное имя – это знак, на основе которого индивидуализируется и определяется личность. Без имени нельзя представить человека, как и, впрочем, всего живого и неживого. Имена, их значение, происхождение всегда волновали и будут волновать людей.

В художественной литературе понятия писателями законы жизни предстают в определенных типах. Утверждая всегда определенные идеалы, писатели выступают как мастера человековедения, формирующие красоту человеческих характеров. Осуществление этой задачи происходит путем создания образов, представляющих собой изображение типического в особенном, в свете авторского понимания и оценки. Это значит, что из многочисленных субъективных замыслов и образов, имеющих у каждого художника, воплощаются лишь те, которые больше всего соответствуют закономерностям объективной действительности и той социаль-

ной направленности, которая свойственна классовому сознанию данного художника. На необходимость помнить об этом свойстве литературного изображения неоднократно указывал Н.Г.Чернышевский. Он отмечал несостоятельность тех, кто считал, что создание типа основано лишь на отборе общих черт, а индивидуальные черты якобы в расчет не принимаются. Именно изображение писателями общего как единичного, по мнению Чернышевского, один из важнейших принципов художественной литературы, и у каждого писателя эта типизация принимает своеобразный характер.

Создавая художественный образ, писатель воплощает в нем определенный идейный замысел, а это значит, что образ раскрывается в свете мировоззрения, которое присуще данному писателю.

В художественных образах всегда отчетливо видна позиция автора, прямая, открытая, наступательная или же замаскированная, сдержанная. Отношение писателя к изображаемому герою проявляется во всей совокупности элементов образа – в имени героя и показе его внешности, речи персонажа, показе взаимоотношений героя с другими персонажами, противопоставлении героев. Позиция автора проявляется и в лексике, и в синтаксических фигурах, и даже в звуковой организации поэтической речи. Все это носит в творчестве каждого писателя сугубо индивидуальный характер и зависит от тех задач, которые художник ставит перед собой.

Если вспомнить об именах персонажей в художественной литературе и фольклоре, то можно представить себе огромное по своим размерам ономастическое пространство, анализ которого требует применения, наряду с другими методами, особого стилистического метода с множеством разнообразных лингвистических, литературоведческих, а также комплексных филологических методик и приемов. «Вопрос о подборе имен, фамилий, прозвищ в художественной литературе, о структурных их своеобразиях в разных жанрах и стилях, об их образных характеристических функциях и т.п. не может быть проиллюстрирован немногими примерами. Это очень большая и сложная тема стилистики художественной литературы,»-указывал академик В.В. Виноградов [1].

Любое имя собственное может быть включено в структуру художественного текста, и тогда оно приобретает множество дополнительных функций и признаков.

Собственное имя в художественной речи приобретает эстетическую значимость и выступает как лингвостилистическая и своеобразная эстетическая категория. Исследователи неоднократно подчеркивали текстообразующую роль и эстетическую ценность каждой единицы художественного текста. «Л.Толстой не раз выражал ту мысль, что в художественном произведении каждое слово должно быть внутренне оправдано, мотивировано и связано с композицией»,-писал академик В.В.Виноградов [2].

Имена собственные в художественных произведениях тесно связаны с окружающими текстами, где они находятся в тесной зависимости от ближайшего и общего контекста.

Собственные имена в структуре художественного произведения приобретают особые функции, и ведущей из них оказывается стилистическая.

Собственные имена художественного произведения – это не произвольная сумма онимических единиц, а системно организованная совокупность имен собственных, функционирующая в художественном тексте. Надо отметить то, что состав, количественный объем, тематические группы собственных имен подчинены главной теме и идее художественного произведения.

В тексте художественного произведения собственные имена приобретают стилистико-эстетические функции, так как, по мнению Б.А.Ларина [3], эстетические свойства определяют систему применения языковых элементов в литературном творчестве. Слово в художественном тексте существует в измененной функции – эстетической и вступает в иные и системные выражения, навязываемые ему системой идиалекта. Степень насыщенности художественных текстов собственными именами может быть различной, но они играют важную роль в создании текста любого типа. Ономастичность помогает создать писателю свой особый ономастический мир, который наряду с другими средствами языкового стиля выражает тему, идею, образность художественного произведения.

Только в творческом контексте собственные имена функциональны, значимы, выражают в своих речевых реализациях художественно-эстетические идеалы писателя, связаны с мировоззрением художника, несут на себе печать творческой самобытности.

Литература

1. Виноградов В.В. Стилистика. Теория поэтической речи. Поэтика. - М., 1963.-С.38.
2. Виноградов В.В. Проблемы русской стилистики. - М.: Высшая школа, 1981.-127 с.
3. Ларин Б.А. Эстетика слова и язык писателя. - Л., 1974.-68 с.

Қорытынды

Ғылыми мақалада жазушылардың көркем-эстетикалық идеяларын сипаттайтын, көркем тексттегі жалқы есімдердің қызметі қарастырылған.

Summary

The function of personal names in artistic texts is observed in this article. The symbolic aesthetic role of personal names in works of art is considered.

ӨОЖ 31.12.7. (574)

ҚАЗАҚСТАННЫҢ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ЖАҒДАЙЫ

Ә.С.Әлімқұлова

М.Х.Дулати атындағы ТарМУ, Тараз қ.

Егеменді еліміздің тарихи-әлеуметтік, саяси-экономикалық және мәдени даму жолдары ең алдымен өз халқының өсіп-өну серпіні және әлеуметтік құрамындағы күрделі өзгерістерге байланысты. Қазақтардың ұлттық мемлекеті қазіргі Қазақстан территориясында ерте кезде, біздің дәуіріміздің XIV-XV ғасырға дейін қалыптасқан. Қазақстанның Ресей империясының құрамына XVIII-ғасырға кіргені белгілі. Бірінші халық санағы Ресей империясында 1897 жылы 9 ақпанда өткізілді. XIX-ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында қазақтардың республика аймақтарында дәстүрлі орналасуы көп өзгере қойған жоқ. Айталық, 1897 жылы қазіргі Қазақстан аумағында 3 миллион 392 мың қазақтар тұрды, олар бүкіл халықтың 81,8 % құрады. Қазақтардың ең жоғарғы көрсеткіші Семей және Торғай өңірлерінде болды. Қазақтардың саны қалаларда аз болды. Оның басты себебі, көпке дейін ауыл шаруашылығында көңіл бөлінгендіктен, қалалар өте баяу дамыды. Қазақ халқының 1897 жылы 6,7%-ы ғана қалаларда тұрды. Оның көпшілігі орыстар мен татарлар, ал қазақтар бар болғаны 1,2 %-ды ғана құрады. Ресей империясында 1897 жылы жүргізілген санақ бойынша, қазақ жерінде орыстардың саны 457,4 мыңды (11%), ал басқа ұлттар 300,6 мыңды құраған.

XX ғасырдың басында демографиялық үрдістің негізінің қалануы, өзінің туған жерінде қазақ халқының этникалық азаюына себепші болды. Бұл үрдіс 1916 жылы Ақмола және Жетісу өңірлерінің аумағында басталды, онда қазақтар тек 33,3%-ды және 42,4%-ды ғана құраған.

Қазақстанда халықтың табиғи өсуі 1926-1959 жылдары жалпы КСРО деңгейіне қарағанда, едәуір жоғары болғанын көреміз. Кеңестер Одағының ыдырауы мен жаңа құрылған тәуелсіз мемлекеттердің нарықтық қатынасқа ауысқан өтпелі кезеңі күрделі демографиялық өзгерістер мен көші-қон толқындарын туғызды. Бұл жағдайды Қазақстан Республикасы да бастан кешіруге мәжбүр болады. Бұл кезеңдегі демографиялық үдерістердің негізгі ерекшелігі-халықтардың жалпы санының азаюы, өлім-жітімнің көбеюі, бала туудың кемуі, осының нәтижесінде табиғи өсімнің құлдырауы. Осы келеңсіз теріс бағыттарға қоса, Республикadan алыс және жақын жерлерге бағыт алған көші-қон толқындарының кең өрістеуі де халық санын күрт төмендетіп жіберілді. Қазақстан халқы Ресейге бодан болғаннан бастап, Кеңес заманында да, негізінен, сырттан келген келімсектер көші-қоны нәтижесінде өсіп, 1897 жылы 4,147,7 мыңнан 1989 жылы 16,464,4 мыңға жетіп, осы 92 жыл ішінде 4 есеге жуық көбейгенін айта

кеткен жөн. Қазақстанға көшіп келушілерден гөрі көшіп кетушілердің басым бола бастауы 1970 жылдардан басталғанымен, Республика халқының саны табиғи өсім (қазақ, өзбек, ұйғыр және т.б. тұрақты тұрғындар есебінен) нәтижесінде 1980 жылдардың аяғына дейін өсе түсті. Осы жылдар арасында 1,675,5 мыңға, яғни 12,9% көбейген. 1989 жылы халық санағы бойынша, Республикада қазақтар-39,7%, орыстар-37,8%, украиндар-5,4%, белорустар-1,1%, немістер-5,8%, татарлар-2,0%, өзбектер-2,7%, ұйғырлар-1,1%, кәрістер-0,6%, әзірбайжандар-0,6%, басқа ұлт өкілдері-3,8% еді.

Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарындағы демографиялық дағдарыстың ең ауыр нәтижесі – Қазақстан халқы 1989-1999 жылдар аралығында 1,5 миллионнан астам адамға, яғни 8,2 % азайды, халық саны азаюы 2002 жылға созылып, 2003 жылдан бастап аз да болса өсе бастады. 2005 жылдың басында 15 миллионнан аз ғана асты. Бұл жағдайдың негізгі себебі тек 1991-1999 жылдар арасында сыртқы кеткен көші-қоны нәтижесінде Республика халқы 1 миллион 854 мыңнан астам адамға кеміді. Сыртқы кеткендердің басым көпшілігі өз тарихи отандарына қайта оралғандар еді, олардың ішінде тек 1993-1998 жылдары 1 миллионнан астам шығыс славяндар, 400 мыңға жуық немістер болды. 2005 жылының басында Қазақстан халқының саны 15 миллионнан асып, ұлттық құрамы төмендегідей болды: қазақтар саны-8,725,206 адамға жетіп, үлесі 57,9%-ға көтерілді, ал орыстар-4,024,357-26,7%, украиндар-458993-3,0%, өзбектер-419529-2,8%, немістер-228123-1,5%, татарлар-231236-1,5%, ұйғырлар-226513-1,5%, кәрістер-1000982-0,7%, белорустар-94214-0,6%, әзербайжандар-86138-0,57%, түріктер-84035-0,55%, басқалар-395441-2,6%.

1989-2005 жылдары қазақ саны 2 миллион 228,3 мыңға, яғни 34,2% өсті. Қазақтар Батыс және Оңтүстік аймақтарда недәуір басым болды. 1999 жылы Қызылорда облысында-94,2%, Атырау облысында - 89,0%, Маңғыстау - 78,7%, Ақтөбе - 70,7%, Оңтүстік Қазақстан - 67,6%, Батыс Қазақстан облысында - 64,7%. Ал, Солтүстік және Орталық Қазақстанда қазақтар әлі де аз болды, олар халықтар үштен бірінен төмен, не аз ғана жоғары еді. Солтүстік Қазақстан облысында - 29,5%, Қостанай - 31,1%, Ақмола - 37,4%, Қарағанды - 37,6%, Павлодар - 38,2%, Шығыс Қазақстанда қазақтар халықтың жартысында жетпеді - 48,5%. Дегенмен, кейінгі жылдары барлық облыстарда дерлік қазақтар саны мен үлесі өсе түскені байқалады. Бұл кезеңде ауылдағы жұмыссыздықтан қазақтардың қалаға бет бұрғаны айқын көрінгенімен, олардың әлі де жартысынан көбі ауылдық жерде қоныс тепкен. Дегенмен, қала тұрғындары арасында қазақтар үлесі 1989 жылы 27,1%-дан, 1999 жылы 43,1%-ға, ал 2004 жылы-48,2% жеткенін басып айту қажет.

Қазақстанда адамдардың өмір сүру ұзақтығы 1991 жылы 67,6 жас болса, 1998 жылы-64,4 жасқа түссе, 2003 жылы-65,8 жасқа жетті. Бұл жағынан Қазақстан жеті ТМД елдері арасында Ресейден жоғары - алтыншы орынға ие болғанды. Басым көпшілігі ауылдық жерде тұратын қазақтардың өмір сүру ұзақтығы орыстардан кем, бұдан Арал, Семей және басқа экологиялық апат аймақтарының зардаптарын қоссақ, қазақтардың өмір сүру ұзақтығына тигізетін теріс әсерлердің көбейе түскенін түсінуге болады. Қазақтардың жалпы саны мен үлесінің өсуі, біріншіден, табиғи өсімінің басқа ұлт өкілдерімен салыстырғанда жоғарылау болуына, екіншіден республиканың егемендік алуымен басталған шетелдегі қазақтардың өз тарихи Отанына қайту көші-қонына тығыз байланысты. Әлемде жер көлемі бойынша 9-шы, ТМД-да екінші орында тұрған. Қазақстанда өткен жылдың шілдесінде халық саны 15301400-ді құрады. Соңғы үш жылдағы өсім көрсеткіші көңіл қуантарлық. Бірақ бұған елдегі тұрғындар санының баяу өсуіне негізгі үш фактор-эмиграция, табиғи өсім мен өмір сүру ұзақтығының кемуі себеп болып отыр. “Бір қозы дүниеге келсе, бір түп жусан артық шығатынына” сенетін халқымыз қиын замандарды өткеріп, тұрмыстың ауыртпалығын бастан кешсе де баланың туылуына шектеу қоймаған. Тәуелсіздік алған 15 жылдан бері Елбасымыз елді өрге сүйреп келеді. ҚР Президенті Н.Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауында ЖАҢА ӘЛЕМДЕГІ ЖАҢА ҚАЗАҚСТАН тұңғыш баланы туғанда, екінші, үшінші және одан да көп балаларды туғанда берілетін жәрдемақыларды санамалап айтқанда, халқымыздың демографиясы әрқашан да басты орында тұрады.

Тарихшыларымыздың дәлелдеуі бойынша ХХ ғасырдың басында 7 миллион қазақтың 4 миллионы дүркін-дүркін қайталанған аштықтан қырылып қалған, 1,5 миллионы шетелдерге ауып кетуге мәжбүр болған. Отаршылдықтың қолдан жасалған неше түрлі зұлым әрекеттері болмағанда бүгінгі күні халқымыз 30 миллион болып отырар еді-ау деген ой жанынды

мазалайды. Қазір мемлекеттің тәуелсіздігі жайлы Декларацияда шет елдерде өмір сүріп жатқан қазақтардың өздерінің тарихи Отанына қайта оралуға құқылы екені айтылған. Соны пайдаланып, еліміз егемендігін алғаннан бері 128,343 отбасы немесе 505212 ұлты қазақ ағайындар Қазақстанға тұрақты тұруға көшіп келіп жайғасты. Бүгінгі күні олар жаңа ортаға бейімделіп кетті. 340 мың адам азаматтық алып, басым көпшілігі жұмысқа орналасып, жергілікті азаматтармен бірдей тіршілік жасауда.

Оралмандардың білім деңгейі жыл сайын жоғарылап келе жатқанын атап көрсеткен жөн. Шетелдерден келген қандастарымыздың арасында 51 ғылым докторлары, 267 ғылым кандидаттары бар. Сондай-ақ, олардың 27642-жоғары, 3489-аяқталмаған жоғары, 54244-орта арнаулы білімдері бар. Елдің экономикалық өсуін қамтамасыз ететін халқы оның басты стратегиялық ресурсы болып табылады. 2000 жылдың қорытындылары бойынша Астана еліміздің ірі бес қаласының соңында болса, қазір халық санының жедел өсуімен алға шықты. 2006 жылдың 1-қаңтарында 550 мың адам деңгейіне жетіп отыр. Халықтың негізгі республиканың басқа облыстарынан байқалады, тек 2002 жылдан 2005 жыл соңына дейінгі кезеңде келушілер саны 210,6 мың адамға жетті. Көші-қоны теріс әсері алыс шет мемлекеттерге байланысты 447 адам болды. ТМД елдері мен алыс шет елдерге де көшіп кетушілердің азайғандығы байқалды. Мәселен, халықаралық көші-қон бойынша: 2000 жылы-7010 адам, 2001 жылы-5888 адам, 2002 жылы-3326 адам, 2003 жылы-1746 адам, 2004 жылы-1591 адам, 2005 жылдың қаңтар – қарашасында 1026 адам көшіп кетті.

18.08.1999 жылы Үкіметтің N1194 қаулысы күшін жойып, қолданысқа 06.01.2006 жылы “Көшіп келу квотасы бойынша келген оралмандарға тұрақты тұратын жеріне бару және мүлкін апару жөніндегі шығыстарын өтеу, келген жері бойынша тұрғын үй сатып алу үшін қаражат бөлу және бір жолғы жәрдемақылар төлеу ережесін бекіту туралы” қаулысы енгізілді.

Ал, енді елбасымыздың жолдауына назар аударсақ, үкіметке халқымыздың өсіп-өркендеуіне, әл-ауқатын жақсарту жөніндегі жұмысты жалғастыруға берген тапсырмасынан мәлімет. Бұл үшін:

Біріншіден, ана мен баланы әлеуметтік қорғауға айрықша маңыз бере отырып, 2008 жылғы 1 қаңтардан бастап, баланың тууына байланысты біржолғы мемлекеттік жәрдемақы мөлшері 34740 теңгеге дейін немесе 2 есеге арттырылды. Баланы бір жасқа толғанға дейін күтуге төленетін ай сайынғы жәрдемақы тұңғыш бала туғанда-5790 теңгеге дейін немесе 177%-ға;

Екінші бала туғанда-6369 теңгеге немесе 167%-ға;

Үшінші бала туғанда-6948 теңгеге немесе 159%-ға;

Төртінші және одан көп бала туғанда-7527 теңгеге дейін немесе 153% көбейтілді.

Балалы отбасыларын қолдауға қажетті қосымша қаражат 9,5 млрд. теңгені құрайды. Бұдан бұрын қабылданған шаралар еліміз халықтың тұрақты өсуіне қол жеткізуге жағдай жасады. Мәселен, 2000 жылы 220 мың бала туса, 2006 жылы 290 мың бала туған. 2005 жылы ғана халықтың табиғи өсімі туу есебінен 121 мың адамды құрады. Қазақстанға демографиялық дүмпу керек. Қазақ-өскелең халық.

Елімізде халықтың табиғи өсуіне үлкен ықпал ететін ана мен балаға деген қамқорлық пен көпбалалы отбасыларды қолдау шараларының әлі де болса жеткіліксіз екендігі байқалады.

Сондай-ақ қазір көптеген үлкен қалаларда, құрылыс компаниялардың өз беттерімен немесе мемлекеттің қатысуымен салғаны бар, көптеген пәтерлердің қамтамасыз өтпей қаңырап тұрғандары сезіледі. Міне, осы мүмкіндікті пайдалана отырып, көпбалалы отбасыларды жайлы пәтерлермен қамтамасыз ету жағдайын оң шешуге болатындай. Неге осындай пәтерлерді құрылыс компаниялармен келісу жолдарын қарастыра отырып, жеңілдік жолменен көпбалалы отбасыға бере бастамасқа? Әрине тегін емес, ұзақ мерзімдік несиенен қарызға берген жағдайда халқымыздың қоныс тойында айтып жататын “Іші жанға, сырты малға толсын” деген ақ тілегі жүзеге аспас па еді. Ал, егер бес және одан да көп балалары бар отбасыларына несиенің белгілі бір бөлігі бала санына сәйкес шегеріліп тастайтындай мүмкіндіктер жасалса, бұл жағдай халықтың табиғи өсімінің артуына үлкен әсер етіп, мұндай шарадан түптің түбінде мемлекет те, халық та, жеке адамдар да ұтысқа шығары анық. Өйткені біріншіден, адам ұрпағы болып, қартайғанда өмірдің зейнетін көреді. Екіншіден, Қазақстан секілді әлеулі зор мемлекет болашақта адам күшіне тарықпайтын болады және осы арқылы болашақтың көптеген мәселелерін шешеді демекпін.

Әдебиет

- 1 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов).-Алматы: Өркениет, 2000.- С. 94-95.
- 2 Қазақстанның демографиялық жылнамалығы (2005ж.). -А., 2005.- 7, 88бб.
- 3 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Демографическое развитие Республики Казахстан в условиях суверенитета.- Алматы: Өркениет, 2001.- С. 45.
- 4 Есмағанбетов К.Л. Қазақтар шетел әдебиетінде.- Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1994.- 240б.
- 5 Мендекулова Г.М. Исторические судьбы казахской диаспоры: Происхождение и развитие. -Алматы: Ғылым, 1997. -305б.
- 6 Батыршаұлы. Дипломатия тек сыртқы саясат емес.- Алматы, 2005. -346-364бб.
- 7 Асылбеков М.Х., Козина В.В. Казахи (демографические тенденции 80-90-х годов).-Алматы: Өркениет, 2000. - С. 77-78.
- 8 Н.Назарбаевтың жолдауы.- Астана, 2007 жылғы 28 ақпан.

Резюме

В статье рассматриваются миграционные процессы в Казахстане и их последствия в демографической ситуации.

Summary

In this article is devoted to migration progress in Kazakhstan and, their consequences on demographic situation.

ӘОЖ 141.336:16(48)+84

ФЕТХУЛЛАХ ГЮЛЕННИҢ ЕҢБЕКТЕРІНДЕГІ ҚОРҚЫНЫШ, ҮРЕЙ, СЕНІМ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Б.Б.Арынғазиева

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазір Елбасымыздың өзі ұсынып, үкімет түзген «Мәдени мұра» бағдарламасы аясында халқымыздың орасан мол мәдени мұрасы, сондай-ақ әлемдік ғылыми ойдың, мәдениет пен әдебиеттің үздік жетістіктері қордаланып, зерделенуде. Осылайша жинақталып, зерделеніп жатқан мұралардың ішінде шығармашылығы ғаламдық ғылыми ойдың дамуына үлес қосатын, түркілік ұлы ойшыл – **Фетхуллах Гюленнің** шығармашылығы тек мұсылмандық Шығыс әлемі ғана емес, бүкіл дүниежүзі халықтарының дүниетанымына, рухани өмірінің барлық салаларына (дініне, философиясына, моральдық-этикалық және құқықтық ілімдеріне, әдебиетіне, поэзиясына, тәлім-тәрбиесіне және т.б.) ықпал етеді және теңдессіз руханияттық құндылықтардың сақталуына негіз бола алады. Фетхуллах Гюленнің діни-дүниетанымдық көзқарастары осы ғылыми мақалада тұңғыш рет қазақ тілінде ғылыми айналысқа түсіп, философия тарихы тұрғысынан зерделеніп отыр.

Біз жаңа ғасырдың, яғни, үшінші мыңжылдықтың сегізінші жылында тіршілік жасап келеміз. Сондықтан да «XX ғасыр бізге несімен танымал болды?» деген сұрақтың төңірегінде әлі талай ойлардың туары сөзсіз. XX ғасырда барша адамзатты дүр сілкіндіріп, нешеме ғасырлар бойы қаншама ұрпақтардың жинақтаған гуманизм мұраттарына шүбә келтірерлік және де ақыл-ойға деген сенімді жоғалтарлық, адам бойына қорқыныш пен үрей сезімін ұялатқан екі дүниежүзілік қантөгіс соғыс болды. Сол жылдары соғыс адамзаттың саналы тарихының жолсерігі сынды болып кеткені баршаға белгілі. Бірақ, соңғы соғыстар ауқымы,

келтірген зардабы, қатысушылардың көптігі мен олардың әлемдік саясаттағы алатын орнына қарай тым жойқын соғыстар болды деп айта аламыз.

XX ғасырға дейін адамзат ара дүркін болып тұратын қақтығыс, жанжал, соғыстарда жеке бір халықтарды және жеке мәдениеттерді жоғалтып алатын, бірақ жалпы алғандағы адамзат тарихы ары қарай жалғаса беретін. Ал, XX ғасырдың екінші жартысынан бастап соғыс мәселесі жергілікті мәселе болудан қалып, бүкіл адамзаттың, қала берді – Жер шарының тіршілік ету мәселесі ретінде жаңа тұрғыдан көрініс тапты. Қазіргі көпшілікті қырып жоятын қару-жарақтар – бұрынғының біреуді, ары кеткенде – бесеуді ұрып жығатын сойылы емес, бүкіл адамзатты жоқ қылып жіберердей қатерге апарарлық күші бар сұмдық.

Ғаламшарлық мәселелердің дүниеге келуі үшін адамзат ең алдымен өзінің қолынан жасап шығарылған дүние – техникаға «қарыздар», өйткені ол жаппай қыру қару-жарақтарының жаңа даму деңгейіне, қоршаған ортаны ластаудың қосымша көзіне және т.б. айналып отыр. Бірақ біздің ортаға қойған мақсатымыз – қазіргі таңдағы адамзаттың басындағы бәленің бәрін техникаға жаба салу емес, осы қиын да күрделі әлемде қоян қолтық бірлесе өмір сүру жолын табуға ат салысу.

Зұлымдық, жанжал, қырғи қабақ, теке-тірестік әлемге тек адам, оның іс-әрекеті, қажыр-қайраты арқылы ғана жол табады. Қақтығыс-кикілжіңнің көзге көрінбейтін терең тамырлары бар, олар себеп пен салдардың күрделі, шым-шытырық байланысынан, өмірлік заңдылықтар мен шынайы сенімінің күш-қуатынан нәр алады. Сол сияқты мейірімділік те, бейбітшілік те, келісім де, сүйіспеншілік те адам арқылы осынау өмірге орнығады. Жер бетіндегі адамдар әлемінде болып жатқан барлық оқиғалар үшін тек адам баласы жауапты.

Халықтардың абыройын қашыратын, оларда қорқыныш пен үрей тудыратын әрі өздерін агрессия, зұлымдыққа қызмет көрсетуші ететін соғыс сынды зұлаMAT әлемді де, адамдарды да тоздырып, рухани кемтар ететіндігі кімге де болса мәлім нәрсе. Қыл көпір үстінде қалт-құлт етіп тұрғандай көрінетін бүгінгі адамзат әлемінде кикілжің, теке-тірестік қақтығыстарға орын берілмеуі керек. Бұл өмірде мынадай бір ақиқат бары белгілі – танымал мұраттардың жеңілуі немесе жеңіске жетуі, жүзеге асуы немесе жүзеге аспай, жерде қалуы адамның ерік-жігеріне тығыз байланысты. Озық ойлы алдыңғы қатарлы азаматтардың адами парыздарының ең бастысы – әлемге, адамзатқа ненің басты құндылық екенін, ненің сақталуын қадағалау керектігін көрсетіп беру. Сондықтан да, XX ғасырдың белді-белді деген мәртебелі ұл-қыздары өткен ғасырда басталып, бүгіндері жалғасын тауып жатқан ең жауапты іс – бүкіл әлемде сүйіспеншілік, қайғыға ортақтасу, төзімділік, әділеттілік сынды адам ақыл-ойынан туындаған биік адамгершілік мұраттарды уағыздау ісіне ат салысуда. Солардың бірі жоғарыда атап өткеніміздей – тегі түрік, ғалам азаматы деп айтуға боларлықтай Фетхуллах Гюлен.

Қазіргі кездегі түрлі діни, философиялық, саяси жүйелердің тоғысып, ғаламдық көзқарас қалыптасқан жаһандық кеңістікте адам баласы үшін қорқыныш пен үрей және сенім мәселелері қиындай түсуде. Жасыратыны жоқ – дінді қолжаулық қылып, өздерінің билікке деген талпынысына бет бүркемелеп жүргендер де жетерлік. Бүгінгі күні еуроорталықтанған БАҚ-тың ислам әлемі туралы қалыптастырған жағымсыз қылықтарының (стереотиптерінің) шарпыны көптеп сезілуде. Жартылай әлемнің шекараларын қызыл қанға бояп қойған БАҚ туындатқан фобиялар рас па әлде олай емес пе? Мәселе сол сыңаржақ қылықтардың көпшілік қауымды меңдеп кетпеуінде болып тұр. Не жолы ислам әлемінен адамзаттың бірлескен тұрмыс-тіршілігіне ілтипат танытар ықылас табылмайды? Осы тұрғысынан алғанда да Фетхуллах Гюленнің *«Ғасыр туындатқан күдіктер»* (*«Сомнения, порожденные веком»*) деген екі томдық кітабының берері мол. Ол исламға сырттан жапсырылып отырған біраз жалалы көзқарастардың түп төркінін ашып берген.

Шапшаң өзгерісті заман сауатты жан алдында бір ғана сенім жүйесінде шектеліп қалмай, әлемде болып жатқан процестерге қорқынышсыз, үрейленбей саналы жауап беруді және өзінің дәстүрлі рухани құндылықтарын заман талабына сай қайта қарастыру талабын қояды. Міне осындай қиын жағдайда ғасырлар бойы өзектілігін жоймаған мәңгілік сұрақтарға түрік ойшылы, қоғам қайраткері, теологы Фетхуллах Гюленнің жоғарыда аталып өткен кітабынан жан-жақты, ақыл таразысынан өткізілген жауаптарды табуға болады. Мысалы, қазіргі замандағы исламды сөгушілер Ислам тек жаугершілікке, қатыгездікке шақырады деп, соған нақ дәлел ретінде «жихад» терминін, өткен ғасырлардағы және бүгінгі күндердегі исламдағы экстремистік қозғалыстарды алға тартады. Фетхуллах Гюлен бұл мәселені өткен

дәуірдің тарихын мұқият зерделей келе, исламның ешқашан басып алған елдерде қатыгездік, жоюшылық әрекеттерді жүргізбегендігін дәлелдейді. Сол дәлелдердің бірі – Пайғамбардың сенімді енгізуі үшін, әділеттілікті қалыптастыруы үшін жүргізілген, яғни, 23 жыл бойы жүрген соғыста не бары 375 жуынгердің қаза болуы. Ислам әрқашан күнәсіз адамдарға, қарт адамдар мен әйелдерге, балаларға жәбір көрсетпеді басты принцип етіп ұстаған дін [1]. Ислам келген елдерде тәртіп орнап, халықтарының мәдениеті мен білімдері өрлеп, өркендеп отырған. Әлемдегі мұсылман өркениетіне деген сыңаржақ көзқарастардың орынсыздығы ондағы жасалынып жатқан игі бейбіт істермен дәлелденеді.

Фетхуллах Гюлен ислам теологы болғанына қарамастан, ислам бойынша туындайтын сұрақтарға, әлемде болып жатқан тарихи процестерге түрлі діни жүйелердің, ғалым, ойшылдардың пікірлерін саралай келе, логикалық-философиялық талдау жасайды. Сол себептен Фетхуллах Гюленнің ұсынып отырған кітабы тек мұсылмандарға ғана емес, жалпы жаратқанға сенетін, дегенмен, ойында адамда болмай тұрмайтын кейбір күмәндары бар, әртүрлі сенімді ұстанатын жандарға имандарын нығайту үшін маңызды болмақ. Мысалы, адамзат баласының өз жүрегінде Құдайға жетуге болатын керемет тылсым қасиет бар деген концепция индуизмде де, христиан дінінде де, ислам діндерінде де және түрлі конфессиядан тыс діни-философиялық жүйелерде де кездеседі [2]. Демек, барлық адамзаттың түпкі мақсаты бір, ол – рухани тазару, ояну, кемелдену арқылы Ұлы жаратқанды тану. Ал, оған жету жолы ешқашан оңай болмаған. Сол жолда адамға алуан түрлі жеке бастың, қоғамдық, тұрмыстық кедергілері кездесіп тұрады. Осы кедергілерді, соның нәтижесінде туындайтын күмәндарды жою үшін Фетхуллах Гюлен түрлі философиялық (дедукциялық, индукциялық) ғылыми дәлелдерді, тарихи фактілерді келтіреді. Ол белгілі бір сұрақтарға жауап беруде оны жан-жақты қарастыруға тырысып, оның тарихи, әлеуметтік және психологиялық аспектілерін ескерген.

Сарабал ойшыл Фетхуллах Гюлен осы кітабында әсіресе атеистік идеологиядан әлі арыла қоймаған, сенімі қалыптасып, бекіп үлгермеген қоғам мүшелеріне көп көңіл бөледі. Материалистік бағыт үстем болып келген қоғамда әлі күнге дейін Жаратқанға байланысты күмәндар сейілмегені рас. Мысалы: Аллах барлық затты Жаратушы болса, сол Аллахтың өзін кім жаратты; Аллах неліктен ғаламды жаратуды қажет деп тапты және де ол неге оны ертерек, не кешірек жаратпады дегендей сан сұрақтар төңірегінде адамдар жиі айтысып-тартысып жатады [3]. Негізінен бұл сұрақтарды Құдайға, Жаратушы идеясына сенбейтін материалистер қояды. Сол себепті Фетхуллах Гюлен адамдарға сабырлық сақтап, аталғандардың жетегінде кете бермей, сабыр сақтап, ақылға келіп, терең ойлануға шақырады. Материалистік жүйе бойынша кез-келген нәрсенің себеп-салдары болады, жоқ нәрседен бардың пайда болуы, бар заттың жоққа айналуы мүмкін емес. Фетхуллах Гюлен бұл концепцияның терістігін қазіргі замандағы ғылыми жаңалықтарға сүйене отырып дәлелдейді. Мысалы, қазіргі физиканың кейбір жаңа салаларында затты жоққа айналдыратын антизат пен атомды жоятын антиатомдардың бар екендігі ашылды, бұның өзі осы шынайы дүниеден тыс ерекше тылсым дүниенің бар екендігін білдіреді. Біз материалды және көрінетін тіршілік иелеріміз. Мүмкін жын-перілер, антизат және антиатом сияқты, бөлек болмысты заттардан жаратылған шығар. Неге періштелердің жарықтан жаратылғанына сенбеске [4] – дейді Фетхуллах Гюлен.

Екінші сұраққа дәйекті жауап беру барысында Фетхуллах Гюлен жан-жақты дарынды шеберді мысалға келтіреді. Шынайы дарын иесі болып табылатын майталман шебер өз бойындағы бар шығармашылық күш-қуатты өзінің шабыты келгенде ортаға еш нәрсені қажет етпей-ақ, өзінің ішкі қажеттілігінің арқасында туындатады. Дәл сол тәрізді, Құдай да өз еркі мен құдіретін түрлі бейнедегі заттарға айналдырып, оның ұлы туындыларының шабыт, қуаныш түсінігін тудыруын қалайды. Оның пікірінше, дүниеге бастамалық сипат беру мүмкін емес, себебі бастамасыз мәңгілік жаратылмаған Аллахтың ажырамас атрибуты. Аллахты танып білуге болады ма, ол бар ма, жоқ па деген сұраққа адамзат баласы өзінің шектеулі мүмкіндіктерінің арқасында қалайша ғана сенімді түрде жауап бере алады. Аллах ол даосизмдегі, индуизмдегі, теософиялық жүйелердегі көзге көрінбейтін, естілмейтін, түйсікпен сезілмейтін, оймен жетуге болмайтын барлық заттардың түпкі мәні. Сол себептен адамзат баласы көріп біле алмайтын микрокосмосты және көзі жетпейтін макрокосмосты жаратып, гармонияда ұстап тұрған Аллахты қалай танып білмек.

Ояну, яғни тазару арқылы Құдайға жету барлық діни сенімдердің негізгі концепциясы десе болады. Оған жетудің түрлі жолдары, әдістері бар. Фетхуллах Гюлен исламнан бөтен

басқа да бір діндердің құндылықтарына (сенім бостандығына) қарсы келмейтін әмбебап, философиялық жолдарды ұсынады. Солардың бірі – ойлау. Ойлау, біріншіден, белгілі бір алғашқы, негізгі білімге сүйену керек. Білімсіз ойлану бұл сауатсыз ойлану және ол нақты нәтижелерге алып келмейді. Мұндай тұманды ойлану қорқыныш пен үрейге апарып, уақыт өте келе адамды зеріктіріп, біраз уақыттан соң адам онымен айналыспайтындай болады. Өмір болса қас қағым сәтте өтіп кетеді, сол себептен түрлі ойдың жетегінде кеткендер өмірін баянды, саналы түрде өткізу мүмкіндігінен айырылады. Ал, адам жүйелі түрде ойлануы үшін, біріншіден, оның өзінің ойлану пәні жөнінде жалпы түсінігі болуы керек. Ойлану адамның күн, ай, жұлдыздар қозғалысы, олардың адамдарға тигізер әсерін, адам ағзасын құрайтын элементтерде болып жатқан процестер туралы түсінігі болғанда ғана дұрыс болады.

Екіншіден, ойлану үшін заттардың түпкі мәні туралы білім қажет. Кез-келген нәрсенің түбіне ұмтылу оянуға, яғни кепілдікке алып келеді. Осындай жолмен ойлана алатын адам жүйелі түрде жаңа қорытындыларға келіп, соларға сүйене отырып, жаңа нәтижелер шығарып, терең ойшыл бола алады. Оның пікірінше, қоршаған ортаны анық көріп, түсіну үшін діннің парыздарын орындау қажет. Себебі тұрақтылыққа, тәртіпке, жүйелікке машықтанған адам ғана өз өміріне болсын, жалпы тіршіліктегі өмірге болсын байыппен қарауды үйренеді. Осы бір рух пен ақиқаттың иманмен біріккен, адамның жаратқанды жанында үнемі сезінетіндей дәрежеге жету күйін исламда «адаб» деп атайды. Сонымен қатар, «адаб» мораль мен діни сенімнің тоғысып бір қасиетке айналуын білдіреді [5]. Фетхуллах Гюлен кез келген дін «адаб» күйіне жетуге мүмкіндік бере алмайтындығын ескертеді.

Намаз – исламның басты парыздарының бірі, алайда, адамдар намазды бір нәрседен қорыққанынан, үрейленгенінен оқымай, міндет деп қарастырмай, рухани ләззат алудың, Жаратқанға жақындаудың жолы деп түсінуі керек. Себебі, сұлулық, үйлесімділік, қайырымдылық, тәртіп болған жерде алғыс, рақымшылдық және қызмет етуі болуы керек. Намаз, осылайша, біздің Жаратқанға деген алғысымызды білдіретін жол болып табылуы керек.

Хауа ананың Адам қабырғасынан жаратылуы туралы аят көпшілік қауымда көп түсінбестік тудыратындығы рас. Фетхуллах Гюлен бұл мәселені шешуде аятты дәл өзінің мағынасында түсінудің маңыздылығын алға тартады, өйткені атеистер не дінге қарсы адамдар оны бұрмалап жіберетіндігі де кездеспейді емес. Сондықтан да, Фетхуллах Гюлен араб тілінің тілдік ерекшеліктерін ескере отырып, өте нәзік дәйектер келтіру барысында сол аятты ашып түсіндіреді. Өткен ғасырларда да, қазіргі заманда да исламға тән емес жаман қасиеттерді тағу, оған жала жабу сияқты фактілер жиі кездесіп отырады. Солардың кейбіреулері Исламды таратушы алғашқы сахабалар, халифтердің исламды қылыштың жүзімен таратуы туралы; Пайғамбардың ислам діні қойған шектен шығып, көп әйел алғандығы туралы; исламның құл иеленушілік жүйені қолдап, дамытуы туралы; Аллахтың өз құлдарын бірдей қылып жаратпауы, бірін әлсіз, бірін батыл етіп жаратуы туралы мәселелер. Фетхуллах Гюлен осы күрделі сұрақтарға жауап беруде оқырмандарға тарихтан көптеген фактілер келтіреді, сол оқиғалар орын алған заман ерекшеліктерін, әлеуметтік-экономикалық себептерді ескере отырып, көптеген сұрақтарды ашып береді.

Құранның уақыт өте келе жасаруын, оның жаңа мәндерінің ашылуын қалай түсіндіруге болады деген сұраққа Фетхуллах Гюлен төмендегідей өте қызық теософиялық жауап береді. Қартайған адам миының тамырлары кеңейгендіктен оның есте сақтау қабілеті төмендейді, алайда, нәтижесінде ол дұрыстап ойлана бастайды, оның ой-тұжырымдары асығыссыз, саналы және дана, ал шешімдері сәтті бола бастайды. Бұны тек жеке адамдарға ғана қатысты емес, сонымен қатар, жалпы халықтарға байланысты, тіпті, уақытқа қатысты да айтуға болады екен. Бұл да бір уақытты сіңіретін тылсым тамырлар мен каналдар бар тәрізді бейне туындатады, осы уақытқа құндылық беретін адамдардың ниет-пиғылы мен ұмтылыс-әрекеттерінің арқасында ғаламның құпияларын ашатын ғылымдар пайда болды. Сонымен, ақырет күні жақындаған сайын біз дүниені анығырақ, толығырақ көреміз және бұрын түсінуге қиын болған Құран аяттарының мәндері адамзат санасына жақынырақ келеді.

«Өркениеттің дамуына сай дінге деген қажеттілік жойыла ма?» деген сұрақ көпшілік қауымға ортақ. Тарихи жадыға тиесілі адамзат тарихының өн бойына көз жүгіртер болсақ, онда діндарлықтың адамзат тарихының басынан аяғына дейін толық қамтып жатқандығын көреміз. Қаншама рет діннің ақыры келді деген сөз айтылса да ол қазірдің өзінде қарапайым күнделікті өмірдің болсын, сан-салалы күрделі саясаттың болсын негізгі қалыптастырушы

факторларының бірі болып табылады. Діннің халықтар өміріндегі алатын орынының зор болатындығы соншалықты, діндер негізін түсінбей жатып, сол діндерді ұстанатын халықтардың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігі туралы толық көзқарас қалыптастыру мүмкін емес. Мәдениеттегі діннің рөлін әрбір мәдениеттің жүйе құрастырушы факторы деп анықтауға болады. Дін – адамзат баласының ең терең рухани қажеттіліктерін қанағаттандыратын, жаратқанға жетудегі тылсым байланыс күш. Сол себептен қаншалықты жоғары дәрежедегі өркениетті қоғам болмасын адам үшін өзінің өмірінің жауапкершілігі туралы ойлану кезеңі туындайды. Фетхуллах Гюленнің ойы бойынша, ақыл мен логика ақыр аяғында саналы жанды құлшылыққа алып келеді. Адам өзін үнемі бақылап, билеп отыруға әлсіз болып келеді, сол себептен ол жалған жолдардан аман қалуы үшін, не жарты жолда қалып кетпеуі үшін Қасиетті жазбаға сүйенуі және өз өмірін осы кітаптың талаптарымен сәйкестендіруі керек.

Еліміздің кеңестік идеологиядан арылып, әлі өз рухани жолын таба алмай, түрлі секталардың жетегінде кетіп бара жатқан кезеңінде Фетхуллах Гюленнің ғылымға, ақылға, тікелей Құранға сүйенген еңбектері маңызды болмақ. Себебі, біздің ата-бабаларымыз исламды тек парыз, догматика деп қабылдамаған, қайта ислам қазақ халқының кеңестік Тәңірге махаббатын, алғысын білдіру көзқарасына сай келген. Фетхуллах Гюлен исламды кең аумақта көрсете білген. Барлық ұлы идеялар бір-бірінен тарамдалып, дамып отырған, сол тәріздес, Фетхуллах Гюлен де өз ойларын тек ислам дінінің шеңберінде ғана өрбітпей, түрлі діни сенім жүйелерін, ұлы ғалым-ойшылдардың концепцияларын, ғылымдағы соңғы жаңалықтарды көмекке ала отырып, салиқалы ой тұжырым жасайды. Оның кітабында Декарт, Ренан, Руссо сынды ұлы философтардың, Ленин, Карл Маркс, Энгельс сынды ұлы қоғам қайраткерлерінің ойлары, алуан теософиялық түсініктері жиі кездеседі. Осы ретте Фетхуллах Гюленнің «Ғасыр туындатқан күдіктер» атты кітабын танымдық жағынан да өте құнды деп атап өтуге болады.

Фетхуллах Гюлен шығармашылығы мен өмір жолының өзі де адамдар арасында бейбіт қарым-қатынастар орнатып, мәдениеттер мен діндердің сұхбатына ықпал ету үлгісі болып табылғандай. Оның осы талданып отырған кітабындағы айтпақ ойы да, діни сұрақтар төңірегінде өрбітіп отырған идеясы да шын мәнінде гуманистік адамсүйгіштікті уағыздайтын диалог идеясы. Олай дейтін себебіміз диалогтың түп мақсаты адамдар арасында үйлесімділікке қол жеткізу, түрлі мәдениеттер, ділдер, діндердің «ортақ» орнының барлығын көрсетіп беру.

Мәдениет өзінің көптүрлілігімен және мүмкіншілік молшылығымен құнды. Сөз жоқ: біздің баршамыз әртүрліміз. Түр өзгешелігі диалогтың алғышарты екендігі де рас. Мәдени-әлеуметтік көптүрлілік жағдайында гуманизм, яғни адамның жеке тұлғасының шартсыз құндылық екендігін мойындау әлемдегі бірлесе тіршілік етудің жалғыз ғана дұрыс жолы болып табылады. Сондықтан болар әлеми діндердің барлығы дерлік жоғарыда атап өткен құндылықтардың өмірде терең тамыр алуы үшін қолдан келгенін аямайды.

Әдебиет

- 1 Фетхуллах Гюлен. Сомнения, порожденные веком.- М., 2006.- 48 с.
- 2 Гуревич В.Н. Философская антропология. - М., 1997.- 116 с.
- 3 Ионова А.И., Султангалиева А.К., Юсупов П.С. Современный ислам, человек и общество. -М., 2001.- 284 с.
- 4 Лосева И.Н. Миф и религия в отношении к рациональному познанию //Вопросы философии. – М., 1992.- №7. - С. 88.
- 5 Арынғазиева Б.Б. Суфизмнің қалыптасу тарихындағы тұрақтардың орны //Философский альманах.- А., 2007. -№3. – С.48-53.

Резюме

В данной статье рассматриваются актуальные проблемы таких философских категорий, как страх, сомнение, вера, поднимаемых в трудах Ф. Гюлен.

Summary

The article arises the problem of fear as an existential modus of man's life. The author opens up this category in the Fetxyllax Gulena "Somnemia parogenia becom".

УДК:341.781.2

DEVELOPMENT OF OIL AND GAS FACILITIES IN THE ATYRAU REGION DURING A PERIOD FROM 2003 TO 2007

M.O.Baigebayev, Sh. Nasirov

The South Kazakhstan state university named after M.Auezov, Shymkent City

Currently, the Region economy is in transit to stable long-term growth. In oil and gas industry, the volumes of oil and gas production are growing as well as the principal oil products. Exploration and development of hydrocarbon deposits are intensively expanded. During the past four years oil production in comparison with the level of 2000 increased by 1,2 times and reached 16,3 million tons, it is planned to be increased up to 28,6 million tons by 2007. The volume of oil products has been also increased. In many respects high tempo of the economic development of the Region was due to the operation of the oil and gas facilities. In 2003 the industrial production comprised 612,4 billion tenge or 100,3% in 2002. During the period from 2001 to 2003, 21 new enterprises were commissioned in the industry, over 70 new products were launched and about 4,500 new work places were created. 11 new production lines were commissioned in the Region. High-tech processes were put into operation: ChevronTexaco polyethylene pipe plant, Caspian Salfa Company LLP scale sulphur plant, Tengiz-Chevroil LLP granular sulphur plant. Due to the growth of production volumes the Atyrau Region is one of the major donors of the Republic budget. In 2003, the state budget received 151,4 billion tenge from oil and gas enterprises or three times more than in 2000. Upon commencement of the commercial development of oil fields in the Kazakhstan's sector of the Caspian Sea its significance will grow significantly. The nominal average monthly wage of one employee in the year comprised 48,300 tenge, which is by 15,6% higher than in the previous year. To date three major projects are deemed to be key projects upon which the wealth of the Region might depend. First, it is the implementation of the North Caspian offshore project pertaining to the development of the well-known oil field Kashagan, which will be commenced in the nearest several years. Secondly, two inter-related projects: the construction of the Second Generation Plant Project and Sour Gas Injection Project. Thirdly, it is the project of reconstruction of the Atyrau oil refinery, which is undoubtedly significant both for the country and for the Region, as it allows solving the strategic issue of provision of the domestic market with high quality fuel without being dependent upon its outside supply. Upon completion of the construction of the Second Generation and Sour Gas Injection facilities, the environmental issue so critical for the region will be solved. Associated gas (methane, ethane and hydrogen sulphide), separated from oil, will be injected back into the producing bed. It will allow both to retain high well performance and to save TengizChevroil from utilisation of sulphur which is in excess in associated oil and gas. Tengiz-Chevroil is planning to solve the problem of utilisation of sulphur during a period from 2004 through 2007. EmbaMunaiGas OJSC is experimenting in the application of new methods aimed at the increase of oil production. The programme of reconstruction of the Atyrau Refinery incorporates the advanced technologies of catalytic reforming of gasoline, hydrotreatment, catalytic dewaxing of diesel fuel. The result will be motor fuels complying with the international standards and requirements. The modernisation of the refinery will allow improving the environment of the Atyrau City and to reduce discharges and emissions of wastes and hazardous substances as well as to replace leaded car gasoline with unleaded gasoline thus reducing environmental pollution. Pipe transport is being intensively developed in the Region. In 2003, the pipeline Kenkiyak-Atyrau was commissioned, the construction of the pipeline Bolshoi Chagan-Atyrau was completed, and the oil pipeline Atyrau-Samara will be reconstructed. It is planned to expand the CPC capacity. AtyrauNefteMash LLP is conducting work connected with reconstruction and full loading of the facilities, launching of a new product line in accordance with demands of the oil and gas sector. The implementation of the Austrian technology for producing metal products is being completed. The shop for repairing bottom-hole pumps under new Wetherford technology was commissioned. Conventional pumping units SKD 8-5500-168 are manufactured under

the orders of oil-producing entities, the manufacture of API pumping units in the quantity of 100 units is being designed, as well as manufacture of screw pumps for oil production systems. In addition, for the implementation of high-tech facilities in the Region, the following projects are being worked on:

- synthetic rubber plant;
- oil-black plant;
- varnish and lacquer plant;
- plant on producing of hydrophilic polymers for oil industry;
- plant on producing of building materials based on sulphur composites.

The implementation of the State Programme for Development of the Kazakhstani Sector of the Caspian Sea will have a great qualitative impact upon the development of the regional oil and gas facilities. Foreign investments to be attracted within the framework of the Programme are expected to be 5 billion US dollars at the first stage until 2005; 10 billion US dollars at the second stage until 2010 and 11 billion US dollars at the third stage until 2015. The commencement of test commercial development of the Kashagan Field is planned for 2007-2008. It is expected that oil production from the other blocks of the first stage will commence in 2009-2010. The prioritised directions of industrial and innovative development of the Region includes complex and expedient development of the petrochemical industry together with the creation of the processes of hydrocarbon high treatment and refining and production of petrochemical products with added value in accordance with the world achievements; it will allow significantly alter the raw material component in the high tech innovative products export structure. For development of the petrochemical industry it is planned to build petrochemical facilities ensuring the development of the region as the centre of complex hydrocarbon refining near Kashagan and Tengiz fields: The construction in the industrial zone of the Kashagan Field of the petrochemical facilities incorporating the existing advanced and efficient technologies:

- of high fractionation (distillation) of liquid components in natural gas (ethane, propane, butane, hexane);
- of the plants producing primary petrochemical products (ethylene, propylene, acetylene, benzyl, xylene, rubber, etc.) on their basis plastics and elastoplastics (polyethylene, polyvinylchloride, synthetic rubbers and fibres (polyamide and polypropylene));
- plants extracting gasoline from associated petroleum gas.

The facilities will produce liquefied gas up to 800,000 tons per year, 30 billion m³ of net gas, and 100,000 tons of light hydrocarbon wide spread. The construction of the KRIP Plant on the Agip KCO gas pipeline with a capacity of 3,0 to 3,6 billion m³ of gas for the production of 500,000 tons of ethane and polypropylene on the newly established plant and subsequent refining on Zavod Propylene LLP in Atyrau and producing granular propylene of moulding and fibre brands, catalysers and consumers' goods. The construction on the basis of Zavod Polypropylene LLP of the plant producing of propylene by dehydration of propane with a capacity of 150,000 tons per year which volume will satisfy the demand in propylene for the production of polypropylene, acrylonitrile and ethylenepropylene rubber. The cost of the plant is 170 million US dollars. The construction of new facilities producing 200,000 tons of polyethylene per year. The above will provide the polyethylene pipe plant commissioned in Atyrau in 2003 with high strength polyethylene. Such objective will be achieved both with own resources, production facilities and scientific potential and to a greater extent at the account of high tech transfer. Investments in the domestic base of raw materials of the petrochemical industry during a period from 2004 to 2007 will comprise over 3.88 billion US dollars. Taking into account the perspectives for expansion of the operations in North Caspian region, there will be conducted works relating to the reconstruction of the Atyrau river port, bed-deepening in the Ural estuary, construction of the cargo and passenger terminal in the Atyrau international airport, and construction of a number of social facilities. Successful offshore operations will without doubts result in servicing development. There will be attracted companies specialising in oil well drilling, equipment repair and transportation, construction, catering services, etc. Simultaneously there will be developed the transport and service infrastructure. The implementation of the project of the reconstruction of the river port will allow carrying out portal services for oil-producing entities, developing a respective infrastructure; it is envisaged to build a marine trade, technical and servicing fleet relevant to the scope of offshore oil operations and portal services. By 2025, 296 vessels will be required for the support of oil operations. In addition, the technical fleet should be equipped to conduct exploration. There is a necessity in aircrafts to transport people to and from oil operations, required equipment, materials, and supplies in case of

any emergency within the area of the Caspian Sea and for other purposes. Certain work is being conducted with regard to expedient implementation of the investment policy aimed at facilitating industrial innovative development, diversification of the production potential at the expense of direct foreign and domestic investments, own funds of the entities, foreign loans made under the state guarantee. During the first quarter of the current year, the investments into the fixed capital comprised 75,5 billion tenge or 25,2%. 55,5 billion tenge were invested into the oil and gas sector of the regional economy, in which strategic investment projects are implemented. Within the future fifteen years the investors are projecting to invest 80 billion US dollars into development of the production of Kazakhstan oil. These funds will be utilised for the establishment of the production, infrastructure and social facilities providing the operation of the commissioned entities. The above investments will cause a demand for a wide range of goods and services, a part of which will be of temporal nature and the other part will be allocated for the establishment of the processes which even after depletion of oil reserves will be requested in the internal and external markets.

Literature

- 1 <http://www.atyrau-city.kz>
- 2 <http://www.oil gas.kz/ru/2006>

Қорытынды

Бұл мақалада Атырау өңіріндегі мұнай өндіріп және өңдеп жатқан көптеген ірі компаниялар жайында жазылған. Мұнай өңдеу және өндіру саласында Қазақстан территориясы бойынша Атырау өңірінде 43,6;% мұнай және 51,4 % газ құрайды.

Резюме

В статье отражено содержание Северо-Каспийской региональной выставки достижений в обработке нефти и газа в Атырауской области.

ӘОЖ 67.3

ҚАЗАҚ ӘДЕТ ҒҰРЫП ҚҰҚЫҒЫНДАҒЫ «ЖЕТІ ЖАРҒЫ»

С.Б.Бейсебаева, Б.Ү.Құлжанов, Б. Қ.Абдрасилова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақ халқының өз алдына тәуелсіз мемлекет болып құрылуына сәйкес өткен тарихымызды, ата-бабамызбен бірге жасасып келе жатқан әдет-ғұрып құқықтарын, оның қалыптасуы мен даму ерекшеліктерін жан-жақты зерттеуге кең жол ашылып, мүмкіндіктері туды. Көшпелі қазақ қоғамында қалыптасқан қазақ құқығы - заң ретінде қолданылып келді.

Халық мұрасын қайта жандандырып қоғам кәдесіне, келешек ұрпақ мұратына жарату бүгінгі таңдағы зор міндет болып табылады. Өйткені, ата-бабаларымыздың сан ғасырлық тәжірибесіне сүйенбейінше, ұлттық мемлекетімізде талапқа сай қызмет ететін заңдарды шығара қою қиын. Сондықтан оны жете зерттеп, қазіргі заңдарымызға сыналап енгізіп отыруға мән беру керек.

Н.И.Гродеков Өз Тәуке хан тұсындағы қабылданған заң ережелеріне сәйкес «Жеті жарғы» атауын алғаш қолданған болатын. Ол «Жеті жарғыны» Қасым хан мен Есім хандардың заманындағы қазақтың ескілікті заңдарының негізінде жасалған деп атап кетті: «хан Тауке собрал на урочище Культобе (Сырдаринской области) семь биев, в числе которых был знаменитый бий Толе Алимбеков, и эти бии соединили старинные обычаи ханов Касыма и Ишима (Қасымханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы) в новые обычаи, называемые – «Жеты жарғыш» [1,с.24].

«Жеті жарғы» туралы түсінікті Л.А.Словохотов «Народный суд обычного права киргиз Малой Орды» еңбегінде толықтырды. Осы еңбекте Жеті жарғыны «уложение» деп атайды.

Л.А.Словохотов «семь биев... составил уложение, целиком основанное на древнем народном обычае –адате и тогда получившее название –«Джеты Джарга» [2,с.41].

«Жеті жарғыда» әкімшілік, қылмыстық, азаматтық құқықтық мәселелерімен қатар отбасы-неке, салық, дін, тәрбие т.б. сияқты қоғамның жан-жақты мәселелері көрініс тапқан. Осыған қарағанда «Жеті жарғы» Тәуке ханның тұсында қазақ қоғамының барлық жақтарын түгел қамтыған әмбебап кодификацияланған заң жүйесі болған деп қорытындылауға болады. «Жеті жарғы» қағида ережелері барлық қазақ жүздерінің территориясында түгелдей қолданылған.

Қазақ ғалымдарының ішінде «Жеті жарғы» туралы алғаш рет атап өткен академик Ә.Х. Марғұлан «Жеті жарғыны»-жеті жарғыш, жеті, яғни жеті әділ, қара қылды қақ жарған билердің билігі деп көрсетті. Ә.Х.Марғұлан «Қазақ совет энциклопедиясындағы» «Жеті жарғыға» арналған мақаласында оның мазмұнының жеті түрлі ережеден құралатындығы жайлы жазды. «Жеті жарғыға» кірген ережелер жетеу. Олар: 1) Мүлік заңы; 2) Қылмыс заңы; 3) Әскери заң; 4) Елшілік жоралары; 5) Жұртшылық заңы; 6) Жесір дауы; 7) Құн дауы» [3,542б].

«Жеті жарғыны» жасаудағы мақсаттың бірі хандық өкімет пен феодалдар қазақтың әдет-ғұрыптық құқығы жүйесінен халық бұқарасының мүдделерін қорғайтын нормаларды алып тастау, хан және атақты билердің беделдерін қорғайтын ашық феодалдық сипаттағы нормаларды бекіту.

XX ғасырдың басында қазақ тарихын зерттеуші А.П.Чулошников «Жеті жарғыны» Шыңғыс хан заманындағы «Жаза» (Великая Яса) тәртібімен салыстырады. Оның пікірінше «Жеті жарғы» қазақ халқының өміріндегі ерекше жағдай екендігін атайды. Бұл жинақ азаматтық және қылмыстық құқық туралы түсініктердің жиынтығы; «В самом деле, подобно «Великой Ясе» Чингис хана и казак-киргизское обычное право, систематизированное Тявкою, заботилось тоже не столько о предупреждениях преступлений, сколько об их ближайшем наказании» [4,с.204].

Әдет-ғұрыптардың бұл жинағын жазуға бастамашы болған байлар-батырлар тобы болды. Олар ерекше экономикалық және саяси мақсаттарын заңдастыруды ойлайды. Бай-батырлар тобы хандық билікті шектеуді заңдастырды, сонымен қатар олар жүзаралық және руаралық қатынастарға құқықтық реттеушілік роль беруге тырысты. «Жеті жарғы» нормалары рубасы - билердің еңбекшілердің үстінен жүргізетін бүкіл сот билігін бекітті деп бағаланады. «Жеті жарғыға» қатысты мұндай пікірді белгілі ғалым жазушы М.Мағауин де қолдайды. «Әз Тәуке ежелгі дәстүрді бұзды. Билікті биге берді.

Нәтижесінде, ру көлемінен өзып, ұлыс көлеміне жеткен, үлкен саяси құқыққа айналған билер уақыт оза келе өз ортасынан шыққан рудың, ұлыстың мүддесін көбірек күйттейтін болады, хан жарлығын жүре тыңдайтын болды».

Әдет-ғұрып құқығының ережелері, соның ішінде «Жеті жарғының» қағидалары да билер сотының практикасымен байытылып отырды. Қазақта нешеме ауыр дауларды оңай шешкен билер болды. Әсіресе мұндай шешімдерді Майқы би, Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би т.б. билердің практикасынан көбірек кездестіруге болады.

Зерттеушілердің көпшілігі «Жеті жарғы» құрамындағы қазақтың үш биін ерекше атайды. Н.И.Гродековтың жазбасы бойынша «В числе их было три знатных бия, по каждому из каждой орды: из Великой –Туле, из Средней –Қаз дауысты Қазыбек, т.е. Казыбек с голосом гуся, (звучным), из Малой - Айтеке» [5,25б].

Қазақтың басқа билері оларға еліктеді, олардың практикасын басшылыққа алып, ұқсас істерді шешіп отырды. Тіпті атақты билердің биліктері (үкімдері) ұқсас істерді қарағанда міндетті басшылыққа алынатын кездер де болған. Билер соты практикасының мұндай сот прецеденті әдет-ғұрып құқығының бастауларының біріне айналды.

«Жеті жарғы» ережелерін қазақ қоғамының көпшілік бөлігі жатқа біледі.

Қазақ ортасындағы әр дауды билер осы құндылықтар деңгейінен келіп қарастыруы шарт. Әр адамның мінезі әр түрлі болатыны сияқты «Жеті жарғының» да әр билікке дайындалған жеке ережесі жоқ.

Қазақ билері құқықтық шығармашылықпен де терең айналысты. Олардың құқықтық шығармашылығының айқын көріністерінің бірі билер съездерінің ережелері болып табылады. «Жеті жарғының» өзі де билер съездерінің және билердің құқықтық шығармашылығының

жемісі. Билер съездері әдеп-ғұрып құқығының негізгі қағидаларын заман талабына қарай өзгертіліп, байытып отырды.

Әдет-ғұрып қай кезден басталады дегенге келсек, ол өте ертеде, қазіргі кезде Азияның әр түкпірінде жатқан түркі халықтары бір заңға бағынып өмір сүрген заманда болған. Жазылмаған заң талаптарының кейбір тұстары уақытқа және өмір сүрген ортаға байланысты өзгеріп отырған. Қасым ханның XVI ғасырдың алғашқы ширегінде ежелгі құқық нормаларының маңызды екенін ескеріп, сот шешімдерін бекіткені де содан. Бұл құжат тарихқа «Қасым ханның жарғысы» немесе «Қасым ханның шынайы ережелері» деген атпен кірді. Қазақтар оны «Қасым ханның қасқа жолы» деп атайды. Бұл жинақтар XIX ғасырдан сот шешімдерінде де кездеседі.

Қасым хандығының құқықтық жарғыны XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында өмір сүрген Есім хан да жасаған. Ол тарихта «Есім ханның ескі жолы» деген атпен мәлім. Яғни, Есім хан жазған заңдар жинағы деген. Бұдан байқайтынымыз, XVI ғасырдың аяғы мен XVII ғасырдың басында көшпелі қазақ қоғамының құқықтық жүйесінің Қасым хан мен Есім хан жүйеге түсірген. - Ауыздан ауызға жеткен деректерге сүйенсек, кейіннен бірқатар құқықтық дәстүрлерді танымал хан Тәуке жүйелеген. Аңыздарға қарағанда, Тәуке «шын мәніндегі гений болған», оның есімін Солон мен Ликургпен қатар атауға да болады.

М.Красовский «Жеті жарғы» туралы пікір білдірген. Ол «Жеті жарғы» заңдарының мемлекетті күшейту ниетімен жасалғанын және бұл заңдардың түп негізінде әдет-ғұрып ережелері жатқанын жазады: «Плодом стремления Тявки слить три казачьи орды были изданные им законы, сделавшие имя этого хана столь популярным в степи. Надобно, однако думать, что эти законы имели силу, да и то условно-обязательную, для казачьих племен только при жизни всеми уважаемого аксакала. Предпринятый Тявкою труд-согласить между собою обычаи розно управлявшихся народностей было не по силам для одного человека, и хотя в ходячих между нынешними киргизами понятиях о праве, в сохранившихся у них древних законах... мы должны видеть, главным образом, следы установившегося Тявкою устройства. Но так как до сих пор есть много и противоречащих одно другому постановлений, то есть мы должны также предполагать, что и прежде рядом с тявкинскими законами действовали и законоположения других ханов или постановления, освященные обычаями разных вошедших в союз племен» [6, с.53].

Аңыздарда Тәукенің Күлтөбенің басында жеті бидің басын қосқаны айтылады. Оның ішінде әйгілі би Төле Әлібекұлы да болған. Билер Қасымхан мен Есім ханнан қалған (яғни, «Қасым ханның қасқа жолы» мен «Есім ханның ескі жолы») ескі дәстүрлерді жинақтап, «Жеті Жарғыны» түзген. «Жеті жарғы» қағазға түсірілмеген, жарғы қысқа-қысқа қанатты сөздерден және мақалдардан тұрған. Олардың кейбірі біздің бүгінгі заманымызға да жеткен. Тәуке ханның «Жеті жарғысы» Кіші Орда қырғыздарының құқықтың қатынастарын реттеп отыратын дәстүрлер негізіне енген. «Тәртіп болған, заң мен әділдік орнаған заманда біздің халықта жайма шуақ өмір сүрген»,—дейді Кіші Орданың қырғыздары. Тәуке хан халықтың бытыраңқы құқықтық танымын жүйеге түсіріп, көшпенді қоғамның шынайы заңдық талаптарын жүйеге түсірген: соттау, яғни даулы мәселелерді шешіп, үкім шығару. Кінәлілерді айыпталушы мен жәбірленуші ауылының басшылары жазалаған, алайда, қажет болған жағдайда көрші ауылдың үлкендерінен де көмек сұрап отырған. Айыптыны сұрауға алып, куәгерлерді сөйлеткені болмаса, сот ешбір сұрастырусыз және зерттеусіз, тез арада өтетін. Істің оң шешімін табуы судьялардың сенімі мен арына ғана байланысты болған, ал заңдық жағынан «Жеті жарғыға» сай шешім шығарған.

Өртүрлі рулар қызығушылық танытатын айрықша маңызды жанжалдар да (Құдайға тіл тигізу, сұлтанды өлтіру) билік айтуға ханның өзі немесе билер араласқан, халықтық мерекелерде, халықтың қатысуымен шешкен. Бірақ, ондай үлкен жиындарда көбінесе бейбітшілік пен соғыс мәселесі шешіліп, халықтың басына түскен қиыншылықтар мен қажеттіліктер қаралып, билер соты күнделікті өмірдің түйткілді мәселелерін шешіп отырған. Тәуке ханның заңы бойынша, ағайынның қылмысы үшін ру болып жауап берген және бәрі бірдей кепілдікке алынған. «Қанға—қан, жанға—жан» — «Жеті жарғының» негізгі ережесі осы болған. Бірақ, кез келген қылмыстан құн төлеу арқылы құтылуға болатын (адам өлтіргені үшін немесе біреуді мерткітіргені үшін төленетін төлем).

Тәукенің жарғысы өзінің негізін сақтағанымен, Шыңғыс ханның атышулы Ясасы сияқты жаза түрлері де болған. Тұтастай кепілге алу ағайын арасындағы құнның мөлшерін анықтауға мүмкіндік берген. Бірақ, құн мөлшеріне қатысты ортақ ереже болғанын да білеміз (ер адам үшін—1000 қой, әйел адам үшін — 500 қой). Құн мәселесін шешкенде билер қайсыбір рудың мүмкіндігі мен әлеуметтік жағдайына да мән берген. Құн мөлшерінің жоғары болуы адамдарды қылмыс жасаудан және адам өлтіруден сақтандырып отырған. Әдеттік-құқықтық тәжірибеде екі есе жазалау да болған. Бірақ, ол тек бір ғана жағдайда болған хан өлген жағдайда, ханды өлтіргендердің ауылын тонап кететін болса ғана ағайындары құн төлеген. Тәуке ханның жарғылары XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы көшпенді қазақ қоғамының барлық жағын қамтыған. Осы мерзімде көшпелі мал шаруашылығына басымдық берген жаңа мемлекеттік негіз қалана бастаған. Осы мерзімде құлдық та кең тараған. Оқтын-оқтын қайталанатын әскери қақтығыстардың нәтижесінде, қолға түскен тұтқындар да құлға айналған. Құлдарға иелері шексіз билік жүргізген: өліп қалған аңшы иті мен бүркіт үшін оның қожайыны құл немесе күң сұраған. Кейінгі зерттеулерде де құлдардың құқықтары мүлдем қорғалмағаны туралы айтылады: «Құл— бұйым ғана, оның өмірі мен өліміне қатысты мәселені қожайын ғана шешеді». Моңғол-ойрат жарғысында (1640 ж.) құлдарға деген көзқарас мүлдем басқаша болған: құлдың құны 45 бас мал болса, күндікі 27 болған.

Тәуке ханның жарғысы қабылданған сәтте қазақ даласына ислам кең тарамасада, Левшиннің жазбаларында дінге қарсылыққа шыққаны үшін түрлі жаза түрлері болғаны туралы айтылады. Бірақ, бұл жазаларды тәжірибе жүзінде қолданғаны туралы дерек жоқ. Соған қарағанда, ондай жағдайлар болмаған болуы керек. Өйткені, мұсылмандық мұнда тек XIX ғасырдың аяғында ғана келді ғой.

Орыс зерттеушілері жария еткен мәліметтерге сүйенетін болсақ, Тәуке ханның жарғысы үлгі-өнегеге шақыратын нақыл сөздерге бай болған және олар ресми түрде жарияланғаннан кейін 100 жылдан соң ғана жинақталған. Сондықтан, уақыт талабына сай жаңа нормалар қосылған болуы да мүмкін, Жеті жарғыны зерттеушілердің бірі Спасский Тәуке ханның редакторлық-заңдық қызметін «Қырғыз жарғысы» деп те атаған. Левшин мен Спасскийдің қажырлы еңбегінің арқасында, танымал Тәуке ханның Кіші Орда мен Орта Орданың кейбір бөліктеріндегі қырғыздардың әдеттік-құқықтық нормативтері ретінде қалыптасқан бірқатар нақылдары қайта қалпына келтірілген.

Тәуке ханның жарғысы көшпенді қоғам өмірінің бар саласын реттеп қана қоймай, келер ғасырлардағы әдеттік-құқықтық жүйенің қалыптасуына негіз де болған. Бір айта кетерлігі, Тәуке ханның жарғысында қылмыстық жауапкершілік шаралары қарастырылмаған, тіпті, өлім болған күннің өзінде де, барлығы азаматтардың қанағаттануымен аяқталып отырған.

XVIII ғасырдың аяғында орыс зерттеушілері Тәуке ханның заң жинағын негіз етіп ала отырып, құқықтық қатынастарды реттеуші қарапайым құқық нормаларын жария еткен. Барлық құндылықтың өлшемі мал болған, малмен құнды да қайтарған, қалың малды да өтеген, түрлі айыптарды да малмен төлеген.

XVII ғасырда көшпенді Моңғол қоғамында да өнегелік құқықтық нормаларлы жүйелеуге әрекет жасалған. 1640 жылы Жоңғар хандығына кіретін Тарбағатай тауының етегіндегі Ұлан бур шатқалында бас қосқан халықтар мен жоңғарлардың ірі княздары «Ұлы заңдар жинағы». (Их Цааз) қабылдаған. Моңғол княздарының құрылтайы көршілеріне қарсы маньчжур агрессиясы басталған уақытта болған. Және құрылтайдың мақсаты —княздар арасындағы ішкі қарым-қатынасты реттеп, өзара айтыс-тартысқа соңғы нүкте қою болатын.

Жоңғар тарихының білгірі Златкиннің сөзімен айтсақ, жоңғар құрылтайының басты мақсаты —Халка меи Жоңғариямы біріктіру, ортақ мүддеге біріккен өзіндік хандық және княздық федерация құру, сол замандағы княздар билігі мен княздық құрылысты нығайту, ортақ жауларға қарсы күресте халқ және жоңғар княздарының басын біріктіру және жау іштен шыққан жағдайда өзара көмек көрсетуді қамтамасыз ету.

Сондықтан да, Жарғының бірінші бабы былай болып келетін: «Егер кімде-кім біздің мемлекетке қарсы шабуылға шықса, адам өлтіруге барса, көптеген адамдар мен ауылдарды тонаса, моңғолдар мен ойраттар күш біріктіре отырып, шабуыл жасаушының жолын бөгеуі керек. Және шабуылдаушының бар байлығын алып, оның бір бөлігін тоналған жұртқа беріп, екінші бөлігін ойрат және моңғол княздарына теңдей етіп бөліп беру».

Қабылданған Жарғы будда дінбасыларының құқықтық ережелерін моңғол көшпенді қоғамының маңызды құрамдас бөлігі ретінде заңмен рәсімдеген. Будда тақуалары пайдалануға жер алып, мал өсіруші шаруаларды жалдай алатын болған. Ал, ең жоғарғы дінбасы барлық міндеттемелерден босатылған.

Осылайша, XVI—XVII ғасырларда жүйеленген өнегелік құқық нормалары жаңа ғана туып келе жатқан буддизмнің құқықтары мен артықшылықтарын нығайтып, жекелеген сұлтандар мен княздардың билігін әлсіретуге ықпал етуі керек болатын.

Қазақ даласында да, Орталық Азиядағы басқа көшпенді халықтарда да әдет-ғұрып құқығы нормасын бекіту өте қауіпті жағдайда болды

Әдебиет

- 1 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт.Т.1.-Ташкент, 1889.
- 2 Словохотов Л.А. Народный суд обычного права киргизов Малой орды //Труды Оренбургской ученой архивной комиссии. Вып.ХУ. - 1905.
- 3 Марғұлан Ә.Х. Қасым ханның қасқа жолы // ҚСЭ. - Алматы, 1975.- Т.6.-542б.
- 4 Чулошников А.П. Очерки по истории казак-киргизского народа. Ч.1. - Оренбург, 1924.
- 5 Гродеков Н.И. Киргизы и кара-киргизы Сыр-Дарьинской области. Юридический быт. Т.1.-Ташкент, 1889. -25б.
- 6 Красовский М. Область сибирских киргизов // Материалы для географии и статистики России. – СПб., 1868.-Ч.1.-С. 53.

Резюме

В этой статье изложены основы казахского права. Казахское право - культурное богатство казахского народа и всего кочевого народа. Раскрыты основы становления казахского права как культурного и законодательного наследия кочевого народа.

Summary

In this article were recounted the bases of Kazakh law. The Kazakh law – cultural wealth of Kazakh and all of the nomadic people. And was opened the bases of formations of Kazakh law as cultural and legislative heritage of the nomadic people.

ӘОЖ 67.3

ҚАЗАҚ ҚОҒАМЫНДАҒЫ БИЛЕР ИНСТИТУТЫ

С.Б. Бейсебаева, Б.Ү. Құлжанов, Б.Қ. Абдрасилова
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Қазақстан Республикасы құқықтық мемлекет болып қалыптасып, қазіргі өркениетке аяқ басқан кезімізде қазақ халқының ғасырлар бойы қалыптасқан қоғамдық қатынастарды реттейтін әдет-ғұрыптарының, санаға сіңген тәртіп пен этикалық, рухани мәдениетінің оңды жақтарын қайта жаңғыртып, оны халық қажеттілігіне пайдаланудың маңызы зор. Көшпелі қазақ қоғамындағы билік, оның ішінде мемлекеттік билік өзінің тазалығымен және пәктілігімен белгілі.

Халық-биліктің қайнар көзі, тірегі және негізі болған. Билік игілігі халыққа бағытталып, соған қызмет еткен. Сондықтан, осыған байланысты мемлекеттік биліктің ішінде сот билігінің өз ерекшелігі болған. Көшпелілер қоғамында сот билігі, кей кездері хан билігінен де жоғары болған. Міне, қазақ халқының әлеуметтік құрылымын сөз қылғанда, ерекше көңіл бөлетін мәселе-би тұлғасы. Би-басқа лауазымдар мен атақтарға қарағанда біздің халқымыз үшін өте байырғы, төл ресми атақ, би ең алдымен халық билігінің өкілі еді. Мұны халыққа сырттан алып келіп ешкім ұсынбаған, бұл ұғым ғасырлар бойы қалыптасып, өз дәрежесін жоғары сақтап,

ұстаған атақ. «Господствующей социальной группой, выраставшей, в противоположность султанам, непосредственно из недр кочевой общины, были родовые старшины-бии. Они пользовались особыми правовыми и экономическими преимуществами» -деп профессор Е.Бекмаханов би тұлғасы туралы осылай тұжырымдайды. Демек, би - халықтың өз ішінен, өз әлеуметтік өмірінен шыққан лауазым.

Қазақта би атағын ресми түрде бермеген, формальды түрде сайлау немесе тағайындау болмаған. Би атағын алу үшін адам халық алдында жылдар бойы өзінің шешендік, әділдік, тапқырлық, парасаттылық, білімдарлық сияқты қасиеттерімен таныла білуі керек болған. Халық арасында ондай адам туралы жақсы лебіздер тарап, әркімдер дау-дамай туған істерінің билігін сұрап, көңілінен шықса, мақтау сөздер таратып отырған. Оның атағы жер –жерлерге тарап жұрт әділдік сұрап келіп отырған. Бұл үшін ол ешқандай ақы сұрамай әділ бағасын беріп отырған. Сөйтіп, ондай адал би болуға халықтың өзі таңдайтын болған.

Би болу, Әйтеке би айтқандай, «дұрыс сөзге тоқтай білген, басқаны сөзіне тоқтата білген» өнерлі адамның қолынан келген.

Бидің халықтық қасиеті осында жатыр. Би негізінен қарадан шыққан. Ол туралы Е.Бекмаханов былай дейді: «Биями могли быть только представители «черной кости», чингизиды не могли быть избраны биями, хотя они участвовали в разборе судебных дел».

Биді ешкім би атағынан аластай алмаған. Тек би өз беделін өзі түсіріп алса ғана, ол би атағынан айрылып қалатын болған.

Билердің басқаруы өмірдің, күнделікті тіршіліктің қажеттігінен туындаған, қазақтың ұлттық табиғатына сай келген құбылыс.

«Бас жарылса – бөрік ішінде, қол сынса - жең ішінде» деп сабырмен, көптің қатысуымен, игі жақсылардың төрелік етуімен, билердің билік құруымен шешіп отырған. Халық өзінің ұрпағы үшін күресе отырып, ешкімді итжеккенге айдалмаған, елде абақты, түрме тұрғызудың қажеттілігі болмаған. Бітім, құн беру, келісімге келу, ағайыншылық жолдарымен талай күрделі мәселенің күрмеуі шешіліп отырған.

Сондықтан да, қара қылды қақ жарар әділдіктен айнымаған билер институтының ежелгі ұстанымы - «Тура биде туған жоқ, туғанды биде иман жоқ»-деген нақыл сөз дүниеге келген.

Қазақта «Он үште отау иесі, он алтыда - ордаға кіреді» деген сөз бар. Өйткені 16 жас - кәмелет жасы. «Ордаға кіреді» деген сөз - осы жаста хан сайлауға, би сайлауға, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді шешуге қатысады деген ұғымды білдіреді.

Ал халық сынынан өтіп, ақыл-парасатымен танылған бозбалалар он алты жасында би болып сайланған, ел басқару ісіне араласқан. Жалпыға белгілі болып отырғанындай билер беделі мен орнына қарай: төбе би, төтенше би, жеке би, бәтуа би, аға би, бала би т.с.с болып жіктеліп келген. Осы аталғандардың қайсысын алсақ та, олардың билік айтатын пәтуаға шақыратын өз саласы барлығын байқау қиын емес. Мәселен, төтенше би шұғыл мазмұндағы мәселелерді шешкен. Бұл — тұрақты би емес, мұндай мәртебенің қай-қайсысы да билердің кеңесуімен ғана берілген.

Би аталуы үлкен дайындыға бар, өмірлік-пәлсапалық тәжірибесі мол, құқықтық мәселелерді жете меңгерген беделді, ойлы да шешен адамдардан іріктелген. Әдетте мұндай билер ағаттық жібермеген. Сондықтан айтты - болды, кесті-үзілді. Яки жұртшылық та, дауласушы жақтар да оның дегеніне мойынсұнып отырған. Несін айтасыз, бұл бір қаймағы бұзылмаған елдік дамудың өзі қалыптастырған табиғи нышандары еді ғой.

Қазақ халқының тұңғыш аудармашысы, публицист және ағартушы-демократ Дінмұхаммед Ғазыұлы Сұлтанғазин (1867-1917, кей мәліметтерде 1918 жылдар деп көрсетілген) өз зерттеулерінде қазақ қоғамындағы билер сотының тиімді және ізгілік сипаттағы нышандарына ерекше назар аударып, өз пікірін білдірген. Ол қазақтың билер сотының демократиялық және ұлттық ерекшеліктеріне сай келетіні хақында ерекше толғаныспен жазады. Билер сотының жағымды, бюрократиялық сипаттардан мүлдем жоқ екендігін. мақтаншыпен көрсетеді. Сұлтанғазин билердің ертеректе сайланбағанын, олардың халық дәстүрлерін жақсы білгендіктен би болып танылғандығын айтады. Мұндай билердің шешімдерін ешкім өзгертпеген тіпті хандардың өзі олардың ісіне араласпаған, шешімдерін бұза алмаған.

Билер ел мен елді, ауыл мен ауылды жақындастыра, бітістіре отырып, олардың арасында әділет орнатушы міндетін де атқарды.

Бұрынғы және қазіргі қазақ қауымына белгілі заңгер, саясатшы Дінмұхаммед Сұлтанғазиннің бұл пікірінен мынаны аңғаруға болады: билер сотының шешімі дауласқан екі жақтың да талаптарына сай келіп отырған, билердің іс бойынша айтқан билігіне даугер де, айыпкер де риза болған. Егер бір жақ шығарылған билікке келіспесе, шешім әділетсіз деп танылған. Алайда мұндай келіспеушілік өте-мөте сирек кездесетін. Мұндай іс болған жағдайда қайта қарап, дұрыс шешімін шығаруға тырысқан.

Қазақтағы билердің дауға кесік айту дәстүрі туралы Әлихан Бөкейхановтың еңбектерінен де кездестіруге болады. Оның «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 21 санында жарық көрген «Бас қосу турасында» деген мақаласында қазақ халқының дәстүрлі салтындағы үлкен жиынға әр рудың сөзін ұстап баратын адамның, ақсақалдың немесе бидің жұртшылық арасынан сайланатын депутат қызметімен орайлас екендігін салыстырып көрсеткенін байқаймыз. «Ендігі уақытта, орысқа қараған заманда қазақтар бас қосып, іс жасау үшін, өз ішіндегі алауыздықты, әрі тарт берекесіздікті күрту керек» деген ой айтады.

Орыс заңына біржолата бас ию немесе ескі шарифат шарттарын орындау - осы секілді екінің біріне жығылған үзілді-кесілді таңдаудың дәл қазіргі күнде қазақ тұрмысына келмейтіндігін автор «Тағы да би ыәм билік» атты мақаласында айта келіп, заманға лайық, екі бағыттың да тиімді рәсімдерін алған жолды жөн көреді.

Билер хақында көп қалам тартқандардың бірі - Шәкәрім Құдайбердиев. Ақын билік туралы қазақтың ескі жолы бар екендігін айта келіп, алаш қауымына арнап мынадай пікір айтады: «Ескі жолдың көбі осы күнгі өмірге қолайлы... Соларды тексеріп, қолайлысын алып, осы күнгі өмірге келісімсізін түзетіп, бір жоба жол қылып жазса, қазаққа сонан қолайлы жол болмас еді. Оны жазу қазақтың кемеңгерлері мен оқымысты жастарының ақылдасуымен табылады. Өзге жұрт қазақ жайын қанша білемін десе де анық, жете білмейді» [1].

Мінеки, халықтың осындай қарапайым тәжірибесінен қазылық институты, төрелік айту әдеті қалыптасқан.

Ендігі әңгіме билер институтындағы ұлы тұлғалар жайлы сөз еткенде қазақ тұтастығына өлшеусіз үлес қосқан халқымыздың үш саясаткері, мемлекет қайраткері, ұлтжанды үш кемеңгері Төле би, Қазыбек би, Әйтеке би даналар мектебінен өтіп қазақтың «Жеті жарғысын» саралағанын айтпасақ болмайды. Олар халық бабасына, халық данасына айналды.

Осы уақытқа дейін біз «хан» деген сөзге үрке қарап келдік. Оларды «ақ дегені алғыс, қара дегені - қарғыс» өктем әмірші деп білдік. Шындығына келгенде, қазақ сахарасында ел билеушілердің демократия жолын ұстанғанын сол оның куәгері-жыраулар поэзиясынан да байқау қиын емес. Мәселен, әр жыраудың көп толғауларында Абылай хан атына үлкен сындар айтылады, көбіне-көп жырау сөзімен есептесіп отырған, сөзін жерге тастамаған.

Ел басқару ісіндегі демократияның бір көрінісі, шетте хан өз ордасына үш жүзден кеңесшілер жинаған. Бұл-хан кеңесі ашылған. Осы кеңестің шешімін орындауға хан міндетті болған. Өз Тәукенің дәуірі кезінен жеткен «Құлтөбенің басында күнде кеңес» деген сөз содан қалған. Өз Тәуке хан барша мемлекеттік мәселелерді ел жіберген өкілдерімен шешіп отырған. Ханның әділ шешімге осындай жолмен келгендігі белгілі. Ең қиын дау - жер дауы, жесір дауы кезінде би біреу. Бірнеше бидің пікірі бір арнадан шыққан кезде ғана түйінді шешім шығарады. Осының бәрін демократияның қазақ еліндегі үлгісі деп білуіміз керек.

Жалпы, қазақ елі тарихындағы билер институтында аты шыққан ұлы тұлғалар баршылық. Олардың ішінде он үш жасында қазақ пен қалмақ елінің дауын шешіп, төбелессіз ханды бітімге келтірген Қаздауысты Қазыбек би, он үш жасында билік айтып, көзге түскен Мөңке би, Шақшақтың Жәнібегі тәрізді билерді сөзден мүдірткен он бес жасар Жобалай бар. Олар - далалық даналар, даланың Цицерондары деген атаққа лайық біртуар дара тұлғалар.

Сондықтан, билердің сөз өнері өз алдына бір үлкен тәрбие мектебі болып саналған. Одан келіп қазақ мемлекетіндегі билер басқаруының сабақтастығы тура айтылатындығы заңды. Өтпелі кезеңде егемен ел басқарудың соңғы жылдары ұмытыла бастаған билер институтын белгілі бір жағдайларда жаңғыртуы даусыз мәселе сияқты. Мысалы, қазір қазақ мектебінің дамуында осы бағытты ұстануы керек деген мәселе күн тәртібінде тұр.

«Түгел сөздің түбі бір, түп атасы - Майқы би» демекші, кейінгі билер өзінің алдында өмір сүргендердің тәлім-тәжірибесін ескеріп отырғаны. Сөйтіп, ұрпақтардың байланысына сызат түспеген. Билердің сөзі сол күйінде жетіп отырған.

Атақты билердің барлығы осындай халық мектебінен тәлім-тәрбие, үлгі өнеге алған. Мәселен, Қазыбек би Бұқарада оқыған ғұлама ғалым Тобықты Әнет бабаның қасына көшіп барып, айлап-жылдап жатып, қазақтың әдет-ғұрпы мен шариғат заңдарын үйренген, батасын алған. Осы сияқты әрі батыр, әрі шешен Қошқарұлы Жәнібек-Төледен, Датұлы Сырым - Малайсары биден алған.

Билердің ең үлкен тағылымы - олар сөз күдіретін, сөз ғылымын терең меңгергендігінде. Олар - қоғамның дамуында сөзді іс-әрекетінің құралына айналдыра білген жандар.

Билер институты көшпелі қазақ қоғамындағы әділ соттың негізгі элементі болған. Бұл - сот билігін ұйымдастыру мен жүзеге асырудың дәстүрлі формасы. Қазақ халқының көшпелі өмір салты, шаруашылыққа бейімділігі, өмір сүрудің жағдайлары, рухани мәдениеттің жоғары моральдық-этникалық принциптерге негізделуі қазақтардың өзіндік әділсот жүйесін дүниеге әкелді. Ол - билер соты. «Би» терминнің иесі ретіндегі қолында билігі бар тұлға негізінде «билік» терминін жасаушы және сот билігінің бейнесі. Билер институтының өн бойында құқықтық сананың түрлі бағыттары, түсініктер, сезімдер, және идеялар жатты.

Оның бәрі де қоғамның қалыпты өмір сүруіне жұмылдырылды. Бұл барынша жетілген, бірегей құбылыс. Ол қай кезеңде де, қай халықтың бас ауыртар проблемалары болған — тәуелсіздік, соттың әділдігі, соттасуға негіз болған дау-жанжалдар мен халық арасындағы дау-дамайды тезірек шешу сияқты аса нәзік, пайымдауды қажет ететін істердің жүзеге асырылуын қамтамасыз етті.

«Малым - жанымның садағасы, жаным - арымның садағасы» деген сөз осындайдан қалған. Әділеттілікті қамтамасыз етуге бағытталған адамгершілік базасы қарапайым құқықтық нормалар базасынан әлдеқайда күшті болды, бірақ, қазақ құқығы құқық пен адамгершіліктің бұлайша жіктелуін қабылдай алмайды. Қазақтардың адамгершілік туралы түсініктері дамуы жағынан, құқықпен салыстырғанда, қай кезде әлдеқайда алда болған. И. Кантқа сүйенсек, қазақтардың әдет-ғұрып құқық нормаларын «этикалық заңнамалар» деп атауға болады. «Іс-қылықты-парыз, парызды - себеп деп қарастыратын заңнамалар-этикалық заңнамалар, ал бұл шарттарды заң негізіне қабылдамайтын, парыз идеясынан басқа да себептерге жол беретін заңнамалар-заңдық заңнамалар. Этикалық заңнамалар-тек қана сыртқы бола алмайды...» [2].

И.Канттың пікіріне жүгініп, қазақтардың әдет-ғұрып құқықтарының сыртқы сипаттарын жоққа шығару дұрыс болмас еді, онда сыртқы күштердің элементтері де болды. Әдет-ғұрып құқықтың нормалардың айрықша ерекшелігі- құқықтық шараларға парыз бен себепті бір мезгілде біріктіру. Қазақтардың әдет-ғұрып құқықтарының айрықша ерекшелігі де осында. Бұл, сондай-ақ, сот билігін ұйымдастыру мен қызмет еткізудің негізгі принциптерінің бірі. Зерттеуші И.Козлов көшпелі өмірдің көріне бермейтін мына бір сәтін жақсы байқапты: «...Бірақ, қырғыз соттарының (төңкеріске дейінгі кезеңде ресейлік шенеуніктері мен зерттеушілер қазақтарды қырғыздар деп атады) ең жарқын жағы—дауласушы тараптардың ұдайы ұятқа жүгінуі және әрбір істе кездесетін ымыраға келу шарасының болуы» [3].

«Қазақтардың әдет-ғұрып құқықтары халықтың өзіне барынша жақын, барынша халық өмірінің логикасына сүйенген және айтарлықтай деңгейде адамның мәңгілік рухани негізін, сондай-ақ, жетілуі мен дамуына қарамастан, оның ұмтылысын көрсеткен»- академик Салық Зиманов қазақтардың әдет-ғұрып құқықтарының табиғатын анықтай келе осылай тұжырым жасайды [4].

Қазақтардың әдет-ғұрып құқықтарының табиғатын анықтау үшін, пікірімізше, құқықтық тарихи мектебінің теориясына көбірек сүйенген дұрыс. Мәселен, Г.Пухта қарапайым құқықты анықтауда сол халықтың жаратылысына көбірек жүгінеді. «Әдет-ғұрып құқықтары жалпы құқықтың негізінде, халықтық сенім мен сол халықтың өзінің негізінде өмір сүреді және қызмет етеді» [5].

Г.Пухта «барлық халықтарда, барлық кезеңде де рухани жағынан аса бай, құқық саласындағы көптеген мәселелерді өзіндік танымымен жетік түсіне және соған бейім ерекше адамдар болады. Таным нормаларының үнемі түрленіп отыруы және санының да көбеюі жалпы бұқараның түсінігін аса жетілдіре қоймағанымен, заңгерлер барған сайын халықтық танымның өкілдері болып қала береді» деп сендіреді [6].

Көшпелі қазақ қоғамында салт-дәстүр мен құқық құндылықтарының негізгі іздеушілері — қазақ билері. «Қазақ қоғамының ішкі ұйымдасуы мен өмірге бейім болуы механизмінің ерекшелігі — айрықша топтағы адамдар саналатын арнайы жағдай жасалғанында, өйткені,

билер халықтық дәстүрлердің білгірі әрі сақтаушысы болды. Билердің беделділігі сонда, құқықтық нормаларды анықтауда және оны бекітуде соңғы сөз соларда болды» [7].

Әдет-ғұрып құқықтық заңдар жинағы ауызша формада болды, халықтың жанында сақталып, ұрпақтан ұрпаққа жетті. Академик С.Зиманов «құқық нормалары о бастан-ақ жазбаша түрде болмаған болар, ал олардың кейінен жазылуы әбден мүмкін» дегенді айтады [8].

Бұл пікірді академик С.Зиманов та қуаттайды: «Қазақтардың әдет-ғұрып құқықтық нормалары мен салт-дәстүрлері үнемі белгілі бір шеңбердің ішінде бола бермейді. Олар көп жағдайда талдау барысында шартты түрде белгіленуі мүмкін» [9].

Кант айтпақшы: «Әділдік нақылдары бойынша, «ең қатал құқық-ең ұлы әділетсіздік», бірақ, құқық жолында бұл норма құқықтық талаптарға қатысты болса да, оған қарап қалуға болмайды. Өйткені, әділеттілік ар сотына тәуелді, ал әрбір құқықтық мәселе азаматтық құқық негізінде шешілуі тиіс» [10].

Билер соты көшпелі қазақ қоғамындағы сот билігінің қалыптасу өмір сүру түріне айналуы. Әдет-ғұрып құқықтарында билердің - соттардың қалыптасу институтының жоқ екені мәлім.

Би атағына дүйім елдің алдында өзінің әділдігін, даналығын, шешендігін дәлелдегенінің арқасында ғана қол жеткізуге болатын.

«Билердің маңызы Еуропадағы ақындардың, ғалымдардың, қорғаушылардың беделі секілді жеке беделге негізделген. Мәселен, Шекспир мен Гете әлем мойындаған ұлы ақындар болғанымен, олардың даналығы туралы бірде-бір үкіметтік декреттерде көрсетілмеген немесе олардың беделі халықтық формальды сайлауларда анықталмаған» [11].

Ш.Уәлиханов билердің «тура шешім қабылдауға шартты түрде болса да ықпал ететіндей сыртқы жағдайларда тәуелсіз болғанын» айтады.

«Билерді формальды түрде ешкім сайламайды да, ешкім бекітпейді де», деп жазады Ш.Уәлиханов [12].

Билер халықтық таным топырағынан туындаған, ол көбіне ізгілік пен ар туралы терең түсініктен бастау алған. Ал, байлық пен шыққан тегіне аса мән берілмеген. Билер әділеттілік туралы жалпыға ортақ сенімдердің үстемдік құруы мен халықтың ұят-аяты үшін белсенді күрес жүргізген.

«Табиғатынан ақылды болуы, айрықша рухани қасиеттері мен іс тәжірибесі жылы жүзділік, міне, осы қасиеттер билерге осы құрметті атақты бере алады...» [13].

Қазақтың салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптарын терең білетін, әдет-ғұрып құқықтық нормаларын меңгерген, көшпелілердің психологиясымен жақсы таныс, сөз өнерінің шебері, айрықша қиын жағдайлардан жол таба алатын қасиетке ие адамдар ғана би немесе судья бола алатын.

Осы мәселеге А.И.Краханов назар аударыпты: «Соттардың әділеттілігіне келгенде қырғыздардың талабы өте жоғары: күллі жұрттың алдында жеңіп шығып марқайып тұру үшін судья ғасырлар бойғы халықтық нақылдар мен дәстүрлері негізді түрде білуі керек; қалың жұрттың алдында кейбір істердің үтір-нүктесіне дейін тоқталып, қалай шешім шығарғанын негіздеп беретіндей жады мықты болуы керек: ал ең маңыздысы - әділетті болуы керек. Далалық жерде кез келген қырғыздың би болу мәртебесіне қол жеткізе алмайтыны да содан» [14].

Осылайша, көшпелі қоғам сот билігін қоғамдық өмірдің маңызды категориясы - әділеттілікпен тығыз байланыстырады. «Таста тамыр жоқ, биде бауыр жоқ» деген нақыл сөз осындайдан қалған. Билер сотын ұйымдастырудың басқа да принципі болған: «...би ешкімнің алдында есеп беруге міндетті емес, ол тек өзінің ұяты мен Құдайдың алдында ғана есеп береді». Бұл принциптің астарында өте үлкен халық даналығы жатыр. Би үшін маңыздысы - атын және арын таза сақтау.

Әдебиет

1 «Қазақ» кітабы, «Білім» баспасы, 1994 жыл, 156-бет.

2 Кант И. Метафизика нравов //Немецкая классическая философия. Т.1. - М.: Эксмо-пресс, 2000. – С.26 - 27.

- 3 Козлов И. //Материалы по обычному праву казахов. Сб.1. - Алматы, 1998.-301с.
- 4 Қазақтың ата заңдары. Т.1. -Алматы: Жеті жарғы, 2001.-27-бет.
- 5 Новгородцев Н.И. Историческая школа юристов.- СПб, 1999.- 92-бет.
- 6 Сонда.
- 7 Зиманов С.З. Проблемы казахского обычного права.- Алма-Ата: Наука, 1989.-С.14.
- 8 Сонда.
- 9 Сонда, 16-бет.
- 10 Кант И. Метафизика нравов //Немецкая классическая философия.Т.1.- М.:Эксмо-пресс,2000.-С.42.
- 11 Валиханов Ч. Соб.соч.: в 5 т.-Алма-Ата, 1985.-Т.4.-77-бет.
- 12 Сонда,77-бет.
- 13 Д'Андре Л. О степном законе //Материалы по обычному праву казахов. Сб. 1. –Алматы.- 164-бет.
- 14 Юридическая газета. -1995. -№ 5.

Резюме

В статье рассматриваются истоки, сущность и природа института биев в казахском традиционном обществе, а также особенности правового статуса биев и их правомочия.

Summary

This article is examined the sources, essences and the nature of institute of Bay in Kazakh traditional society, also the regularities of lab bull status of Bay and their authority.

УДК 004. 434.: 811.161.1.

НЕКОТОРЫЕ ВОПРОСЫ ОБУЧЕНИЯ ПОНИМАНИЮ, ОСМЫСЛЕНИЮ И ПЕРЕРАБОТКЕ НАУЧНОЙ ИНФОРМАЦИИ НА РУССКОМ ЯЗЫКЕ

Б.К.Бизакова, Р.К.Бабаева, У.У.Калыбекова
ЮКГУ им.М.Ауезова, г.Шымкент

Рост удельного веса научной литературы в современной коммуникации не только оказывает существенное влияние на характер общения в целом, но и усиливает актуальность лингводидактической проблематики обучения русскому языку студентов национальных групп в вузе. Научно-технический прогресс, повышение роли науки и интенсификация информационных процессов актуализирует обучение различным формам оперативной, разносторонней и глубокой переработки русской научной информации. В связи с этим одной из актуальных проблем преподавания русского языка является обучение чтению научной литературы, пониманию, осмыслению и переработке научной информации на русском языке.

Многолетний опыт работы в национальных группах показывает, что, как правило, у будущих специалистов определенным запас общенаучной и терминологической лексики недостаточен. Стоит задача: максимально приблизить учебный материал к потребностям речевой деятельности студентов.

Овладение элементами научного стиля должно подготовить студентов к чтению специальной литературы, участию в семинарах, конференциях. Овладение, усвоение некоторого объема специальной лексики и умения производить элементарные операции с целым текстом на уровне его логико-композиционной и содержательной структуры будет способствовать эффективному обучению языку специальности.

В методической квалификации уровней понимания устной речи (по Л.П.Смирнову) различаются уровни фрагментарного, глобального, детального и критического понимания.

Основу фрагментарного понимания составляют умения и навыки перцептивно-сенсорной базы аудирования, умения различать, узнавать, дифференцировать языковые единицы, сегментировать высказывание, устанавливать значения незнакомых слов на основе словообразовательного анализа и др.

Уровень глобального понимания характеризуется умением выделять ключевые слова и с их помощью определять тему сообщения.

На уровне детального понимания реципиент выявляет формальную структуру текста, отделяет основной фактический материал от второстепенного, новую информацию от уже известной, обобщает детали содержания, усиливает эксплицитно выраженную главную мысль текста.

Уровень критического понимания предполагает умение понять цель речевого сообщения, оценить содержание сообщения и отношение к нему говорящего, проникнуть в подтекст.

Ценность этой классификации заключается в обращенности ее к языковым и речевым характеристикам воспринимаемого сообщения, овладение которыми составляет важный аспект формирования коммуникативной компетенции в чтении и аудировании.

Концепция понимания и последующего воспроизведения изложена в трудах Л.С.Выготского, И.А.Зимней, А.А.Леонтьева. Согласно данной концепции, для воспроизведения сообщения необходимо воспринять, осмыслить, запомнить и только затем воспроизвести извлеченную информацию, передав ее в соответствии с нормами данного языка и стиля.

Само понимание как результат осмысления представляет собой “уяснение”:

- а) связей и отношений объектов и явлений, о которых говорится в сообщении, к объектам и явлениям реальной действительности;
- б) связей и отношений, которые существуют между этими объектами и явлениями;
- в) тех отношений, которые испытывает к ним говорящее лицо;
- г) той побудительно-волевой интонации, которая содержится в сообщении.

Рассмотрим когнитивную, учебно-познавательную операцию, типы и системы операций, используемых в процессе реальной обработки дискурса и обучения чтению. Применим идею Ж.Пиаже о прямом и обратном порядке выполнения когнитивных операций к интеллектуально-познавательным действиям, осуществляемым в процессе когнитивной обработки научной информации (научного дискурса).

К основным операциям, существенным при обработке дискурса, относятся следующие:

1. Операция угадывания (прямая операция - антиципация, т.е. предвосхищение содержания дальнейшей текстовой информации; обратная операция - ретроспекция, под которой понимается умение на основе данного текста догадываться о содержании тех письменных фрагментов, которые ему предшествовали, о предыдущих событиях, о ранних ходах логических рассуждений, о причинах по их наличным следствиям и т.д.).
2. Операция семантизации (прямая операция - извлечение, т.е. выделение в заданном тексте его смысловой структуры; обратная операция - построение, под которым понимается создание нового текста по заданным смысловым единицам (фокальным точкам).
3. Операция структурирования (прямая операция - дивергенция, т.е. разделение целого на составляющие его элементы с установлением связей между ними; обратная операция - конвергенция, под которой понимается составление из заданного набора элементов некоторой структуры).
4. Операция топикализации (прямая операция - компрессия, т.е. сжатие некоторого варианта до инварианта, наиболее точно выражающего смысл данного дискурса; обратная операция - развитие, под которым понимается уточнение, раскрытие, конкретизация заданной идеи, содержания, смысла).
5. Операция классификации (прямая операция - подбор или поиск явлений, соответствующих заранее заданным классам; обратная операция - определение классов, к которым относится заданная совокупность явлений).
6. Операция категоризации (прямая операция - нахождение явлений, соответствующих данной категории; обратная операция - поиск общей категории, объединяющей заданную совокупность явлений).
7. Операция преобразования (прямая операция - трансформация, т.е. преобразование заданного текста в новый; обратная операция - восстановление, воспроизведение первоначального текста по трансформированному).

8. Операция замещения (прямая операция - подстановка, т.е. замена слов, словосочетаний теми, которые предназначаются для выбора; обратная операция - удаление части текста по определенному образцу или правилу).

9. Операция сравнения (прямая операция - идентификация, т.е. установление тождества между сравниваемыми объектами, выяснение общих, объединяющих их черт и особенностей; обратная операция - дифференциация, под которой понимается поиск и установление различий между сравниваемыми объектами).

10. Операция вывода (прямая операция - импликация, подразумевающая выведение следствия из известной причины; обратная операция - экспликация, предполагающая обнаружение скрытой причины по заданному следствию).

Для выполнения описанных выше операций необходимо более подробно остановиться на когнитивной операции. Такая операция, выполняющая универсальную учебно-познавательную роль, называется переносом.

Перенос - это совершенствование знаний и умений выполнения всех когнитивных операций, описанных выше, за счет изменения в них отдельных деталей (элементарных актов) или дополнение их деталями, делающими эти операции пригодными для более широкого класса явлений.

Прямая операция переноса - аккомодация. Она предполагает применение конкретной когнитивной операции в новых условиях. Обратная операция переноса - ассимиляция. Она заключается в изменении знаний и умений выполнения когнитивной операции при столкновении с новыми ситуациями или условиями.

Система обучения пониманию, осмыслению и переработке русскоязычной научной литературы должна строиться на учете: а) усвоения научно-информационных форм представления сведений и механизмов их порождения; б) овладения лингво-когнитивными операциями переработки научной информации.

- 5 Сергеев В.Н. Термины как объект лексикографии /В кн.: Современные проблемы терминологии в науке и технике. – М., 1977. – С. 123-126.
- 6 Перерва В.М. Отбор терминологической лексики для общих словарей языка //Современная русская лексикография. – Л.: Наука, Ленинградское отделение, 1979. – С.107.

Қорытынды

Мақалада орысша-қазақша сөздіктердегі префикстік зат есімдердің лексикографиялау әдістері қарастырылған: 1) префикстік зат есімдерді іріктеу принциптері; 2) префикстік зат есімдердің мағыналарын ашу принциптері; 3) иллюстративтік материалдардың ролі және префикстік зат есімдерге иллюстрация жасау принциптері; 4) фразеологизмдердің берілу жолдарының принциптері; 5) сөздердің стилистикалық сипаттамасы.

Summary

In that article is devoted to methods of lexicographic description of prefixal nouns in Russian-Kazakh dictionaries: 1) principles for selection of prefixal nouns; 2) principles for showing the meaning of prefixal nouns; 3) importance of example material and its principles for prefixal nouns; 4) principles of phraseologisms' translation; 5) stylistic characteristic of words.

ӘОЖ 656.073.51

КЕДЕН ІСІ САЛАСЫНДА КЕЗДЕСЕТІН ҚЫЛМЫСТАРМЕН КҮРЕС ЖҮРГІЗУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Д.Б.Назарбекова, С.А.Иманбердиев
М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Еліміздің ұлттық экономикалық қауіпсіздігі мемлекетіміздің басты бағыттарының бірі болып табылады. Қазақстанның географиялық жағынан тиімді орналасуы, көлік инфрақұрылымының жедел дамуы, шекарасының айтарлықтай ұзын болуы оның есірткі мен психотропты заттарды Оңтүстік-Батыс Азиядан және Ауғанстаннан Ресейге, одан әрі Еуропаға және басқа континенттер елдеріне транзиттеуге тиімді «көлік коридорына» айналуына себепші болды.

Аяқ басқан ХХІ ғасыр адамзаттың қызығушылықтарын қанағаттандыруға бағытталған аймақтық, континентальдық деңгейдегі қалыптасқан жаңа қуатты интеграциялық экономикалық бірлестіктердің ұлғайған жүз жылдық болуы қажет. Оған әрбір ел, мемлекет және әрбір адам өз үлесін қосады. Қазақстан да өз үлесін қосуға шама шарқынша күш салып келеді. Бұған кері әсерін тигізетін құбылыстар да аз емес. Соның бірі қылмыстылық болып табылады.

Экономикалық қызмет саласындағы қылмыстар материалдық және басқа да құндылықтарды, халыққа көрсетілетін қызметті бөлуге, айырбастауға және тұтынуға байланысты туындайтын, қоғамдық қатынасқа зардабын тигізетін, қылмыстық заңда көзделген қоғамға қауіпті іс-әрекет.

Экономикалық сферада жасалынатын қылмыстар жоғары латенттік тобына жатады.

Криминалист-сарапшылардың пікірінше, жалпы алғанда осындай қылмыс түрлерінің 15-20 % ашылады. Демек, осы орайдағы қылмыстық істің жағдайы, тіркелген қылмыстық статистикадан кем дегенде 5-6 есе төмен болып отыр.

Мұндай қылмыстардың болуына не себепші болады?

Арнайы ақпараттық құралдардың жүргізген қоғамдық сауалнамасының мәліметтері бойынша, экономикалық қылмыстардың өсуі қоғамның моралдық жағдайына байланысты болады. Негізгі себептер ретінде заңгерлер мыналарды атайды.

Сауалнамаға жауап бергендердің әкімшілік-бюрократиялық механизмнің ыдырауы мен сыбайластықтың өсуі-85,5 %, қос мораль-79%, биліктің жоғары лауазымдарының қылмыстық іс-әрекетке қатысуы-74%, қос заңдылық, яғни заң алдында қарапайым азамат пен басшының тепе-теңдігінің жоқтығы-75%, мемлекеттік меншікті сақтау мен еңбек нәтижелеріне деген нақтылы қызығушылықтың жоқтығы-59%.

Мемлекеттің экономикалық мүдделерін қорғау ісінде маңызды орынды кеден органдарының қызметі алады. Кеден органдарының қызметі ел экономикасын мемлекеттік реттеудің маңызды құралдарының бірі болып табылады. Кеден органдары өз қызметтерін ойдағыдай жүзеге асыра отырып мемлекеттің экономикаын көтеруге және елдің бюджетін толтыруға ықпал етеді. Қазақстан өзінің тәуелсіздігін алғаннан бергі уақытта елдегі экономика мен бүкіл қоғамдық өмірді реформалаудың жоғары қарқыны қоғамдық қатынастардың барлық нысанына, ең алдымен экономикаға, әсерін тигізбей қоймады. Меншіктің құрылымы елеулі түрде өзгерді, экономикалық қатынастар салалары кеңіп, сыртқы экономикалық байланыстарды ырықтандыру жүзеге асырылды, барлық шаруашылық субъектілерінің экспорттық-импорттық операцияларды жүзеге асыруына жол ашылды, банк туралы заңдар елеулі жақсарды, ол банктерде, соның ішінде шет ел банктерінде де кедергісіз есеп-шоттар ашуды жүзеге асыруға жәрдемдесті, кәсіпорындарды тіркеу мен тарату тәртібі, рұқсаттама құжаттар, мөрлер мен мөртабандар алу жеңілдетілді [1].

Қазақстан Республикасы кеден ісі саласында қылмыстардың бірнеше түрлері кездеседі. Атап айтсақ:

1) Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 209 бабына сәйкес Экономикалық контрабанда;

2) Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 213 бабына сәйкес Шетел валютасындағы қаражатты шетелден қайтармау;

3) Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 214 бабына сәйкес Кеден төлемдері мен алымдарын төлеуден жалтару;

4) Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің 250 бабына сәйкес Айналыстан алынған заттардың немесе айналысы шектелген заттардың контрабандасы [2].

Тарихи қайнар-көздерден ұғынатымыз **контрабанда** – бұрынан келе жатқан кертартпа құбылыстар мен әрекеттердің жиынтығы. Ол жөнінде ерте грек және рим құжаттары мен мемлекеттік іс-жүргізу қағаздарында кездеседі. Орта ғасырларда «**kontrabandos**» сөзі сатуға тыйым салынған және тәркіленуі міндетті тауарларды белгілеу үшін пайдаланылған.

Көптеген елдердің тәжірибесінде контрабанданы (итальян сөзі **contro** - қарсы, **bando**- мемлекет қаулысына) мемлекет шекарасы арқылы заңсыз түрде, қылмыс деп табылатын тауарлар мен басқа да құралдардың өтуі деп түсіндіріледі.

Контрабанда, ең алдымен, мемлекеттің экономикалық мүддесіне нұқсан келтіреді, себебі, біріншіден - әкелінетін және шығарылатын тауарларға белгіленген алымдар мемлекеттік бюджетке түспейді. Екіншіден, елдің экономикасы үшін өте қажетті болғандықтан сыртқа шығаруға тыйым салынған тауарлар (стратегиялық мақсаттағы шикізат) әкетіледі.

ҚР кеден органдарының маңызды міндеттері экономикалық қылмыстармен және әкімшілік құқық бұзушылықтармен, контрабандалық тауар және көлік-құралдарының, есірткі заттарының, қару-жарақтың, Республиканың мәдени-тарихи құндылықтарының заңсыз өтуімен тиімді күрес жүргізу болып табылады.

Кеден органдары өздерінің құқық қорғау қызметін жүзеге асыра отырып экономикалық қылмыстармен күресте маңызды жұмыстар атқарады [3].

Біз талдау жасай келе үстіміздегі жылда экономикалық контрабанда бойынша қылмыстық іс қозғау азайды. Мұндағы әсіресе кеден шекарасын кесіп өту кезіндегі тауарларды алып өту кезіндегі мәселелер бойынша айтуға болады. Бұған себеп тұлғалардың ҚР кедендік, әкімшілік, қылмыстық заңдарының шарттары жағдайларына бейімді болуы. Жалпы айтқанда көп тауар түрлері өте аз көлемде кедендік ережелерді бұзуда, яғни 209 бап бойынша еленбейтін құқық бұзушылықтар болатын.

1-кесте - Оңтүстік Қазақстан облысы бойынша қозғалған қылмыстық істер (дана)

	2006ж.	2007ж.	+/-
Қозғалған қылмыстық істер	52	60	+8
209 бап, экономикалық контрабанда	22	25	+3
250 бап, есірткі заттар мен басқа да айналысқа тыйым салынған бұйымдардың контрабандасы	9	12	+3
214 бап, кеден төлемдері мен салықтарын төлеуден жалтару	9	9	0
Басқа да баптар	12	14	+2
Сотқа жіберілген істер саны	23	38	+15
Анықтаушылар саны	2	2	0
1 анықтама жүргізушіге жүктеме	26	30	+4

Есірткілердің заңсыз айналымының көлемі және оларды асыра пайдалану ауқымы Қазақстанда өсуін жалғастыруда, тек халықтың денсаулығына қатер төндіріп қана қоймай, сонымен бірге экономикалық, саяси және әлеуметтік жағдайды, мемлекет жүргізіп жатқан экономикалық реформалар үдерісін тұрақсыздандырып отыр.

Қолда бар мәліметтерге сүйенсек, Ауғанстандағы есірткі жағдайы АҚШ лаңкестікке қарсы операциясын бастағанан кейін де айтарлықтай өзгерістерге ұшырған жоқ және бұрынғыша өндіріс көлемі мен есірткі контрабандасы өсуде.

ТМД оңтүстік шекарасының жеткілікті қорғалмауы Ауғанстанда шығарылған есірткілердің аталмыш аймақтарға ауқымды енуіне әкеліп соқты. Егер бұрындары контрабанданың кейбір бағыттары туралы ғана айтылса, ал соңғы жылдары Орталық Азия мен Ресейдің түгел дерлік аумағынан есірткі трафиінің арналары өтеді. Соған сәйкес, бұл аймақ ауған апиыны мен героинін сатудың тартымды нарығына айналады.

Осы жоғарыда қарастырылған жайларды қорытындылай келе, көрсетілген мәселелерді талдай отырып мынадай ұсыныстар мен пікірлер жасауға болады:

- техникалық құралдардың санын көбейту. Атап айтқанда жеңіл көлік, түнгі көру құралдары, салмақ тексеру құралдары және т.б.;

- кеден қызметкерлерінің жалақысын тағы да көтеру. Бұл өз кезегінде кеден қызметкерлерін парақорлықтан қорғауға өз әсерін тигізеді;

- сотта қаралатын қылмыстық ісер бойынша кеден органдарының тыс қалмауы;

- жедел - іздестіру жұмыстарын жүргізуде жетілдірілген ақпарат жүйесімен қамтамасыз ету. Ақпараттар алу, алмасу, сараптап талдау;

- кадрлар тұрақтылығын қамтамасыз етуге күш салу қажет. Мемлекеттік қызметкерлердің дайындығын арттырып, қайта даярлауды дұрыс және сапалы жүргізу қажет. ДСҰ-ның маман-кадрларды қайта даярлауға байланысты бағдарламасына сәйкес Қазақстан кеденшілерін әлемдік тәжірибе бойынша қайта даярлау, біліктілігін жетілдіру нәтижесінде жергілікті кеденшілер қызметінің деңгейін арттыруда қолдану. Яғни, кеден бекеттеріндегі кеденшілердің тауар кодын, кедендік күнын, оның шыққан.елін анықтау және кедендік ресімдеу бойынша біліктілігін арттыру. Бұл тиісінше мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне және бюджеттің кіріс бөлігін толықтыруға тікелей әсер етеді;

- құқық қорғау органдарының арасындағы күзіреттерді дұрыс бөлу, көрші мемлекеттермен байланысты қағаз жүзінде емес іс жүзінде асыра отырып, бірлесе отырып жұмыс істеу экономикалық контрабанданың санын күрт азайтуға мүмкіндік туады;

- ЕурАзЭҚ мемлекеттерінің алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру туралы мәселелерге мынадай ұсыныс жасауға болады. Оның мақсаттарын Аймақтық Интеграция Ұйымы шеңберінде жүзеге асыру. Мысалы ортақ валютаны енгізу. Мұндай ұсыныстың негізгі себебі ЕурАзЭҚ мемлекеттері шеңберінде мұны жүзеге асыру өте қиын мәселе. (Өйткені мұнда мүше елдердің валюталық бағамдары деңгейлес емес. Ал Аймақтық Интеграция Ұйымы мемлекеттерінің валюталық бағамдары шамалас болып келеді.

ЕурАзЭҚ-тың Тәжікстандағы Саммитінде Аймақтық Интеграция Ұйымы ЕурАзЭҚ-қа қарағанда әлде қайда прогресшіл екені айтылған. Бұл өз кезегінде жоғарыда көрсетілген ұсыныстың дәлелі ретінде көрінеді.

Қорытындылай келе экономикалық контрабандамен дұрыс және тиімді күресу арқылы мемлекетке келтірілетін шығынды төмендете отырып орасан көп пайда әкелуге көмектесеміз, сонымен қатар зайырлы мемлекет болуымызға өз үлесімізді қосамыз.

Әдебиет

- 1 Алибеков А. Таможенное дело в Республике Казахстан.- Алматы, 1997.
- 2 Қазақстан Республикасының Қылмыстық Кодексі.-2001.
- 3 Сәрсенбаев М.А. Таможенное право.- Алматы, 1998.

Резюме

В статье рассматриваются особенности борьбы с преступлениями и правонарушениями в сфере таможенного дела Республики Казахстан.

Summary

The peculiarities of struggle against crimes by offences in sphere of customs business of Republic Kazakhstan are shown in the article.

ӘОЖ 37.01.

БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ДҮНИЕТАНЫМДЫҚ НЕГІЗДЕРІ

К.Ш.Оразимбетова

М.Әуезов атындағы ОҚМУ, Шымкент қ.

Білім беру мәселелері қашанда философиялық концепцияларда маңызды орын алып келген. Осы орайда Платон, Аристотель, Августин, Руссо т.б. есімдерін еске салып өтуге болады. Білім берудің мәдени-тарихи құндылығын ұғыну дәл осы есімдермен тікелей байланысты. Тіпті философиялық ой тарихының бір кезеңі Ағартушылық деп аталатыны да белгілі.

XX ғасырда В.Дильтей, М.Бубер, А.Н.Уайтхед, К.Ясперс жаңа білім беру институттарының жобаларын жасаған.

Прагматизм философиясының негізін салушы Д.Дьюи «Мектеп және қоғам» атты кітабында сол кездегі мектептік жүйені «барлығы тек тыңдап отыруға бейімделгендігі», «баланың өзіне, оның өз бетінше жұмыс істеуіне орын берілмегендігі» үшін сынға алып, идеалды мектеп жобасын жасайды. Онда білім алу дамумен тенесіп бала тәжірибесінің реконструкциясы (қайта түлеу) немесе реорганизациясы (қайта ұйымдастырылуы) болады.

«Диалогтық философияны» жасаушы М.Бубер өз концепциясының принциптерін білім беру процесіне де қолданды. Білім берудің бұған дейінгі концепцияларында «Меннің» жеке болуына, оның өзіндік санасына ерекше мән беріліп келген болса, М.Бубер білім беруді «Мен» мен «Сен»нің кездесуі, құштарлыққа негізделген адамаралық қатынас ретінде түсіндіреді. Білім беруді ол мұғалімнің оқушыға еріксіз, мақсатты емес, бірге ойнау, еңбек ету барысында тікелей әсер етуі деп біледі.

Позитивизм дәстүрлерін жалғастыра отырып эмпирикалық-аналитикалық (тәжірибелік-сараптамалық) бағыт педагогикалық білімнің құрылымы, педагогикалық теорияның статусы, дискриптивті және нормативті педагогикалардың деректер туралы құндылықтық пікірлері мен сөздерінің арақатынасы сияқты мәселелерге көңіл бөледі (А.Фишер, Р.Лохнер, В.Брезинка).

Бұл бағытқа В.Дильтейдің тарихилық бағытын жалғастырған гуманитарлық педагогика қарсы тұрды. Онда педагогиканың рух туралы ғылым ретінде әдістерінің ерекшелігіне, гуманитарлық бағытталғандығына ерекше мән беріледі (Г.Ноль, Т.Литт. В.Флитнер, Э.Венигер).

Ресейде «тәрбие және білім беру философиясы» термині XIX ғасырда пайда болды. Алғашқылардың бірі болып оны В.В.Розанов қолданды. 1899 жылы ол: «Біздерде дидактика және бірқатар дидактикалар бар, біздерде қандай да бір қолөнер ма, өнер ма, теориясы ретіндегі жалпы педагогика бар ... Бірақ, біздерде тәрбие және білім беру философиясы деуге болатын, яғни тәрбиелеуді, білім берудің өзін басқа мәдени факторлар қатарында, сонымен бірге адам табиғатының қасиеттеріне, белгілеріне қатысты, тарихтың тұрақты міндеттеріне қатысты талқылау - болмаған және жоқ» деп жазды.

Көптеген философтардың көзқарастарын біріктіренін жайт: олардың фундаменталды дүниетанымдық, методологиялық мәселелерді шешуге негізделгендігі.

Білім беру философиясының аясына түсетін мәселелер жетерлік. Бұл мақалада біз ең маңызды деп санаған екеуіне тоқталып өтпекпіз. Оның бірі – И.Канттың педагогиканы негіздеп беруі, әлеуметтік білімнің осы саласының ғылымилығы туралы ойлары. Бүгінгі күні жалпы білім беру мектептері мен жоғары оқу орындарында оқушыларда методологиялық мәдениетті тәрбиелеу мәселесі қойылып отыр. Ол тек гносеологиялық мәселелер шеңберімен, әлемге тек танымдық қатынаспен шектелмейді. Методологиялық мәдениетті тәрбиелеу, адамды қалыптастыруда жаңа сапалық деңгейге көтерілумен бірге «субъектінің әлеуметтік қасиеттерін елеулі өзгертіп, әлемге жаңаша қарауға әкеліп, адам іс-әрекетін мағыналы етеді» [1].

И.Канттың педагогиканы негіздеуі – бұл тәрбиелеу процесін құрайтын фундаменталды компоненттерді жүйелі түрде зерттеу [1]. Білім беру мәселелері оның ойынша, көптеген мәселелермен байланысып жатады. Солардың қатарына мектепті өзгерту мен мұғалімдерді даярлаудың түбегейлі реформасы да кіреді.

Ғылымилық өлшемдерін анықтауда И.Кант, Жаңа Заман философиясының дәстүрлі көзқарастарымен салыстырғанда, елеулі қадам жасады. Оның сипаттамасы бойынша ғылыми білім күнделікті сана деңгейіндегі сан алуан мәліметтерден ұйымдастырылғандығымен ерекшеленеді. «Қарапайым білім» – деп жазды ол – «дәл осы жүйеге біріктірілудің арқасында ғылымға айналады, яғни қарапайым білімдер агрегатынан жүйеге айналады...».

Ғылымилық ұғымы И.Канттың философиясында екі қажетті және жеткілікті шартты қамтиды:

1) білімдерді ұйымдастырудың жүйелілігі және 2) оның қажетті түрде дұрыс, яғни толық және соңына дейін айқындалған, принциптерге негізделуі. И.Кант ғылымилықтың 1-ші элементі ретінде ендірген жүйелілік принципі өте нәтижелі болып шықты. Ол барлық ғылыми пәндердің дамуы үшін өте маңызды. Ғылыми педагогиканың зерттеулері де тек осы принципке сәйкес орындалуы қажет.

Бұрынғы қателіктерді қайталамас үшін, философтың айтуынша, білім берудің бүкіл бағдарламасын анықтайтын тәрбиелеу мен оқытудың басты мақсатын анық білу қажет.

И.Канттың педагогикасы бойынша «адамзаттың бойында көптеген мүмкіндіктер бар. Біздің міндетіміз адамды оның өз арнауына жеткізу үшін табиғи қабілеттерді пропорционалды дамыту мен адамның қасиеттерін түбірінен ашу» [3].

И.Канттың ойынша, адамның нағыз арнауы неде? (адам неге арналған?) деген сұраққа жауап бермейінше, дұрыс педагогикалық бағдарлама жасау мүмкін емес. Бірақ эмпирикалық мақсат бұл жерде жәрдем бере алмайды. Мысалы, әдетте жеке адам ұмтылыстарының мақсаты – бақытқа жету. Алайда әр адамның бақыт жайында өз түсінігі бар және ол көбінесе, жалпы түрде алғанда, ләззәт сезімімен байланысты болады. Ал бұл сезім, бәрімізге белгілі болғандай, дара бір адамның өзінде де өте тұрақсыз және өзгеріп отыратын мұқтаждықтарды қанағаттандырумен байланысты болады. Оған қоса, бақыттың барлық құрамдас элементтері (денсаулық, байлық, атақ т.б.) тәжірибеден алынған, сондықтан эмпирикалық сипатқа ие. Қалағанына қол жеткізу үшін адамға өз денсаулығын күту, еңбек ету, үнемді болу және с.с. қасиеттерінің жәрдемі зор. Бірақ олар имандылық принциптеріне де, педагогиканың міндеттеріне де жатпайды. Иmandылық ешбір материалдық негізге тәуелді болмауы керек, өйткені ерік өзіне өзі, әрбір парасатты жан үшін міндетті деп саналатын, заң жасауы қажет. Иmandы мінез-құлықтың жоғары принципін философ категориялық (шүбәсіз) императив деп атайды. Онда И.Канттың пікірінше, адамдар мінез-құлығының универсалды ережесі берілген. Ғалым оны келесі қағидасы арқылы жеткізеді: «Әрқашан өзіңе де, өзге адамға да тек мақсат ретінде қарап, ешқашан оны тек құрал ретінде пайдаланба!». И.Канттың этикалық ілімінде категориялық императив жеке объектіге қатысты емес, ол тек бүкіл адамзатқа қатысты мағынада алынады, яғни әрбір нақты адамның рулық мәніне қатысты. И.Кант «моральдық заңның қасиеттілігін» (мызғымастығын) атап ескертеді: «әрине, адам мұншалықты қасиетті болмаса да онда бейнеленген адамзат ол үшін қасиетті болуы керек». Адамның бойындағы дәл осы адамилық әрбір ақыл-ой иесі үшін жоғарғы құндылық, әрекеттерінің мақсаты болады. Сөйтіп жалпы абстрактілі моральдық тиістілік педагог үшін кезкелген педагогикалық құбылыстарды бағалауына, олардың моральдық мәнін түсінуге негіз болады. Бұл жалпы абстрактілі моральдық тиістілік гуманистік мазмұнға ие болып, «гуманизм» ұғымының өлшеміне айналды. Идеялық бағыт ретінде гуманизм Қайта өрлеу дәуірінде пайда болып, тұлғаның еркіндігі мен тәуелсіздігін қорғауды, адамды ең әуелден дін догматтары мен шіркеудің шырғауынан босатуды білдірді. И.Кант Данте және Петрарка, Эразм Роттердамский және Рабле, Бруно және Монтеньдердің жолын жалғастырды. Оның гуманизмі бір уақытта тұлғаның достонстваларын және адам құқықтарын ұғынуды тереңдетеді. И.Кант басты моральдық заңын адамзат идеясына негіздеп, келесі қорытындыға келеді: моральдық сана мен моральдық талаптардың бастапқы нүктесі жеке, жалғыз адам емес, ондай моральдық императивтерді генерациялайтын субъект болуға тек қоғам қабілетті. И.Кант бойынша, педагогиканың міндеті ол орнатқан этикалық негіздемеден туындап, ең әуелден моральдық заңдардың оқушының жанын бойлауын, ал моральдық нормалардың ол үшін субъективті маңызға ие болуын қамтамасыз ету.

Білім беру жүйесінің стратегиясы өткен шаққа немесе қазіргі кезге емес, болар шаққа бағытталған болуы керек. «Балалар адамзаттың бүгіні үшін емес, одан әлде қайда артық болуға тиісті ертеңі үшін, яғни адамзат идеясы үшін және оның жалпы арнауына сәйкес

тәрбиеленуі керек». И.Кант мектепте ғылымдарды үйретудің практикаға бағытталу қажеттігін айтты, сонда оқушы тек оқу орнының талаптарына ғана емес, сонымен бірге «өмірге жарамды білім алып, соның арқасында, өзі таңдаған салаға толық дайын болып шығады».

Ойлау дағдыларының қалыптасуы екі түрде өтуі мүмкін: оқушы мұғалімді тек тыңдайды немесе мұғалімге сұрақ қойып, өз пікірін, түсінігін айтып отырады. Әрине ешқашан бірінші әдістен толық бас тартуға болмас, өйткені, оқушыға өз бетімен ойлануы үшін белгілі мәлімет қажет, ал деректерден хабардар ету оқытушының міндетіне кіреді. Бірақ, мұғалім айтқан мәліметті енжар қабылдап қана қою оқушының ойын толық мөлшерде дамытпайды. Сондықтан, оқыту-үйрету диалог түрінде жүргізілу керек. Оқытудың бұл түрі жекеден жалпыға, эмпириялық ұғымдардан абстрактілілерге өтуді ұйғарады. И.Кант бойынша оқытудың магистралды жолы дәл осындай: алдымен тәжірибеде ес дамып, содан кейін қалыптасқан ұғымдар пайым арқылы оның негіздемелеріне сәйкес танылып, соңында ғылым арқылы жүйеге келтіріледі. Нағыз ұстаз өз оқушысын осындай жолмен алып өтеді.

Философиялық негіздемені дұрыс таңдамаудың неге әкелері бүгінде бәрімізге белгілі. Әйтеуір жалпы бір психика деген мүлдем жоқ, және ол «өздігінен» пайда болмайды, оны «жасау», қалыптастыру, тәрбиелеу, жарату керек. Ол үшін - Не тәрбиелемекпіз? Психика дегеніміздің өзі не? Арнайы адам психикасы – интеллект, сана, ерік дегеніміз не? Қандай жағдайда адам психикасы дұрыс дамып, ал қандай жағдайда көріксіз нәтижеге, педагогикалық ақаулыққа әкеледі? - анықтап алу қажет. Бұның барлығы - әрбір ата-ана, бала-бақша, мектеп, жоғары оқу орны алдында тұрған сұрақтар.

Бұдан ғылым ретінде педагогика үшін және практикалық қызметкерлер үшін шығатын қорытынды қандай? Педагогика үшін ең бастысы философиялық негіздеме болмақ. Егер оны дұрыс анықтамаса немесе толық ұқпаса, педагог жалған іс бастап, тұлғаға өшпес зиян келтіреді. Енді философия және білім беру философиясы арасындағы қатынас жайында бірер сөз. Әрине оларды толық айыру мүмкін емес. Білім беру философиясының мәні, біздің ойымызша, адамның қалыптасуына қатысты ұғымдарды пайдалана отырып, мәдениеттің ерекше жақтары жайында философиялық рефлексиялау. Білім беру философиясы бұл жерде мәдениеттен сусындаған, өзінің мәндік қасиеттерін іске асыруға мүмкіндік алған адам өмірінің философиясы ретінде орын алады. Философия білімнің ерекше формасы. Оның аясында адам өзі, әлемде алатын орны жайындағы ойларын аксиологиялық сараптаудан өткізеді. Егерде мәдениет адамның мәндік қасиеттерін іске асырудың потенциалды құралы болса, онда философия мәдениеттің өзіндік санасымен байланысты деген тұжырыммен келісуге болады.

Философияда білім беру саласы үшін ерекше құнды қасиет бар: оның мәңгі, «шешілмегендік» сипаты, көпнұсқалы жауаптар мүмкіндігі, таным құралдарына рефлексивті қатынас, логикалық пен дәйектілік талабы, сананың когнитивті, этикалық және эстетикалық қабілеттерінің іске қосылуы және т.б. Бұлардың барлығы философия әдістерін догматикалық емес, жұмсақ контекстуалды және сонымен бірге қатаң, дәлелді ойлау дағдыларын қалыптастырудың уникалды құралына айналдырады. Философиялық категориялардың универсалдылығы мектептік білімнің фрагментарлығын жеңуге, оны оқушының қабылдауына қолайлы етеді. Өмір мен кәсіпке қадам жасағандар үшін философияның пәндік шеңберлері түрлі өмірлік мәні бар мәселелер жайында ой қозғауға, яғни өзінің өмірлік бағдарларын рефлексивті анықтауға мүмкіндік береді. Философиялық білім бұндай бағдарларды қазіргі кезде маңыздылығы артып отырған универсалды (жергілікті емес) деңгейде қарастыруға жол ашады. Философияның білім берудің жаңа парадигмасына бейімделуі ғылыми әдебиетте айқын көріне бастады. Мысалы: педагогикалық кеністіктің мәдениеті мен архитектурасы; сыншыл ой; Сократтық оқыту; сыни ойлау мен білім беру реформасы; т.б.

Бүгінгі күннің кең талқыланып жүрген мәселелерінің бірі – философияны тәрбиелеу құралы ретінде пайдалану мәселесі.

Оқушыларды философияның көмегімен пайымдауға үйрету идеясын кезінде И.Кант, В.Ф.Гегельдер көтерген болатын. Өткен ғасырда орыс жазушысы П.Д. Бабрыкин француз лицейлерінде философияны жүргізу практикасымен танысып, оны ресей гимназияларына ендіруді ұсынған. Л.Толстой осы мақсатта балаларға арналған өсиет әңгімелер жазған. Қазір білім беру саласында жастарды интеллектуалды мәдениет тарихы мен дәстүрлеріне қатыстыру міндеті қойылған.

Бірақ басқада философиялық-педагогикалық стратегия бар. Ол балаларға арналған философияны дамыту институтында (Монтклер, АҚШ) М.Липманның жетекшілігімен дайындалған. Оны дайындауға Э.Шарп, Ф.Асканян, Р.Рид, Г.Метьюс, М.Притчард т.б. қатысқан. Он жылға есептелген бағдарлама бойынша философия балалардың білімпаздығы, жаңаға құмарлығы өшпей тұрып, интеллекті дамуға қабілетті кезде, мінез-құлқы стеріотипті болмай тұрғанда, танымдық құзығушылықты мектептің сонына дейін қолдап отыру үшін, төменгі кластардан бастап ендіріледі.

Философиялық білімді трансляциялаудың мәдени-ақпараттық тәсілінің орнына авторлар шешімдік-әрекеттік тәсілді ұсынады. Философияға кірісуді философиялық инструментарийді бірте-бірте ендіре отырып, мәселе қоюдан, қызығушылықты ояудан, мүмкін болған талқылаулардан бастау керек. Оқушыларды тек философия туралы мәліметпен таныстырып қана қоймай, оларды ойлануға, мәселені шешуге тарту керек. Көне және қазіргі даналардың интеллектуалды жетістіктерімен танысу, оқушыларды қарапайым мектеп мәселелерінің философиялық өлшемдерін көрсетпейінше, оларды шешіп үйренуге қатыстырмайынша дербес ойлануға үйретпейді. Мәселе ауқымды проблемаларды оқушының қабылдауына бейімдеп, реалды философиялық ойлауға үйрету. Үлгі ретінде Сократ, Платон, Аристотель, Декарт, Кант, Гегель, Дьюи және т.б. есімдерімен байланысты сыни және рационалды ойлаудың дәстүрін алып оларды келесіше реконструкциялауға болады. Оқу пәнінің мазмұнына қатысты, универсалды маңыздылығы бар мәселелерді бір үлкен проблемаға біріктіріп, оқушыларға ұсынуға болады. Көптеген авторлар біздің қоғамның білім беру саласының үмітсіздігі туралы айтып келеді. Өйткені ол мазмұны жағынан жұтаң және көріксіз, ешкімді де шабыттандырып, асқақ істерге бастап, біздің рухымызды алаңдаушылық күйіне келтіре алмайды. Біздің мектептеріміз тапжылмай адамды асқақ ойлардан алшақтатып, дағдылы, прагматикалық істермен айналысуды ұсынады. Ол адамда кемістік сезімін тұдырып, оның утилитарлы арнауы туралы ойларға иландырады, ертеңге емес, кешегіге бағыттайды, еріктен айырады. Адамға рухани өмірінің жұтаңдығын білдірмей, оның жоғарғы міндеті – еңбек деген идеяны санасына құяды. Өмірдің рухани қабаты алынып, прагматикалық мақсаттармен алмастырылады.

Нәтижесінде адам әуелден өзін заттар әлемінде іске асырады. Э.Фроммның болу немесе иемдену альтернативасы иемденудің пайдасына шешіледі, яғни бірдеңені иемдену үшін болудан бас тарту орын алады. Барған сайын қоғам өмірінің негізін Г.Маркузенің схемасы бойынша дамып отырған көпқабатты қоғамның құндылықтық ұстанымдары анықтайды: өздерінің әлеуметтік статусына сай төменгі қабаттарда тұратын адамдар болашақ мақсаттарын жоғарғы қабаттарда тұратын адамдардың өмір сүру тәсілінен көреді. Бүгінгі күннің мақсаты «жоғарыдағылардыкіндей» автомобиль болса, оған бар күшін салып қолжеткізгенде, олар үшін болмыс трагедиясы аяқталмайды: «жоғарыдағыларда» енді самолет пайда болғанын байқаған адамда қайта өзін-өзі кем сезіну комплексі дамиды. Тағыда ашкөздік және мүмкін емес нәрсеге қолжеткізу әрекеттері.

Сонымен, жетілудің орнына кері басу орын алады, яғни мәдениетсіздікке қарай жылжу, өйткені мәдени өсу білмегенге, танымағанға қарай рухани, интеллектуалды ұмтылысты білдіреді. Осы айтылғандарға оқушылардың оқуға ынтасыздығын қоссақ, онда білімдер жүйесі, біздің мәдениетіміз, жалпы адам дағдарысы жайында айту керек болар.

Білім дағдарысының бір көрінісі – кафедрадан айтылған білімдер мен өмірде орын алатын білімдердің бір-бірімен сәйкес келмеуі. Бір-бірімен жанаспайтын білімдердің екі ағысы бардай. Олардың өзара әрекеттесуі минималды. Келер ұрпаққа беріп отырған білімдер олардың жеке тұлғалық тәжірибесін айқындамақ емес, керісінше, оның кері дамуына ықпал етеді. Сөйтіп, адамның қалыптасу мен оның өзін айқындау процесінің логикасына сәйкес, тұлғаның рухани қалыптасуы оның интеллектуалды дамуына ілесе алмайды.

Егер де біз әлеуметтік-тарихи, мәдени кеңістіктің бір нүктесіне сәйкес келгіміз келсе, келесі сұрақтарға жауап беруіміз керек: Біз кіміз? Кеңістіктің қандай нүктесінде орналасқанбыз? Қалаған жағдайға жету траекторияларының қандайлары біздер үшін қолайлы және ұтымды?

Әдебиет

- 1 Кант И. Сочинения. - М., 1965.
- 2 Кант И. Трактаты и письма. - М., 1980.
- 3 Конев М. Культура и архитектура педагогического пространства //Вопросы философии.-2006.- №10.

Резюме

В статье говорится о философии образования как сущности мировоззренческих оснований процесса образования. Проводится мысль, что философские основания являются главными для педагогики. Определив их неверно или не осознав до конца, можно нанести непоправимый ущерб личности.

Summary

The philosophy base of education process is considered, here we observe the problems of human spiritual growth in this article.

ӘОЖ 940.(574)

ЖАЛЫНДАҒАН ҒҰМЫР

К.К.Олжабаева
ТарМПИ, Тараз қ.

Кейбір есімдерді естігенде көз алдына жалындаған жастықтың шарпуы шалынатыны бар. Мысалы, солардың қатарына – Шоқан Уалихановтың, Сұлтанмахмұд Торайғыровтың, тағы да басқалардың есімдерін жатқызуға болады. Алайда олардың есімдерін еліне елеулі еткен қыршынынан қиылған ғұмыр – жастары емес, сол жастығымен қоса жалындап өткен өмір жолдары.

Осындай абзал жандардың қатарына біз бүгін қазақтың тағы бір біртуар ұлы, небәрі 33 жылдық ғұмырында артына өшпестей із қалдырған Қарымбай Қошмамбетовті де қосуымызға болады. 2008 жылдың 3 ақпан күні оның туғанына 111 жыл толды. Өзінің азын – аулақ ғұмырында үлкен істерді тындыру, бұл тек үлкен жүректі жандардың ғана қолынан келеді.

Қарымбай Қошмамбетов 1897 жылы 3 ақпан күні қазыналы Қаратау баурайындағы Билікөлдiң жағасында кедей шаруаның отбасында дүниеге келген. Өмiрдiң қайшылығы мен қарсылығын үнсіз көтерген әкесі Қошмамбет балаларының күйкі өмірге құл болмауын ойлап, білім беруге ұмтылған. Қажетті қаражат жинап, әкесі Қарымбайды Асадағы болыстық орыс – түзем мектебіне береді. Оны ойдағыдай жақсы аяқтап, 1914 жылы Қарымбай Қошмамбетов Әулиеатадағы алғашқы жоғарғы училищеге оқуға түседі. Оның ауыр өмірі ұлы тұлғалардың өмірі орыс жазушысы Максим Горькийдің, халқымыздың аяулы жазушысы Сәбит Мұқановтың өмірбаяндарын еске түсіреді. Күндіз оқып, түнге қарай жергілікті жүн жуу және сорттау пунктінде жүн сорттаушы маман болып қызмет етеді. Осы жерде тіршіліктің қазығын шыр айналдырған жұмысшылармен танысады. Оқуға тыйым салынған әдебиеттерді оқып, халықтың көкейіндегі айтылмай жатқан үнін ұғады. Бойына бір қайсарлық, мінезіне жігерлілік пайда болады. Онысын сол кездегі озық ойлы адамдар байқап, Қарымбай Қошмамбетовке талабы үлкен жұмыстар тапсыра бастайды [1, 137-141 б.].

Осы кезде оның болашақ құрыш тұлғасының қалыптасып, кейінгі күреске толы өмір жолының айқындалғандығын көреміз. Неге ол өмірдің күреске толы жолын қалады? Әлде оған тыныш та ұзақ ғұмыр сүру қызықсыз ба еді? Бұл сұрақтарға бірақ қана жауап бар секілді. Себебі, ол өз заманының күрескері болды. Сондықтан, жалындаған ғұмырын жалынға орамай, жас қайратымен от шайнамай тұра алмады.

1917 жылғы ақпан революциясынан кейін Қарымбай Қошмамбетов Әулиеатада құрылған жұмысшылар және солдаттар Кеңесімен байланысады. Тұрар Рысқұлов ұйымдастырған қазақ жастарының революциялық одағына мүше болып кіреді, уақытша

үкіметтің қанаушылық саясатына қарсы күреседі. 1917 жылдың 6 (19) қарашасында Әулиеатада Кеңес өкіметі жеңіске жеткен соң, Кеңестердің беделді көмекшісі болады. Кеңес үкіметі жеңіске жетіп орныққанда да, оны нығайту үшін өзіндей отты жүректі Тұрар Рысқұлов, Қабылбек Сарымолдаев, Сәкен Сейфуллин сынды қайраткерлермен сан салалы істерде солардай қызмет атқарады. 1917 жылдың желтоқсан айында Уақытша үкімет кезінде құрылған қанаушы таптың «мұсылмандар комитеті» таратылғаннан кейін Қарымбай Қошмамбетов жергілікті халық өкілдерінен мұсылмандар кеңесін құру жөніндегі хатшысы болып сайланады. 1918 жылғы 10-16 маусымда болған жалпықырғыз съезінде мұсылмандар Кеңесі құрылып, ол уездік Кеңеске қосылады. Сөйтіп, ендігі жерде Әулиеатада Кеңестің біртұтас жүйесі жұмыс істей бастайды.

Қарымбай Қошмамбетов контрреволюциялық күштерді жою үшін бірқатар операцияларға қатысып, нәтижесінде 1918 жылы 10 мамырда Түркістан Компартиясының Әулиеата уездік қалалық комитеті оны РКП (б) мүшесі етіп тағайындайды. Комитеттегі большевиктердің бәрі де Қарымбай Қошмамбетовтың кандидатурасына қуана қол көтереді. Көп кешікпей Қарымбай Қошмамбетов № 123628 партия билетін қолына алады. Екі күннен кейін белгілі мемлекет қайраткері Тұрар Рысқұловтың басшылығымен өткен қазақ еңбекшілерінің 1-ші уездік съезінде Қарымбай Қошмамбетовты жұмысшы, солдат, шаруа және мұсылман депутаттары Әулиеаталық Кеңесінің атқарушы комитетінің мүшесі етіп сайлайды. Партияның мүшесі ретінде оны контрреволюциямен күресу үшін уездің контрреволюциямен күресу комиссиясына жібереді. Сол жылдың тамыз айында Дмитриев селосы кулактарының көтерілісін басуға қатысады.

1918 – 1919 жылдары Ергаш бастаған бандылар Әулиеата уезі шаруаларына жиі-жиі шабуыл жасап, елдің мал – мүлкін талап әкетіп жүреді. Әулиеата уезінің Кеңесі сол бандыларға қарсы гарнизон ұйымдастырады. Қ.Қошмамбетов пен К.Корчагин бастаған гарнизоны әлгі бандыларға бірнеше рет күйрете соққы береді де, 1919 жылы түгелдей жояды. 1919 жылдың желтоқсан айында Пішпек уезінен Әулиеата уезіне эсер офицері Благодаренко басқарған кулактар көтерілісін талқандауға бұйрық беріліп, оған Қарымбай Қошмамбетов басқарған құрама қызыл әскер отряды жіберіледі. Құрама отряд кулактар көтерілісін де басып тастайды. Оның басынан өткен көптеген оқиғалар қызықты әңгіме, повестерге негіз бола алар еді.

Революция жауларына қарсы шайқаста көрсеткен көзсіз ерлігі үшін Түркістан өлкелік Революциялық Әскери Кеңесі 1919 жылы Қарымбай Қошмамбетовты аты жазылған қару – наған және қылышпен наградтайды. [2, 104-107 б.].

Қарымбай Қошмамбетовтың беделі мен даңқы 1922 жылы Әулиеата уездік Кеңесі атқарушы комитетінің төрағасы етіп сайланғаннан кейін уез халқының арасында кеңінен тарала бастайды. Осы жауапты қызметте жүріп ол аштық, жұт апаттарымен, кулактармен күресін жалғастыра береді. Кеңестердің беделін көтеру, жастарды оқыту, мектеп ашу, мұғалімдер даярлау жұмысын жандандырады. Оның жігерлі, қайратты тұлғасын кез-келген қиыншылықтарда көруге болатын. Кеңестің төрағасы ретінде де Қарымбай Қошмамбетов халықты азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін азық-түліктерді таратуда қатаң бақылау орнатып, қоғамдық асхана, балалар үйі, интернаттардың жұмысын бақылап, ашаршылыққа ұшырағандарға көмек көрсететін комитеттер ашып, қолынан келген бар мүмкіндікті жасайды.

Қарымбай Қошмамбетов бар әлемді дүр сілкіндірген Кеңес дәуіріне бұғанасы қатпай араласып, жиырма бір жасында Ұлы партия қатарында болып, содан жиырма бірінші жылдары Әулиеата уездік – қалалық милиция бастығы, одан уездің Кеңестік атқару комитетінің төрағасы, 1922 – 24 жылдары Түркістан АКСР – ы Орталық атқару комитетінің мүшесі, Орал губерниялық атқару комитетінің төрағасы, 1928 жылдан Қазақ АКСР Орталық атқару комитетінің мүшесі, Бүкілодақтық Орталық атқару комитетінің мүшесі, республикалық сауда Халық комиссарының орынбасары, Алматы облысы, Іле аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы қызметтерін атқарады. Заманды өзгертіп, әлемнің бір бұрышын жаңартып, ол елдің есін жиюға, қазақ халқының оянуына көп еңбек сіңіреді [3, 7-8 б.].

Қызметіне адал, халқына шексіз берілген оның сүйіспеншілікке толы жүрегі ақырында бойындағы бар отын сарқа жұмсап, тоқтайды. Осылайша жалынды жас қайраткер өз еліне жүрегін құрбан етеді. 1930 жылдың қараша айында Қарымбай Қошмамбетов қайтыс болады.

Қарымбай Қошмамбетов өмірінің соңғы сәтіне дейін өзі іргесін қаласқан жаңа қоғамды мықтап орнықтыруға үлес қосқан биік тұлға, абзал азамат, ұлағатты ұстаз, елгезек дос, қимас бауыр, аяулы әке.

Қарымбай Қошмамбетовтың мүсінін мүсіншілеріміз қоладан құйып жатса, ақын – жазушыларымыз ғибратты ғұмырын тасқа қашап жазуда. Белгілі мемлекет және қоғам қайраткерінің қоладан құйылған мүсіндері бұл күнде өзінің атымен аталатын ауыл – аймақ пен мектептердің тұғырында тұр.

Бүгінгі жауқазын ұрпақ өздерінің мына көріп отырған сәулетті өмірлері үшін соңғы деміне дейін бар қиындықпен, қас жауызбен арпалысып қыршын кеткен аталарының ескерткішіне үнемі гүл шоқтарын қойып, тағзым етіп, бас иеді. Солардың ішінен Қарымбай Қошмамбетовтың ұлдары Әнуар мен Мұраттан өрбіп күнше күлім қаққан немерелері мен шөберелерін де көресіз. Бұлар да революция сарбазының бір кездегі асыл арманы болатын. Әттең есіл ер бірін де көре алмады. Бірақ оның арман – мұраты бүгін де, ертең де әр жүректе мәңгі өмір сүре береді.

Тараз қаласының орталық саябағына революция сарбазы Қарымбай Қошмамбетовке Ұлы Қазанның 40 жылдығы тойында ескерткіш – бюсті орнатылған. Республика үкіметі Алматы округінде жаңадан қайта құрылған колхоздардың бірінің атын Қарымбай Қошмамбетовтың есімімен атаған болатын. Сонымен бірге, қазіргі уақытта оның есімін Алматы облысы, Қаскелен ауданы, «Дружба» совхозының орта мектебі, Жамбыл облысы, Бауыржан Момышұлы ауданы, «Билікөл» совхозының орта мектебі, Жамбыл облысы, Талас ауданы, «Майтөбе» ауылында көше, Тараз қаласында көше мен кітапхана иеленіп отыр.

Қоғам және мемлекет қайраткері, Қазақстанда Кеңес өкіметін орнатуға белсене қатысқан жалынды революционер Қарымбай Қошмамбетовтың өмірі мен қызметіне арнап белгілі жазушы Мейірхан Қуанышбаев «Дала перзенті» және «Кек қылышы» атты қос кітабын жазып қалдырған. Түнгі аспандағы жарық жұлдыздардың адам көзін алыстан арбайтындығы сияқты, жалындап өткен Қарымбай Қошмамбетовтың да тау тұлғасы уақыт өткен сайын ірілене беретін болады.

Әдебиет

- 1 Абдиров М.Ж., Калита Н.П. и др. Борцы за советскую власть в Казахстане. Вып. 2. – Алматы: Казахстан, 1987. – 260 с.
- 2 Джургенов А. В борьбе единство мы нашли. – Алматы: Казахстан, 1972. – 167 с.
- 3 Қуанышбаев М.. Дала перзенті. – Алматы: Казахстан, 1990. – 238 б.
- 4 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 1, д. 2, л. 22.
- 5 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 1, д. 1, л. 234.
- 6 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 2, д. 24, л. 99-224 .
- 7 Елеуов Т.Е. Қазақ ауылында Кеңес өкіметінің орнауы және нығаюы (1917 – 1920 ж.ж.) . – Алматы. – 1967; его же: Установление и упрочнение Советской власти в Казахстане. – Алма-Ата, 1961.
- 8 Минц И.И. Победа Советской власти в Средней Азии и Казахстане. – Ташкент, 1967.

Резюме

В статье говорится о заслугах выдающегося государственного деятеля Каримбая Кошмамбетова в установлении Советской власти в Аулиеате. Каримбай Кошмамбетов был одним из тех, кто принимал активное участие в рабочем движении, кто помогал людям в трудные моменты жизни.

Summary

In the article is said about great services of prominent outstanding statesman Koshmambetov K. in establishing of the Soviet power in Auliata region. Karimbai Koshmambetov was one of them who took an active part in working – class movement, who helped people in their hard life.

ӘОЖ 940.(574)

ҚАРЫМБАЙ ҚОШМАМБЕТОВ МӘДЕНИЕТ МАЙДАНЫНДА

К.К.Олжабаева
ТарМПИ, Тараз қ.

Халқымыздың аяулы перзенттерінің бірі Қарымбай Қошмамбетовтың Әулиеата жерінде Ұлы Қазан дауылына үн қосып, Кеңес өкіметінің орнауына сіңірген мол қызметін әркім – ақ біледі. Ол өмірінің соңғы сәтіне дейін өзі іргесін қаласқан жаңа қоғамды мықтап орнықтыруға үлкен үлес қосқан азамат.

Ал, Қарымбай Қошмамбетовтың революциялық қызметіне қоса өнерге де бейім екенін, кезінде ақындықпен айналысқанын, оның ішінде суырып салма ақын ретінде талай – талай өнер сайысына қатысып жүлдегер, жеңімпаз атанғанын екіншісі біле бермейді. Сондай жыр қақтығыстарының бірі, қазіргі қолда бар асыл қазына – Қарымбай Қошмамбетовтың 1919 жылы Әулиеата қаласының Төрткүл көшесіндегі Ақыбай Қалымбетов деген кісінің үйінде Пісте есімді ақын келіншекпен айтысы – Олжабай Майтеқұлының «Рысқұл Тұрардың әкесі» атты еңбегінде ашып көрсетіледі. Сонымен қатар, нақтылы мәліметтер жинақтауда әр түрлі мұрағаттық материалдар мен құжаттар, әріптестері мен ұлдарының естелік – эсселері қарастырылады.

1919 жылы Әулиеатада, Ақыбай Қалымбетовтың үйінде Тұрар Рысқұловтың ұйымдастыруымен өткен айтыста Қарымбай Қошмамбетов танылмай жүрген тағы бір қырынан көрінеді. Ол осы айтыста жырдың көзін ашып, бұлағын ағызған. Ол кезде алдын-ала дайындалып, елді әбігерге салатын кез бе ... Осы аймаққа белгілі тума таланттар сөз жетер жерден жиналып, жыр додасының делебесін қоздырғандай болады.

Шақырылған ақындар мен отырған жұрт: «Тойды бастап, ауылдың алты ауызын айтындар» – дейді.

Сонда Тұрар Рысқұлов ауыл кәдесіне қатысты алты ауыз өлеңмен шырқатып ән салады.

Майлыкент – ата бабам шыққан жері,
Болыстың кедейлері шыққан жері.
Жері ауып, Меркі, Талғар елді туып,
Әулиеата аялдап ыққан жері.
Өлеңді баста десең бастайын мен,
Ән күйге құмар болғам жастайымнан.
Қарымбаймен айтысам деп Баршай келді,
Алты қырдың астынан ән бастайын.
Көлқайнардан қыз келді Несіпелі,
Айтысқанда жігітпен есіп еді.
Сусындаған ғашықтар шөлдегенде,
Көмекейін өлеңмен тесіп еді.
Қарымбай Түймекенттен ақын келер,
Күлзада сыпайы қыз жақын келер.
Сұлу қыз одан өткен көрмеп едім,
Отырған жұрт айтыссаң мақұл көрер.
Осы үш қызбен сөйлесіп отыр қатар,
Жеңіліп қалсаң айтыстан, күнің батар.
Алма мойын Пістені алдыртамыз,
Оны жеңсең марқайып таңы атар.
Ақындар айт дегенде іркілмейді,
Жорғалар жол жүргенде бүлкілдейді.
Тойыңыз құтты болсын ағатайым,
Бұл тойға келмегендер «шіркін!» дейді [1, 119 – 120 б.].

Ақыбай үйіндегі шілдехана тойында айтыс екі күн, екі түнге созылады. Қарымбай Қошмамбетов оның алғашқы күнінен бастап – ақ айтысқа қатысып, әуелі Қарабақыр көшесінде тұратын Баршай қызды, одан кейін «Көлқайнар» ауылынан келген Несіпелі атты ақын келіншекті жеңеді, қыза – қыза жұрт Түймекенттен Күлзада ақынды алдыртады. Алайда, оның да жолы бола қоймайды.

Еңбекпен өмір өткізген Қарымбай Қошмамбетов өлең, жыр мен суырып салма ақындықты да нардың жүгін көтеретін ер еді. Өлеңді «ауылдың алты ауызынан» бастап айтып бойы үйренгендер, айтысты да осы жердің жігіті бастасын деп өтініш етеді. Жаны елжіреп ортаға Қарымбай Қошмамбетов шығады. Осыған дейін Баршай, Несіпелі, Күлзада ақындармен өткен айтыстарда тау құлатқан тасқындай өнерімен маңдайы жарқырап озып шыққан Қарымбайға бұл жолы қарсылас болып, еркелеп емін – еркін шарқ ұрған, атағының өзі кеуденді қағып жіберетін Пісте ақын шығады.

Пісте 1891 жылы қазіргі Байзақ ауданының «Ынтымақ» ауылы орналасқан аймақта дүниеге келген еді. Қызыладыр ауылындағы Сәулебай деген кісіге тұрмысқа шыққан екен. Қызыладыр – қазіргі Шөлдала станциясы. Пісте сол жерде 1954 жылы алпыс үш жасында дүние салды. Ақын ананы сол маңнан көнекөз тұрғындары жақсы біледі.

Ел – жұрт қолпаштап, ат шаптырып, қолқа салған соң Пісте Сәулебаймен бірге той болып жатқан үйге келеді.

Бұлар үйге кіргенде Қарымбай өзінің «Мөлдір бұлақ» әнін шырқап отыр екен. Ақын келіншек Қарымбайға көз қиығын салады. Қарымбай мұның тал бойын жаудыраған қоңыр қой көздерімен сүзіп шығады. Осы бір сәтті Пісте былай еске алып отыратын:

«Ә дегенде-ақ Қарымбайдың жанары маған тік қадалып, кенет шырайлана түсіп, жан – жағына қарап, жұрттың көңіл – күйін бағдарлағандай болды. Түсі алабұртып кетті. Біз жайғасқан соң, қымыз әкелінді, қымызды еркін ішіп, сусындап алсын деді ме, Қарымбай сыртқа шығып кетті, Несіпелі ақын туыс әпкем еді, айтыста жеңіліп, әбден ыза болып отыр екен, мені қайрап, делебемді қоздыра бастады. Мен өздерінің қалай жеңіліп қалғанын, Қарымбайдың айтыс тәсілін сұрап отырдым. Біраздан соң жұрт үйге кіре бастады. Әуелі айтысты үш бірдей ақын қызды жеңген әрі ер азамат Қарымбай бастайтын шығар деп ойлағанмын. Ол кешіге бастаған соң, жұрттың ақыл – кеңесімен айтысты бастап жіберсем бе екен деп те ойладым. Ондағым – Қарымбайдың кешігіп жатқанын «қашып, қорқып жүрсің» деп бетіне басу. Кіріп – шығып жүрген қыз – келіншектер Қарымбай сыртта жолдастарымен кеңесіп тұр дегенді айтады. Көп кешікпей алдында Қабылбек (Сарымолдаевты айтады) бар, Қарымбай бірнеше жолдастарымен үйге кіріп, бос тұрған бұрышқа келіп жайғасты. Жұрт біресе маған, біресе Қарымбайға қарайды. Мен де оның көңіл – күйін аңғаруға тырыстым, сабырлы салқынқанды көрінді [1, 121 б.].

Кеудедегі жүректі аласұртқан өлең шіркін Қарымбайдың мәртебесі биік екенін тағы бір көрсетті. Қарымбайды осы топта алға шығарған өнерімен бірге, «Елім - ай» деп тастары да жабырқап қалатын ел – жұртының тарихын, өткен күндерден қалған емдеуге келмейтін таңбалардың жүрегінің қалтарысында түйін болып жататындығынан да еді. Билікөл мен атшаптырым жердегі Майтөбенің екі арасында моңғол – татар, жоңғар шапқыншылықтарының шеріндей болып томпиып–томпиып жатқан 459 төмпешік соның куәсі. Қарымбай Қошмамбетов естір құлаққа, тыңдар жүрекке соны жеткізетін. Сөзінің салмақты болып шығатындығы да сондықтан еді.

Қарымбай Қошмамбетовтың еліне, жұртына деген сүйіспеншілігі екі ұлы Ануар мен Мұратқа, немерелеріне дарыпты. Ануар ұзақ жылдар бойы білім беру саласында еңбек етіп, болашақ ұрпақтар бойына жақсылық нұрын сепкен жан. Оның жұбайы Күләш туралы да айтар жылы сөз аз емес. Ануардың үлкен ұлы Асқар Қошмамбетов Қарымбай атасының жолын қуып өлең жазады.

Оны зор құрметпен соңғы сапарға шығарып салған Алматы облысы, Іле ауданының еңбеккерлері алғаш ұйымдасқан шаруашылықты Қарымбай Қошмамбетов атындағы колхоз деп атады. 1957 жылы Ұлы Қазан революциясының 40 жылдығын тойлау қарсаңында Жамбыл қаласындағы «Қазақстан» кинотеатрының алдында Қарымбай Қошмамбетовтың ескерткіш – бюсті ашылған [2, 238 б.]. Облыс қалалары мен ауыл – селоларында Қарымбай Қошмамбетов атында бірнеше көше, мектеп бар. Көрнекті революционер, жауынгер чекист, белгілі мемлекет

және қоғам қайраткері Қарымбай Қошмамбетовтың өмірі қадірлі, өнегелі, өсиетті және де бүгінгі ұрпаққа үлгі болып қала бермек.

Әдебиет

- 1 Майтекұлы О. Рысқұл Тұрардың әкесі. – Жамбыл, 1995.
- 2 Қуанышбаев М. Дала перзенті. – Алматы: Қазақстан, 1990. – 238 б.
- 3 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 1, д. 1, л. 234.
- 4 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 1, д. 2, л. 22.
- 5 Жамбыл обл. мем. мұрағат, ф. 50, оп. 2, св. 3, д. 35, л. 21 .

Резюме

Статья посвящена выдающемуся государственному деятелю Каримбаю Кошмамбетову и его заслугам в становлении казахстанского общества, а также его таланту излагать свои мысли посредством песен. Он хорошо играл на домбре и любил петь казахские народные песни, участвовал во многих айтысах.

Summary

This article is devoted to the prominent outstanding statesman Koshmambetov K. and his great services in formation of Kazakhstan society, and also about his gift for stating on paper his own thoughts. He was a good dombra player and loved to sing Kazakh folk songs and participated in aitys.

ӘОЖ 947.084 62(574)

XX ҒАСЫРДЫҢ 30-ЖЫЛДАРЫНДА ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ АГРАРЛЫҚ ӨЗГЕРІСТЕРДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ ЖІБЕРІЛГЕН ҚАТЕЛІКТЕР

Г.Ж.Оразбаева

Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті, Тараз қ.

Қазіргі кезеңде тарихтың ақтандақтарын ашуға құлшыныс пен ықылас туып отыр. Соның ішінде қазақ тарихында ауыр із қалдырған «32-нің ашаршылығы» тақырыбының жантүршігерлік қасіретін зерттеуде нақты тарихи құжаттарды негізге ала отырып, осы мәселе төңірегінде жаңа ой түйін, көзқарас қалыптаса бастады. Тәуелсіз елдің тарихы идеологиялық қыспақтан шығарылып, шындықты айтуға мүмкіндік туды.

30-жылдардағы ұжымдастыру тек біздің Қазақстанда ғана жүргізілген жоқ, КСРО-ның басқа да аймақтарын қамтыды. Алайда, Қазақстандағы аграрлық өзгерістердің өзіндік ерекшеліктері болды. Ресейлік тарихшы А.И.Яковлев бұл жағдайды былай деп түсіндіреді: «Қазақстан үшін ұжымдастыру ерекше қиын міндет болды. Өйткені, байырғы халықтың төрттен үш бөлігі көшпелі және жартылай көшпелі өмір сүрді. Өлке халқы орналасқан сол кездегі табиғи-тарихи жағдайда көшпелі мал шаруашылығы толығымен ұжымдық шаруашылық болып табылды. Ол жақсы тұрмыстың және халықтың өмір сүруінің негізі еді... Оларды дәстүрлі көшпеліліктен қысқа мерзімде отаршылыққа көшіру маңдайларына жазылған екен, мұны қаламаушылық сыннан өткен, әрі сенімді әдіске – күштеуге жол ашты» [1]. Өте орынды пікір, себебі бұл науқан «қазақ этносының аяусыз қырғынға ұшырағанын, сөйтіп аса ауыр шығынды бастан кешіргенін көрсетіп берді». Осы мәселені зерттеудің маңыздылығы оған Р.Конвест, М.Олкотт тәрізді шетелдік тарихшылардың ерекше мән беруінен де көрінеді. Өйткені, көшпенділерді отаршыландыру дегеніміз жалпы адамзаттық процесс. Ал, Қазақстанда оның күштеп жүргізілуі көпшілікке сабақ бола алады. Бұл зұлмат құбылыстың себептерін ашу - енді қайтіп қателікке жол бермеу үшін қажет. Империялық мемлекеттердің бодан болған ұлтқа қандай қасірет әкелгендігін, қазақ халқының дәстүрлі даму жолын

елемегендігін, әміршіл - әкімшіл жүйенің өктемдік саясатының қандай болғандығын ашып көрсетеді.

Кеңес елінің азамат соғысынан кейінгі экономикалық әрбір қадамының жеңістері мен сәтсіздіктері қатар келіп отырды. Азық-түлік салғыртының соғыстан кейінгі жалғасуы шаруалардың наразылығын тудырды, өйткені азық-түліктің артығын тартып алуға шаруалардың көнгісі келмеді. Жаңа экономикалық саясаттың Қазақстанда маңызды іске асырған шарасы - патша өкіметінің жер саясатының ауыр зардаптарын жоюға бағытталды. 1921 жылы Сібір және Оралдан қазақтарға 385 млн. десятина жер қайтарылып берілді. Оңтүстік Қазақстанның казак орыстарына жер беру үшін көлемі 1 млн.нан астам жер қоры құрылды.

Жаңа экономикалық саясатты республикада жүзеге асыру өзінің игі нәтижесін берді. Республикада кооперативтік қозғалыс өрледі. 1927 жылдың 1 қазанына дейін Қазақ АССР-інде кооперация шаруа шаруашылықтарының 28,1 % қамтыды. Мал саны 1929 жылы 40,5 млн.ға жетті. Ауыл мен деревняда орташа шаруалардың кедейлермен одағы нығайтылды. Алайда бұл ұзаққа бармады. Өлкелік партия комитетінің басшылығына келген Ф.И.Голощекин «ауылды кеңестендіру» ұранымен ауылда тап күресін шиеленістіру бағытын таңдады. Осы мақсатта «барлық формадағы кооперацияны барынша» дамыту саясатын «ұжымдастыру бағытына» көшіру басталды.

1928 жылы 27 тамызда ҚКП (б) ОК мен ХКК –сі «Аса ірі бай шаруашылықтар мен жартылай феодалдарды кәмпескелеу және жер аудару туралы» декретін жариялады. Онда жаппай қысым көрсету арқылы бай шаруашылықтарды тәркілеуге, байлар отбасын мекендеген аудандарынан жер аударуға рұхсат берді. Міне, осы кезеңде Кеңес өкіметі мен Коммунистік партия дәрежі қателіктер жіберді. Қазақ байларын күшпен тәркілемей-ақ, оларды салықпен, экономикалық әдіспен тежеп, солардың негізінде шаруашылықтар құруға болатын еді. Сонда Қазақстанның аса қуатты тауарлығы жоғары халықаралық деңгейдегі ірі аграрлық республикаға айналуына берік негіз қаланар еді. Өкінішке орай, сталиндік жүйе мұндай бағытты қабылдамады. Бұдан Қазақстанның ұтқанынан ұтылғаны көп болды.

Жаңа экономикалық саясат жылдарында кулакқа шаруалардың қандай әлеуметтік топтары жатады деген сұраққа Кеңес өкіметі айқын жауап бере алмады. КСРО ХКК 1929 жылдың 31 мамырындағы «Еңбек туралы заңдар кодексі қолдануға тиісті кулактар шаруашылығының белгілері туралы» қаулысында бай - кулак қожалықтарының белгілерін анықтау туралы алғаш рет айтылды.

Сол жылы 10 қазанда тағы сондай аттас қаулы қабылданды. Осы заңдар бойынша Қазақстанда бай кулак қожалығына төмендегідей белгілері бар шаруашылықтар жатқызылды: а) жеке ауыл шаруашылық салықтары салынса, б) жалдамалы еңбек үздіксіз пайдаланылса, в) диірмен, май шайқағыш, жарма тартатын машиналары немесе тары ақтайтын диірмені т.б. кәсіпорындары барлар, г) мүшелері саудамен алып-сатарлықпен немесе еңбексіз табыспен айналысса, соның ішінде дінге қызмет етсе. Сонымен қатар, ауыл шаруашылығы салығы жан басына шаққанда 500 сомнан асса, ал шаруашылыққа бөлгенде 1500 сомнан асса, бай - кулак шаруашылығына жатқызылды. Шаруалардың әлеуметтік құрамынан кулакты ерекше жау тап ретінде бөліп ұстау- Сталиннің басты қағидасы болды.

БК (б) Орталық Комитетінің Орталық Бақылау Комиссиясының Пленумында 1928 жылы сәуірде сөйлеген сөзінде ол «кедей – жұмысшы табының тірегі; орташа- одағы; кулак – дұшпаны» деген тезисті ұсынса, 27-желтоқсанда марксист-аграршылар конференциясында сөйлеген сөзінде кулактарға ашық шабуыл жасауға шақырып, «бұлай дегеніміз – кулактарды қирату және оларды тап ретінде жою» деген сөз екенін ашып көрсетті. Сталин осылайша Кеңес үкіметі басшылығының «соңғы уақытта кулактардың қанаушылық тенденцияларын тежеу саясатынан кулактарды тап ретінде жою саясатына» көшкенін алғаш рет айқын мәлімдеді.

Кулактарды тап ретінде жоюға байланысты нақты шараларды белгілеу үшін БКП (б) Орталық Комитеті 1930 жылы 15 қаңтарда арнайы комиссия құрды. Орталықтың үлгісімен жергілікті жерлерде дәл осындай комиссиялар және партия комитеттерінен Үштіктер құрылды.

1930 жылы 23 қаңтарда Республикалық Үштік «Кулактар шаруашылығын Қазақстанның ішінде қоныстандыру туралы» мәселені тыңдап, бірінші кезекте кулактарды жаппай ұжымдастыру аудандарынан Қазақстанның ішінде тарата қоныстандыруды қажет деп тапты. Мұндай кулактар қожалағы саны шамамен 20 мыңдай белгіленді. Кулактарды жер аударуға бағытталған алдын-ала жұмыстарын аса құпиялықпен жүргізетіндері ескертілді. Кулак

қожалықтарының тізімін 10 күн ішінде аяқтау белгіленді. Кулактардың барлық дүние мүлкі есепке алынатын болды [2]. Осы төтенше шешімді қабылдауға Республикалық Үштік төрағасы Құрамысов, мүшелері Альшанский және Асылбеков қатысқан. 1930 жылы 30 қаңтарда БК (б) ОК бюросының «Жаппай ұжымдастыру аудандарындағы кулактар қожалықтарын жоюға байланысты шаралар туралы» қаулы қабылданды. Бұл қаулыда ұжымдастыру аудандарында арендаға жалдамалы еңбекті пайдалануға тыйым салу, кулактардың мал-мүлкін тәркілеуге рұхсат беру көрсетілді. Бай кулактарды жою шараларын жүзеге асыру ОГПУ органдарына тапсырылды. Ауқатты шаруаларды анықтауға 7 күн мерзім берілді. Оларды жана жерлерге қоныстандырғанда азық-түлік қорын және кейбір қажетті өндіріс құралдарын, үй мүліктерін қалдыруға, 500 сомға дейін ақша ұстауға рұхсат берді. Сот жазалау органдары осы қаулыны ерекше белсенділікпен және шектен тыс қаталдықпен орындады. Мысалы: КСРО Юстиция халкомы Н.Янсонның өлкелік, автономиялық, облыстық халкомдарына жолдаған нұсқауларында кулактардың бірінші категориясын – «контрреволюцияшыл кулак белсенділерін концлагерьлерге қамау арқылы жедел жою» ұсынылса, ал «қастандық әрекеттерін ұйымдастырушыларға – контрреволюцияшыл бас көтерулер мен көтеріліс ұйымдарына дем берушілерге» ату жазасын қолдану ұсынылды [3]. Жазалауға ұшыраған шаруалардың ауқатты бөлігі өзінің Конституцияда белгіленген азаматтық құқықтарын пайдалану мүмкіндігінен айрылды. Кулактардың алғашқы екі категориясына көзделген шаралар ақпаннан бастап, төрт айдың ішінде жүзеге асырылуға тиіс еді. Жоғарыдан түскен бұл жасырын нұсқауда көрсетілген кулакты қалай тұтқындап, қалай жазалау керек екендігін жергілікті жерлерде толық түсіне алмады. Әсіресе, кулактардың бірінші категориясын жазалауды қалай жүргізу керек деген мәселені айқындау түсу қажет болды. КСРО Юстиция халкомы 24 ақпанда тағы бір хатын жолдады. Онда «жедел тергеуді ОГПУ жанында ұйымдастырылған үштіктер жүргізетіні, әлеуметтік қорғаудың негізгі шарасы - лагерьге қамау болып табылатыны, тек «контрреволюцияшыл ұйымдар мен топтардың қаніпезер белсенділері ғана» ату жазасына кесілетіні [4] атап көрсетілді. Концлагерьге қамалғандардың немесе ату жазасына кесілгендердің отбасылары РСФСР-дің солтүстік аудандарына жер аударылуға тиісті болды, ал дүние мүлкі тәркіленуге жатты. Тәркілеу кезінде олардың «киім-кешектері, іш киімдері, барлық азық-түлігі» тәркіленді. Ыдыс-аяқ, ұсақ-түйектің бәрі, тіпті балалардың іш-киімдері тартып алынды.

Қазақстанның өлкелік прокуратурасы 1930 жылы 25 наурызда жергілікті жерлердегі прокуратура органдарына жолдаған жабық хатында: «кулактарды тәркілеуде үкіметтің нұсқауларының көпе-көрнеу бұрмаланып жатқандығын» ескертті. Бай кулактар ғана емес, агрономдар, дәрігерлер, орманшылар, мектеп қызметкерлері де кулакқа жатқызылып, тәркілене бастады. Сонымен қатар, «ауыл шаруашылығы мамандарын «зиянды элемент» деген сылтаумен құқығынан негізсіз айыру және оларды кулакқа айналдыру таралып кетті. Мұндай бағыт түрмелер мен концлагерьлердің бай кулак ретінде айыпталғандарға лық толуына әкеп соқтырды. Қазақстанда қамалғандардың саны 22000 адамға жетті. Түрмелер мен концлагерьлердегі тұтқындардың санын азайту жұмысы 1929 жылдың қараша айынан бастап қолға алынды. 4000-нан астам адам жер аударылды. Олардың басым көпшілігі орташалар мен кедейлер. 1930 жылдың 1-шілдесіне қарай Қазақстан түрмелерінде 9910 адам қалды [5]. Бай-кулак ретінде жазалау нәтижесінде Қазақстанда қанша адамның жазықсыз жапа шеккенін асыра сілтеулерді түзетуге байланысты жұмыстардың төмендегідей нәтижесі біршама аңғартады. 1930 жылдың 1 маусымына дейін сот және прокуратура органдары мынадай шараларды жүзеге асырды. 2664 адамды соттау ісі тоқтатылды, 4073 адам айдаудан қайтарылды, 1176 адамның жазалау шаралары жеңілдетілді, 4998 адам түрмеден босатылды, 848 адамнан әкімшілік айып алынып тасталынды, 9533 қожалыққа кулак ретінде тәркіленген мүліктері қайтарылды, 1618 адамның сайлауға дауыс беру құқығы қайта қалпына келтірілді [6].

Міне, осының өзі кулак пен бай элементтері ретінде айыпталғандардың шын мәнінде орташа шаруалар болғандығын көрсетеді. Соған қарамастан, Сталиннің 1933 жылға дейін бай кулакқа деген көзқарасы ымырасыз күресу психологиясына арыла алмады: «кулактар қиратылды, бірақ олар әлі біржолата жойылып біткен жоқ, бұлар (кулактар) колхоздың өз ішінде отыр. Колхозда қоймашы, завхоз, есепші, хатшы...т.с. сондай қызметте отыр» [7]. Бұл

сөздердің астарында қандай ызғар..., әлі де болса қанша жазықсыз жандардың көз жасы, арылмаған соры жатыр...

Әдебиет

- 1 Қойкелдиев М., Омарбеков Т. Тарих тағылымы не дейді? - Алматы, 1993.
- 2 Хрестоматия по новейшей истории Казахстана. - С.245-251.
- 3 Историки спорят. - М: Политиздат, 1988. - С.271-272.
- 4 Омарбеков Т. XX ғ-дағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелері.- Алматы, 2001.
- 5 Жаппай ұжымдастыру ісі жүргізілетін аудандардағы кулактар шаруашылығын жоюдың шаралары. ВКП (б) Саяси Бюросының 1930 жылдың 30-қаңтарындағы қаулысы. Қазақстанның қазіргі заман тарихының хрестоматиясы. - Б.245-249.
- 6 Төлепбаев Б., Осипов В. Асырмай да жасырмай айтылатын шындық //Социалистік Қазақстан.- 14 қаңтар 1989ж.
- 7 Сталин И.В. Сочинение. Т.11.-1933. -С.42-45.

Резюме

В этой статье рассмотрены особенности осуществления коллективизации в Казахстане в 30-ые годы XX века. Раскрыты ошибки, которые были допущены Советской властью и глубокие последствия этих ошибок.

Summary

The collectivization in the 30 the of XX century in this article. The mistakes which were made in Soviet Union and its deep results were looked in the very article as well.

ӘОЖ.894.342.

ХІХ ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ АҚЫНДАРЫ ШЫҒАРМАЛАРЫНДАҒЫ ӨМІР ШЫНДЫҒЫНЫҢ КӨРІНІСІ

Ә.Қ.Пертаева

Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті, Тараз қ.

ХІХ ғасырдағы қазақ әдебиеті өзінің мазмұны мен идеясы жағынан ілгерілеген, әлеуметтік беті айқындала бастаған әдебиет. Бұл кез әдебиетінде заман сыры жан-жақты ашылып, дәуір көрінісі айқын бейнеленді. Сол қоғамда белең алған патша өкіметінің отарлау саясаты (жер, ел мәселесі) зар заман ақындары (Дулат, Шортанбай, Мұрат, Нарманбет, Албан Асан) шығармаларында кеңінен көрініс тапты. Сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдай туралы С. Қирабаев былай дейді: “ХVIII-XIX ғасырларда қазақ әдебиетінде ұлттық тәуелсіздік тақырыбы айрықша мағынаға ие бола дамыды. Бір жағынан, жоңғар басқыншылары, екінші жағынан орыс отаршылдары қысқан халық басындағы ауыр қайғы әдебиеттің де азаматтық биіктікке көтерілуіне тікелей жол ашты. Ел тағдыры, оның қорғаушы азаматтар тұлғасы, өзгерістердің әлеуметтік сипаты патриоттық пен опасыздық, тұрақсыздық пен тұрлаусыздық, икемделгіш мінездер – барлығы ақындар тілінде тың бейне тауып, әдебиет тақырыбының байи, кеңі түскенін танытады. Кіші жүздің Ресейге қосылуы орыс әкімшілігінің Орта жүз бен Ұлы жүзді жаулауын тездетті. Отаршылдық қилы-қилы проблемалар туғызды. Ең алдымен, отаршылдық үкімет билігі жағдайындағы адам тағдыры күн тәртібіне қойылды.

...Дәуірдің осындай ерекшеліктерін аса бір суреткерлікпен, ойлы-шешен тілмен көркем бейнелеуде Дулат, Шортанбай, Мұрат сияқты ақындардың алатын орны ерекше. Олардың поэзиясында орыстармен қарым-қатынастың ұлғаюына байланысты қазақ жеріне кірген өзгерістер, отаршылдық саясаттың қысымы, қанаудың ұлғаюы, ел әкімдерінің сатқындығы, адам психологиясындағы өзгерістер өзгеше бір айқындықпен суреттелген” [1].

“XVIII ғасырда Бұқар, XIX ғасырдың 30 жылдары Жайық жағасында Махамбет, ал 30-40 жылдары келіп, Қазақстанның екінші түкпірінен Дулаттың шығуы кездейсоқ құбылыс емес... XIX ғасырдың бірінші жартысындағы тарихи жағдай Қазақстанның қиыр бір шетінде Махамбетті берсе, екінші бір шетінде Дулатты берді” [2].

Дулат заманы – патша өкіметі отаршылдығының күшіне кіріп, қазақ өлкесін емін-еркін билей бастаған тұсы болатын. Бұл тарихи кезең жөнінде ғалым Ы. Дүйсенбаев: “Дулат жырау қазақ даласында хандық дәуір жойылып, патша өкіметінің отарлау саясаты кеңінен өріс алып, «Жаңа низам» бойынша, ел басқару тәртібі аға сұлтандардың қолына көшкен кезде жасаған ақын”, -дейді [3]. Яғни, бұл дәуірде ескі хандық салт бойынша, елді басқару ісінде үстемдік алып келген ру басылары мен билер, патша өкіметі тарапынан қойылған аға сұлтандар мен болыстық әкімдерге бағынады. Патша өкіметі қаратып алған өлкелерін мүмкіндігінше пайдаланды. Әр түрлі қорғандар салды. Осы тұста “Соғыс отаршылдығы” біртіндеп, “Жер отаршылдығына” айналды. Жерінен, суынан айырылған қазақ халқының тынысы тарылып, қысымшылыққа ұшырайды. Екіншіден, патша өкіметі тарапынан қойылған аға сұлтандар мен болыстық әкімдер отаршыл өкіметтің қолдауына сүйеніп, қазақ халқын алым-салықтан қысып-қанауды күшейте түсті. Мұндай жағдай сол кезде патша өкіметінің отарлау саясаты мен аға сұлтандар үстемдігіне қарсы бағытталған шаруалар көтерілісін туғызды. Бұл жағдай халық басындағы ауыр қасіретті көзімен көрген ақындар мен жыршыларға үстем таптың озбырлығын әшкерелеуге ой салды. Ел басына түскен осындай ауыр жағдайды ақын-жыраулар өздерінің өлең-толғауларында кеңінен көрсетуге ұмтылды. Әрине, олардың әрқайсысы өз деңгейі мен түсінігіне қарай қазақ ауылының жайын әр дәрежеде көрсетті. Дегенмен де, басым көпшілігі қалың бұқараның қамын жеп, оның мұңшысы, жыршысы бола білді. Сол заманның ірі ақыны Дулат та мұндай күрделі құбылыстан сырт қалып қоймай, өз тұрғысынан, өз пайымдауынан қарап, халқына адал қызмет етуден аянған жоқ.

Патша жерін тартып алған шаруа халықтың күйзелуі- ақынның да көз жасы. Тек көз жасы ғана емес, қайнаған қаны, ашынған жаны, ызасы, ашу-кегі. Өйткені, жер азаматтың кіндік қаны тамған ең қасиетті нәрсе. Адамзат үшін туған жерден қымбат еш нәрсе болмақ емес. Дулат ақынның шығармаларын жан-жақты қамтып, терең ғылыми талдау жасаған Қ.Өмірәлиев: “Патша өкіметіне қарау қазақ шаруаларын жерден айырды, күйзеліске түсірді, ал осы күйзеліске, жерден айыруға қарсылық-қазақтық патриархалдық ауылының қарсылығы - Дулаттың да қарсылығы болды”, -дейді [4]. Орыс шаруаларының қазақ жеріне ағылып келуі жұрттың наразылығын оятты. Бұл қарсылық отаршылдық дәуірдің құбылыстарын аяусыз сынға алған зар заман поэзиясында шынайы көрініс тапты. **Дулат:**

*Сауыр жерден айырылып,
Қазақ елі жұқарды.
Сауыр емес, тап болды,
Заманға сай адамы.
Қу заманға сұм басшы,
Сорымызға тап болды,- [2]*

дей келе ақын жердің тарылуын, мал азайып, елдің тозуын, қазақ халқының Ресей патшалығына бағынуынан және ел әкімдерінің ел бірлігін бұзған алтыбақан алауыздығынан деп біледі. Ал, **Махамбеттің:**

*Еділ мен Жайық жер еді-ау,
Мекен еткен шаруаға,
Жағасы қорған жасай еді-ау...
Бұрынғыдай қарыштап,
Қона алмадың қонысқа,
Айналайын, Ақ Жайық,
Ат салмай өтер күн қайда? [5]*

деген арманды сөздері текке айтылмаған. Хан-сұлтандардың құнарлы жерін тартып алуы, халықтың шалғынды қонысынан құмға ығысуы, елді күйзелткен ауыр жағдайдың бірі болатын. Сол заманның зар заман ақыны **Мұрат:**

*Еділді тартып алғаны,
Етекке қолды салғаны.
Жайықты тартып алғаны,*

*Жағаға қолды салғаны,
Ойылды тартып алғаны,
Ойдағысы болғаны,
Маңғыстаудық үш түбек,
Оны дағы алғаны,
Үргеніш пен Бұқарға,
Арбасын сүйреп барғаны,
Қоныстың бар ма қалғаны,- [6]*

деп анасынан тірідей айырылған баладай шыр-шыр етіп еңірейді. Қазақ халқының ішкі жағдайы өрт жылағандай өксікке толы, ыза-кегіміз, өкінішіміз орасан. Өйткені, ел-жұрттың орнына келместей, ортасы толмастай жоғалтқан қазынасы көп.

Міне, зар заман ақындарының ішінде күрескерлік рухымен ерекшеленетін Мұрат Мөңкеұлының өлеңінен қазақ жеріне бірте-бірте дендеп еніп келе жатқан қоныстанушылардың қозғалысы айқын көрінеді. “Мұрат батыс өңіріндегі келімсектер жорығын жырға қосты. Нарманбет Орманбетұлы Сарыарқаға сабылған жер иеленушілерді сынап-мінеді. Ал, Жетісуға жеткен қара шекпенділерді Албан Асан нысанаға алды” [7].

Албан Асан:

*...Қара бұлақ, сары жазық,
Текесті де, елді алды.
Ойқайың, Қарой, Дардамбы,
Үшқақпақ деген төрді алды.
Есек артқан сүмбемен,
Қоныстың шеті өрді алды.
Албан, Бұғы қонысы
Пайдаланған жерді алды... [8].*

Зар заман ақындарының шығармашылығында елдікке шақыру, ұлт болып ұйысуға үндеу идеялары қазақ жері ұғымын білдіретін “Сарыарқа” атауының төңірегінен өрбиді. Дулаттың “О,Сарыарқа, Сарыарқа”, “Атақоныс Арқадан”, Мұрат пен Нарманбеттің “Сарыарқа” атты толғаулары бар. “Атамекен”, “Отан” ұғымында қолданылатын “Арқа” атауы Шортанбай мен Әбубәкір өлеңдерінен де ұшырасады. Қалай болғанда да, қазақ поэзиясында “Сарыарқа” сөзі әлденеше ғасырдың белесінде-әуелі жалпылама “Кең дала” ұғымы түрінде, содан соң нақты жер атауы санатында қолданылып келді. Сонымен қатар “көшпелі қазақтың кір жуып, кіндік кескен төл мекені деген мән-мағынаны иемденді” [9]-деген зерттеуші А.Шәріп тұжырымына ден қойсақ, Ресей отаршылдығы тұсындағы “Сарыарқа” қайғы мен қасірет жайлаған бүкіл қазақ өлкесі болып шығады. Бұл кездегі қазақ-жерден айырылған, бодандықтың бұғауына түскен қазақ. Сондықтан да зар заман поэзиясындағы “Сарыарқа” ұғымы өкініш пен күйзеліс ұлт тағдырын ойлап, дабыл қағу ыңғайында көрініс береді. **Дулат:**

*О,Сарыарқа, Сарыарқа,
Самалың салқын жон едің [2].*

Шортанбай:

*Арқадан дәурен кеткен соң,
Қуғындап орыс жеткен соң [6].*

Мұрат:

*Біз көштік Сарыарқадан бермен асып,
Көлденең Сағыз бенен Жемді басып [6].*

Нарманбет:

*Қалмады ей, Сарыарқа, сенде қызық,
Сандал тау, сары өлкені алды мұжық [10].*

Бұдан шығатын қорытынды, ұлт басына қауіп төнгенде, ақындар “Қазақтың кең дала-сы” ұғымын танытатын “Сарыарқа” сөзін сағынышпен ойға алған, елдің салтанаты келіскен көшпелі өмірінің көріністерін осы бір қастерлі атау арқылы білдірген.

Аталған кезең әдебиетіндегі келесі бір шындық – ата-баба кәсібінен айырылып, дініміз бен дәстүріміздің бұзылуы. Зар заман ақындарының шығармалары да Абайдың кейбір толғамдарымен, әсіресе, заман ахуалы, ел адамы, ұрпақ қамы туралы көзқарастарымен орайлас келеді. Шортанбай ақын осы бір шындық хақында былай дейді:

Шортанбайдың “Зар заман” толғауында:

*Заман ақыр боларда,
Алуан-алуан жан шықты,
Қайыры жоқ бай шықты,-[6]*

десе, **Абай:**

*Еңбегі жоқ, еркесіп,
Бір шолақпен серкесіп,
Пысық деген ат шықты.
Бір сөз үшін жау болып,
Бір күн үшін дос болып,
Жүз құбылған салт шықты-[11]*

дейді. Зар заман поэзиясының сыр-сипатын жете зерттеген Б.Омарұлы: “Абай кейіптеген заман ақыр жастарының зар заман ақындары шошына қараған ұрпақтан көп айырмашылығы жоқ. Дулат, Шортанбай, Әбубәкір қазақтың ұлы мен қызының ата дәстүрден ажырап бара жатқанына ден қояды. Әке мен баланың арасындағы қарым-қатынастан ой түйеді. Абай болса өз дәуіріндегі ұрпақтың мінез-құлқын, ниет-пиғылын бейнелейді:

*Заман ақыр жастары
Қосылмас ешбір бастары.
Біріне-бірі қастыққа,
Қойнына тыққан тастары.*

“Заман ақыр” ұғымын “құрып біту”, “жойылу” мағынасы тұрғысынан түйсінсек, басы бірікпей, бір-біріне жауыққан ұрпақтың өшпенділігі немен тынарын аңғарғандай боламыз. Абайдың ұғындыруы бойынша, заман ақыр-ауызбіршілігін сақтамаған қазақ баласының өзі барып ұрынатын қасірет. Ұлттың күйреуіне әкеп соғатын кесел” [12]-деп тұжырымдайды.

Замана шындығы - XIX ғасырдағы қазақ ақындары шығармаларының басты тақырыбы. Олай болса, бұл дәуірде өмір сүрген ақындар шығармаларында өз кезінің саяси-әлеуметтік жағдайының бірталай шынайы шындықтары шертілген.

Әдебиет

- 1 Қирабаев С. Әдебиетіміздің ақтандақ беттері.-Алматы, 1995.-288б.
- 2 Бабатайұлы Д. Замана сазы: Өлеңдер мен дастандар// Құраст., баспаға әзірлеген Өмірәлиев Қ.-Алматы, 1991.-160 б.
- 3 Дүйсенбаев Ы. Ғасырлар сыры.-Алматы, 1970.-192б.
- 4 Өмірәлиев Қ. Қазақ поэзиясының жанры мен стилі.-Алматы, 1983.-240б.
- 5 Досмұхамедұлы Х. Исатай-Махамбет.-Алматы, 1991.-256б.
- 6 Зар заман: Жыр-толғаулар/ Құраст. С.Дәуітов.-Алматы, 1993.-176б.
- 7 Омарұлы Б. Жерінді алды, елді алды... / Зар заман ақындарының шығармаларында Ресей отаршылдығының бейнеленуі // Ақиқат.-1999.-№7.-71-77б.
- 8 Жансүгіров І. Ақыр заман. -Қ.,1934.-102б.
- 9 Шәріп А. Абай және ұлт // Қазақ әдебиеті.-2000, 31 наурыз.
- 10 Ысмайылов Е. Нарманбет ақын // Нарманбеттің өлеңдері.-Алматы, 1939.-76б.
- 11 Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы, 2002.-296б.
- 12 Омарұлы Б. Зар заман ақындары және Абайдың өлең-өрнегі. Қазіргі Абайтанудың өзекті мәселелері: Ұжымдық монография.-Алматы, 2002.-274б.

Резюме

Статья посвящена анализу творчества представителей скорбной поэзии, как Дулат, Шортанбай, Мурат, Абубакир, Нарманбет, Албан Асан и т.д. в исторических событиях. Реальные исторические события, скорбь и печаль нашли свое отражение в произведениях этих акынов.

Summary

This article is devoted to analyses of the creations of representative of mournful poetry of the XIX century like: Dulat, Shortanbai, Murat, Abubakir, Narmanbet, Alban Asan in the contexts of historical events. The real historic events, sorrow and sadness found their reflections in the creations of the poets.

ӘОЖ 802:82

СӨЗ ТАПТАРЫНЫҢ ГРАММАТИКАЛЫҚ ТҮЛҒАДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ

И.Х.Сазаева

Жамбыл гуманитарлық-техникалық университеті, Тараз қ.

Грамматикалық формадағы зат есімдердің уәждемелік қызметі. Үстеу сөздердің ішінде грамматикалық формадағы зат есімдердің уәждемелігі арқылы жасалған туынды үстеулер көп деуге болады.

Әсіресе септік жалғаулы үстеулер қашаннан ғылымдар назарында келе жатыр. Үстеуді зерттеген ғалымдардың бәрі септік формадағы үстеуді атап отырған. Ол түркі тілі ғалымдарына да қатысты. Бұл мәселеде қалыс қалған ғалымды көрсету, атау мүмкін емес. Бұлардың әрқайсысына жеке-жеке тоқталайық.

Туынды үстеулердің ішінде кеңістік септік формаларындағы шығу тегі жағынан зат есім сөздер бірсыпыра. Мысалы: *алға, артқа, алда, артта, текке, сыртқа, кешке, сыртта, іште, кеште, тыста, тысқа, азанда, жылда, күнде, қапыда, аста, іңірде, үстінен, астынан, аядан, сырттан, арттан, алдан, түнде, басынан, күнімен, шынымен, түсте, күзде, баста.*

Септік тұлғадағы уәждеме зат есім сөздерден үстеудің жасалуы түркі тілдеріне ортақ құбылыс.

Түркі тілдері туыстас тіл болғандықтан оларда ортақ тілдік құбылыстың болуы заңды. Ал, бұл тілдік құбылыс басқа тілдерде де бар. Мәселен, орыс тіліндегі үстеулердің септік жалғаулар арқылы қалыптасуына байланысты О.Орлованың айтуынша, көмектес септік формалы сөздердің үстеуге көшуі жалғыз орыс тіліне ғана қатысты деп қаралмауы керек, өйткені, ол жалпы славян тілдеріне қатысты ортақ заңдылық. (Формирование наречий соотносительных с творительным падежом в русском языке. Автореферат. Рязань, 1961, 21с.).

Ғалымның бұл пікірімен келісу керек, өйткені туыстас түркі тілдерінде де үстеуге уәждеме болған септік формалы зат есімдер түбірлес сөздер екені жоғарыда келтірілген түркі тілдерінің деректерінде орын алған. Демек, кеңістік септік тұлғасындағы зат есім сөздердің белгілі тобының үстеуге уәждеме болуы көп тілдерге ортақ тілдік құбылыс деп қарауға болады [1].

Осы тілдік құбылыс ғылымда әр түрлі аталып жүр, ғалымдардың бір тобы оны **лексика-семантикалық тәсіл** десе, енді бір топ ғалымдар оны **лексика-грамматикалық тәсіл** деп, ал кейде бұны **конверсия**, кейде **адвербиализация** тәсілі де атап жүр. Шындығына келгенде, олардың ішкі мазмұны бір, тек адвербиализация тәсілі үстеуге ғана қатысты, қалғандары барлық сөз таптарына қатысты екенін жоғарыда айтқанбыз. Осылардың бәріне ортақ нәрсе – мағынаның қосымшасыз жасалуы. Қосымшасыз мағына бар жердің бәрінде де нөлдік морфема (қосымша, жұрнақ) танылатынына сүйеніп, біз үстеудің бұл жасалу жолын мынадай үлгімен (модельмен) жасалу деп таныдық. Модельде **З**-зат есім, **С**-сын есім, **Ү**-үстеу, **О**-нөлдік форма, **б.с.** – барыс септік, **ж.с.** – жатыс септік, **ш.с.** – шығыс септік, **к.с.** – көмектес септік деген мағынаны білдіреді.

1. **З (б.с.) + О:** *алға, артқа, тысқа, сыртқа, ішке, текке, кешке, зорға.* Көп сөздің керегі жоқ, **текке** күрметіліп қаласың (Ш.Құмарова).

Майданда **бірге** болған хакас жігіт болатын (С.Шаймерденов).

2. **З (ж.с.) + О:** *алда, артта, тыста, сыртта, іште, күнде, түнде, азанда, жылда, қапыда, іңірде, түсте, күзде, шақта, қыста, жазда.*

Тыста оның үлкен «Зил» машинасы қарауытады («Қаз. әдеб.»).

3. **З (ш.с.) + О:** *үстінен, астынан, алдан, арттан, сырттан, тыстан, іштен, кенеттен, бастан, қайымнан, күншіліктен, етпетінен, шалқасынан.*

Кенет сүймені тасқа тимей, тесіктің өзіне тиіп, **етпетінен** құлап түсті (Ә.Кек.). Мен **сырттан** шалғанда, сендер **іштен** шалыңдар (Ақынжанов).

4. **З (к.с.) + О:** *түнімен, күнімен, жөнімен, жайымен, жөпиенділікпен, расымен, салмақпен, сақтықпен, шамамен, әуіріммен, ретімен, шынымен. Түнімен* көп жайларды ойлап, көз ілмей шықты (Ә.Нұрпейісов. «Қан мен тер»).

Септік тұлғадағы үстеуге уәждеме болған зат есім сөздердің қазіргі тілдегі септіктерге сәйкес келетін түрлері ғана мұнда талдауға алынды. Қазіргі тілге сәйкес келмейтін ғалымдар түрліше талдап жүрген **=ғары, =ару, =еру, =ру, =ын** сияқты ғалымдар әр түрлі сипаттап жүрген қосымшаларды бұл топта қарамаймыз, олар жөніндегі пікірімізді айтамыз.

1. Мысалы, *Алға кетті* дегенде *Қайда кетті?* деген сұрақ қою арқылы оның мекен мағынасы анықталады. *Тыста жүр* деген де осы сияқты қайда сұрағы оның мекендік мағынасын анықтайды. Сондай-ақ, *сыртқа шық, ішке кір, артқа қара, алға ұмтыл* сияқты қолданыстар да мекен мағынаны анық аңартып тұр.

2. Ал, *Түнімен ұйықтамады* дегенде *Қашан ұйықтамады?* деген сұрақ оның мезгіл мәнін білдіреді. *Жылда келеді* деген де осы сияқты мезгіл мәнді білдіріп қашан деген сұраққа жауап береді. *Азанда кел, қыста оқимыз, жазда кездесеміз, түнде көрістік, өскен шақта жақсарасың, күнде келеміз* сияқты қолданыстағы бұл үстеулер мезгіл мәнінде қолданылғаны бірден белгілі болып тұр.

3. Осы модельдердегі бірсыпыра үстеулер сын-бейне мәнін білдіреді. Мысалы, **кенеттен адастық, үйелменімен жиналып келді, сақтықпен сөйлейді, елесімен қайтарды, тегіншілікпен бермейді** деген сияқты қолданыстарда үстеулер қимылдың қалай жасалғанын білдіреді.

Осы үстеулердің көбінің зат есім омонимдері бар. *Бір жазда неше ай бар? Бір күнде неше сағат бар? Бір жылда неше күн бар? Кешке қаратпа, мына әшекейді күндікке тақ*, т.б. осы сияқты қолданыста *жылда, күнде, жазда, кешке, күндікке* сияқты сөздер зат есім мағынасында қолданылған. Демек, туынды үстеу сөздер мен белгілі септік формадағы зат есімдердің омонимдік қасиеті бары байқалды, оларды сұрақ қою арқылы ажырату керек. Бұл – барлық омонимдерді ажыратуда қолданылып жүрген тәсіл [2-3]. Ол күрделі үстеу жасауда да уәждемелік қызмет атқарады. Қосарлану тәсілі арқылы үстеу жасауда мына модельдерде зат есім уәждеме қызметін атқарады.

1. **З(=ба)–З**. Мысалы: *ауызба-ауыз, көзбе-көз, бетпе-бет, күнбе-күн, қолма-қол, жылма-жыл, жүзбе-жүз, сөзбе-сөз, әлме-әл, баспа-бас, шатпа-шұрт, шаппа-шұп, жалма-жан, тұспа-тұс, есікпе-есік*.

Үш-төрт адым озып кетсе, көзден ғайып болады, бір-бірінен адасып қалмау үшін ізбе-із жүріп келеді (Ж.Тәшенов).

2. **З(=дан)–З(=ған)**. Мысалы: *қолдан-қолға, тектен-текке, күннен-күнге, ауылдан-ауылға, жылдан-жылға, кісіден-кісіге, елден-елге*.

Сол ғұрыппен бұл аңыз да кісіден-кісіге, елден-елге, тілден-тілге ауысып келіпті (Ә.Кекілбаев).

3. **З–З(=ымен/-імен)**. Мысалы: *бас-басымен, жұп-жұбымен, жан-тәнімен, бет-бетімен, бесік-месігімен, рет-ретімен, кез-кезімен*.

Ол кілегейді шарасымен суша сіміріп, сарымайды жентек-жентегімен асамаса көңілі көншімейтін қомағай кісі (З.Жәкенов).

Бұл бақшада жүрген адамдар да жалғыз жүрмей, жүп-жұбымен жүргені байқалады (Ө.Тұрманжанов).

4. **З–З(=да/-де)**. Мысалы: *алас-қапаста, кей-кейде, әп-сәтте, жеме-жемде*.

Токта, далам, жалғыз ауыз сөзім бар,

Жеме-жемде жеңеді ғой сөзімді ар (М.Шаханов).

5. **З(=ған)–З**. Мысалы: *бастан-аяқ, тектен-тек, оқыстан-оқыс, жылдан-жыл, күннен-күн, айдан-ай*.

Әуелде өзі көрген бар қысаңы сөйледі, Бірін қоймай бастан-аяқ (Абай).

Егер еңбек үшін жаралған адам, мен оны тектен-тек мақтап отырғаным жоқ (Т.Қойшыманов).

6. **З–З(=ған)**. Мысалы: *жан-жақтан, ауыл-ауылдан, жер-жерден*.

Жан-жақтан жау қамалап жаны алқымға келгендей, Мамай өзінен-өзі қысылды.

(Ш.Мұртаза).

Тұс-тұстан аспанға атылған ракеталар төңіректі күндізгідей жарық етіп тұр.

7. **З(і)–З(і)**. Мысалы: *күні-түні, қысы-жазы*.

Күні-түні егіс даласында комбайндардың дырылы машиналардың дүбірі тынбады (І.Есенберлин).

Жазы-күзі мал тұяғы тимеген шүйгін екені көрініп-ақ тұр (Ғ.Мүсірепов).

Грамматикалық формалы сын есімнің уәждемелік қызмет арқылы жасалған үстеулер. Ғалымдар үстеудің сөзжасамында сын есімнің үлкен қызмет атқарғанын үнемі айтып отырады. Ол көбіне үстеудің сын есімнен жасалуы деген түрде айтылып отырады. Үстеу туралы қалам сызған ғалымдардың бәрінде ондай пікір бар деуге болады. Олардың бәрін атау мүмкін емес, дегенмен кейбірін атайық, олар: К.Мусаев (Грамматика карского языка.- М.:Наука, 1964), А.Щербак (Очерки по сравнительной морфологии тюркских языков.-Л.:Наука, 1987, 1551с.), Э.Гасайнаева (Наречие в кумыкском языке. Фил.ғыл.канд.дисс. Дағыстан, 2002), А.Н.Кононов (Грамматика современного узбекского литературного языка.-М., Л., 1960) т.б.

Қазақ тілінде де, түркі тілдерінде де әлі күнге дейін бірде сын есім, бірде үстеу деп танылып жүрген сөздер баршылық. Бұл сын есімдердің үстеу қызметінде қолдануға бейімдігімен байланысты. Тек сын есім заттың белгісін білдірсе, үстеу қимылдың белгісін білдіреді. Алайда, бұл екі сөз табы белгіні білдіруі жағынан бір-біріне жақындығы бар. Бұл мағыналық жақындық сын есімнің бірсыпыра сөздерінің үстеуге ешқандай қосымшасыз-ақ нөлдік жұрнақпен көшуіне қолайлы жағдай болған. Бірсыпыра сын есім сөздер үстеу қызметіне көшу үстінде деп саналады. Е.Саурыков сын есімдер үстеуге көшуге бейім сөздер дей отырып, түркі тілдерінде үстеуге біржола көшіп үлгермеген де сөздер бар деп, оларды контекстік үстеулер деп атауды ұсынады, ғалымның пікірін толық келтірейік: «...башқұрт тілінде кездесетін *алыс, қиын, йәтеш, яқшы* т.б. тұлғалар кейде контекске байланысты үстеу болса, кей жағдайда сын есім ретінде қолданылады. Мұндай сөздер – тек башқұрт тілі емес, барлық түркі тілдеріне тән құбылыс. Сөйлем ішіндегі ерекше қызметтеріне қарай кейде сөздерді сөз таптары арасындағы функциялық тұрғыдан аралық категориялы тұлғалар деп топтаса да болады. Бірақ тек сөйлем ішінде ғана белгілі бір сөз табына телігендіктен, біз мұндай сөздерді **контекстік үстеулер** деп атауымызға тура келді» - дейді (Адвербиалдану процесінің құрылымдық семантикалық сипаты. Фил.ғыл.канд.дисс. А., 1991, 62-б.).

Бұл пікір біраз ғалымдарға ортақ болғанымен, басқа да пікірлер бар. Мәселен, құмық тіліндегі үстеулерді зерттеген Э.З.Гасайнаева осы типтес бірсыпыра үстеулерді **омоним үстеулер** деп дәлелдеген [4].

Бұдан ғылымда мұндай талас мәселенің бары бір байқалса, екіншіден, оның шешілуі қажет екені тағы да байқалды. Өйткені олар - бірлі-жарым сөз емес, бір топ сөздер. Қазақ тіліндегі де бұл типтес сөздер бар, олар мыналар: *алыс жер – алыс кетті, артық киім-артық қиналма, ауыр жұмыс – ауыр тиді, ащы мысқыл – ащы сынау, жақсы оқушы - жақсы оқиды*, т.б.

Осы тілдік деректердегі әрі сын есім мәнінде, әрі үстеу мәніндегі сөздер генетикалық тұрғыда байланысты екені күмән туғызбайды, тілдің қазіргі даму дәрежесі, сатысы тұрғысынан осы сөздер бір-бірімен омоним дәрежесіне жеткен және екі сөз табының да сөзі ме деген мәселені шешіп айту қиын, өйткені олардың тілде синтаксистік, яғни пысықтауыш қызметінде қолданылатыны рас. Қолда бар деректерге сүйеніп, олардың қайсысы қай синтаксистік қызметте, қандай дәрежеде қолданылғанын айтуға болады. Осы ретте үш түрлі ерекшелік байқалды.

1. Әрі сын есім, әрі үстеу, яғни әрі анықтауыш, әрі пысықтауыш қызметінде еркін жиі қолданылатын сөздер: *ауыр, артық, кең, көңілсіз, ұзын, жалғыз, жақын, алыс, сирек жиі*.

2. Сын есім, яғни анықтауыш қызметінде сирек қолданылғандар: *тез, жәй, кеш, ұзақ, жаяу, тура*.

3. Пысықтауыш қызметінде сирек қолданылғандар: *ащы, терең, қиын, жөнсіз, жақсы*.

Ал, сын есім сөздердің де белгілі бір грамматикалы формаларда тұрып, үстеу жасауға уәждеме болып, нөлдік жұрнақ арқылы туынды үстеу жасауы – тілде бар құбылыс, рас ол кең тараған өнімді тәсіл деп айта алмаймыз. Олар төмендегі модельдер арқылы жасалған.

1. **С (б.с.)+ О:** *зорға, текке, босқа, бекерге*.

Бояқа ұялып, Текке именіп, Кімді керсем мен сонан (Абай).

Қаржыны босқа шашуға болмайды ғой (С.Ерубаев. «Менің құрдастарым»).

2. **С(ж.с.)+О:** *жақында, жаңада, алыста, аңдаусызда, абайсызда, байқаусызда, қатысызда; осындайда, әшейінде, таяуда, жуықта*.

Жақында Алматыға сонау Орал бойынан, Ақ Жайықтың жағынан бір қария көшіп келді (С.Мәуленов).

Абайсызда тұтылдым, Аңлаусызда ұтылдым. Бар екен жаулар жолымда (Ө.Тұрманжанов).

3. **С(т.ж.+ж.с.)+О:** *расында, анығында, алғашқысында, шынында, кемінде.*

Біздің дивизияға кешінде дұшпанның үш-төрт дивизиясы шабуыл жасайды (Б.Момышұлы).

Біздің ауылда жалғыз-ақ ақсақ бар еді. Ол жасында аттан жығылып, сынған аяғы қысқа боп біткен кісі болатын («Лениншіл жас» газ.).

4. **С(ш.с.)+О:** *жаңадан, тосыннан, шұғылдан, төтеден, оқыстан, кенеттен, баяғыдан, сонадайдан, амалсыздан, алғашқыдан, шарасыздан, анадайдан, тұтқиылдан.*

Тосыннан көрген адам Кеңесті 14-15 жастағы бала деп шамалар еді.(М.Иманжанов).

Басынан ұшып кеткен тымағын зордан қуып жетіп ұстап, артына қараған еді (Ж.Алтайбаев).

5. **С(т.ж.+ш.с.)+О:** *молынан, тігінен, келтесінен, тезінен, тегісінен, жалпағынан, кішкентайынан, гайыбынан, қарғадайынан, қаршадайынан.*

Ол өзінің осы білгендерін өлеңдерінде молынан пайдаланып, қалың оқушы жұртшылыққа таратты (С.Мәуленов).

6. **С(т.ж.+к.с.)+О:** *түгелімен, тұтасымен, үйелменімен, шынымен, зорымен, тегісімен, расымен.*

Академик Әлкей Марғұлан Қазақстан жері тегісімен «Өнер музейі деуге болады» депті (Т.Оразов).

Осы ақ саулыққа жем беріп, күтудің зорымен қыстан аман алып шықты (Б.Тұрсынбаев) [5-8].

Сын есім уәждемелік қызметімен күрделі үстеулер де жасалған. Сын есім күрделі үстеулердің екі сыңарының да бір сыңарының да, уәждемесі қызметін атқарған. Екі сыңары да сын есім уәждемеден жасалған күрделі үстеулер бірсыпыра: *сайма-сай, бостан-босқа, жайдан-жай, ұзыннан-ұзақ, тезбе-тез, ілгерілі-кейінді, үзілді-кесілді, т.б.*

Үстеу сөз табын арнайы зерттеген А.Ысқақовтың бұл туралы пікірін келтірейік. «Көсемше формадағы сөздің екі рет қайталануы, я синонимдес (мағыналас) көсемшелердің қосарлануы арқылы үстеу тудыру тәсілі – аса құнарлы жолдың бірі» деп санаған ғалым (Қазіргі қазақ тілі. Морфология. А., Қосарлану арқылы үстеу жасауға көсемшенің екі түрі ғана қатысады, олар: 1) -а, -е, -й; 2) -ып, -іп; -п.

Қос сөздің екі сыңары да көсемшенің осы екі түрінің бірінде тұрады. Бұл заңдылық қатал сақталады. Сондықтан, көсемшелі қос сөздерді екі топқа бөліп қарау орынды.

Әдебиет

- 1 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология.- Алматы: Мектеп, 1964.-407б.
- 2 Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология.- Алматы, 1967.-209б.
- 3 Ақанов К. Грамматика теориясының негіздері.- Алматы: Мектеп, 1972.-216 б.
- 4 Ыбрайым Ә.О. Үстеулердің грамматикалық ерекшеліктері: кда. - Алматы, 2001.-25б.
- 5 Қазақ грамматикасы.- Алматы: Ғылым, 2002.
- 6 Жұбанов Қ.Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер.- Алматы: Ғылым, 1999.
- 7 Байтұрсынов А. Тіл тағлымы.- Алматы: Ана тілі, 1992.-448б.
- 8 Аманжолов С. Қазақ тілінің грамматикасы. Морфология.- Алматы:Қазмембасп, 1939.-103б.

Резюме

В статье рассмотрены отношения грамматических категорий к частям речи и их морфологические формы в казахском языке.

Summary

The re-lotions of grammatical categorize to Parts of speech and its morphological forms in Kazakh language are considered in this article.

УДК 130 (4/5)

ФЕНОМЕН НОМАДИЗМА И ГЕНЕЗИС ФИЛОСОФСКОГО ЗНАНИЯ

Т.А.Сулейменов, С.Б.Елеуп
ЮКГУ им. М.Ауезова, г.Шымкент

В историческом плане феномен номадизма занимает особое место, обусловленное его вкладом в общечеловеческую культуру. На основе специфической культуры жизнеобеспечения номадов, которая складывалась на протяжении нескольких тысячелетий, сформировалось особое, неповторимое отношение к миру, особый динамический способ жизнебытия. Вот как об этом проникновенно пишет К.Ш.Нурланова: «...кочевничество не просто и не столько странственная подвижность, но **жизнебытие как целостность со всем пространством**. Это осознание духовной породненности позволяет чувствовать жизнь с такой цельностью, что ежедневная, повседневная жизнь воспринимается, переживается как наиболее естественная и полная форма явленности. Это огромная и бесценная культура, когда пределы обыденной жизни, повседневного быта внутренне связаны с беспредельностью жизни и мира...» [1, с.12].

К сожалению, такое поистине бесценное мироотношение в силу господства европоцентристских представлений долгое время вовсе не признавалось, сводилось на нет, и номады считались варварами, в отличие от оседлых цивилизованных народов. В качестве примера можно привести следующее высказывание русского ученого В.И.Масальского о казахах-номадах: «Простор степей, зависимость существования от скотоводства, требующего обширных пастбищ, и другие условия жизненного уклада кочевника сделали его с незапамятных времен врагом оседлого жителя и вселили в него страсть к разрушению всех препон, мешающих его движению. Идеал кочевника – безграничная степь, покрытая стадами тучного скота, а поэтому он при первой возможности сметает с лица земли все, что мешает ей стать пастбищем. Сады, дома, великолепные здания и произведения искусства не нужны и не понятны для кочевника, как непонятна и не нужна вся оседлая культура. Если бы кочевники могли, они весь мир обратили бы в пастбище» [2, с.35]. Примерно такого же содержания высказывания о кочевниках присутствуют и у многих других авторов, в том числе и у таких корифеев научной мысли, как Н.Данилевский, Ф.Бродель. Справедливости ради следует отметить, что в трудах Геродота, С.Гедина, С.Герберштейна, Т.Аткинсона, А.Янушкевича, А.Тойнби, Л.Гумилева и др. содержатся положительные характеристики номадов, попытки адекватного постижения их образа жизни, культуры, ценностей. Но эти устремления не делали погоды в общем потоке литературы антиномадической направленности и вплоть до конца XX века исследования феномена номадизма оставляли желать лучшего. И только в настоящее время постепенно приходит осознание того, что многовековой миграционный опыт жизнедеятельности номадов требует адекватного отражения и его ценные уроки будут востребованы человечеством на пути преодоления надвигающихся кризисов различного порядка.

Не вдаваясь в подробный анализ того, что внесла кочевая цивилизация в культуру человечества, остановимся лишь на одном важнейшем моменте, а именно – на вкладе номадов в генезис философского знания.

Как известно, выдающийся представитель немецкого экзистенциализма Карл Ясперс исторический этап развития человечества с 800 по 200 годы до н.э., когда произошел величайший духовный переворот, обозначил понятием «осевое время». По его мнению, именно в осевое время на смену мифологическому видению мира приходит философский дискурс в Древнем Китае, Древней Индии и Древней Греции. Пытаясь выявить причину данного духовного феномена, К.Ясперс считает допустимым обсуждение различных гипотез. При этом в контексте своей концепции осевого времени он обращается к гипотезе Альфреда Вебера как единственно приемлемой из всех других. В ее основе лежит признание решающей роли кочевников в пробуждении самосознания завоеванных ими народов Древнего Китая, Древней Индии и Европы путем привнесения трагического сознания в их мироощущение. Со своей стороны, К.Ясперс выдвигает два возражения против гипотезы А. Вебера. Во-первых, он ссылается на отсутствие эпических произведений и, соответственно, трагического сознания в Древнем Китае в

осевое время. Во-вторых, приводит в пример Палестину, в которую не вторгались кочевники, но, тем не менее, в осевое время там жили и проповедовали многочисленные библейские пророки.

На несостоятельность этих доводов К.Ясперса указывает известный казахстанский культуролог Мурат Ауезов в своей работе «Энкидиада: к проблеме единства миров кочевья и оседлости». Он пишет об этом так: «В рассуждениях Вебера ощутим налет романтизации мироощущения «сынов пустыни», и это в значительной мере ослабляет его позицию. И все же Ясперс не прав в самой постановке вопроса. Ведь совершенно ясно, что влияющая культура не обязательно формирует свое подобие в новой среде. Напротив, гораздо чаще, если иметь в виду эволюционный характер связей, свойственный взаимоотношениям культур, влияние приводит к возрождению, к более четкому постулированию собственных, «исконных» принципов воспринимающей культуры. Отсутствие подобия не говорит о том, что влияния не было, но свидетельствует о восхождении культуры, испытавшей влияние, на более высокий уровень самосознания. Именно эта зрелость самооценки в сочетании с экзальтированным самовыражением характерна для проповедей пророков «осевой эпохи» [3, с.56]. Опровергая, таким образом, доводы К.Ясперса, Мурат Ауезов формулирует важный вывод о том, что «основной проблемой в духовной жизни «осевой эпохи» была проблема единства и распада миров кочевья и оседлости» [3, с.61]. Раз это так, то во весь рост встает проблема взаимоотношения кочевья и оседлости.

Кочевое скотоводство как более высокая ступень животноводства завершает свое становление в начале I тысячелетия до н.э., то есть совпадает с началом осевого времени. Случайна ли данная синхрония? На наш взгляд, именно возникновение кочевого скотоводства предопределило наступление осевого времени со всеми вытекающими из него последствиями.

